# БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ:

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ОРАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУ

Астана, 2014

# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| Глоссарий | 3 |
| «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету бағдарламасы» дегеніміз не? | 6 |
| Метептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету бағдарламасына кімдер қатысады? | 7 |
| Мектептерде жағымды әлеуметтік мінез-құлықты үйрету неліктен соншалықты маңызды? | 7 |
| Бағдарламаның мақсаттары | 8 |
| Метептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету бағдарламасының негізгі құрамдас бөліктері қандай? | 9 |
| 1. Мектеп директорларының бағдарламаны ұстануының маңыздылығы | 9 |
| 2. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін мектептің қауіпсіздік тобын құру | 10 |
| 3.Бағдарламаға қолдау көрсету үшін мектеп қызметкерлерінің бағдарламаны ұстануын қамтамасыз ету | 12 |
| 4. Ата-аналарды бағдарлама жөнінде ақпараттандыру және оған тарту | 13 |
| 5. Мектептегі зорлық-зомбылық анықтамасы | 13 |
| 6. Мектепте зорлық-зомбылық жасалған кезде оқушылардың түрлі рөл атқаруын дұрыс түсіну | 15 |
| 7. Мектеп миссиясын және этика ережелерін тұжырымдау | 16 |
| 8. Алғашқы алдын алу жұмыстары жұмыстары жүйесін құру | 20 |
| 9. Проблемалы мінез-құлық және мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарлау жүйесін құру | 22 |
| 10. Проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарламаны тек-серу мен тергеу жүйесін құру | 24 |
| 11. Мектептегі проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылықты тіркеу жүйесін құру | 26 |
| 12. Екінші қайтара әсер ету жұмыстары жүйесін құру | 27 |
| 13. Үшінші қайтара әсер ету жұмыстары жүйесін құру | 32 |
| 14. Оқушыларды білім беруші секторға жатпайтын қолдау қызметіне жіберу жүйесін құру | 33 |
| 15. Әсер ету шараларына жауап қайтармайтын оқушыларға жауап қайтару жүйесін құру | 34 |
| 16. Бағдарламаны іске асыру мен оның тиімділігін бағалау үшін деректер жинау | 35 |
| Білім беру мекемелеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын бағыттау тетігі | 36 |
| Интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын анықтау және бағыттау тетіктері | 40 |
| А қосымшасы: Ата-аналарға жіберілетін хат үлгісі | 53 |
| В қосымшасы: Мінез-құлық ережелері матрицаларының нысаны | 54 |
| С қосымшасы: Алтын жұлдыз арқылы көтермелеу бағдарламасы бойынша нұсқаулық | 55 |
| D қосымшасы: Оқиғаны хабарлау және тексеру нысаны | 56 |
| Е қосымшасы: Оқиғалар туралы ай сайын берілетін қорытынды хабарламалар нысаны | 60 |
| F қосымшасы: Мінез-құлықты бағалау нысаны | 61 |
| G қосымшасы: Әсер ету және қолдау көрсету жоспарының нысаны | 67 |
| Н қосымшасы: Оқушының прогресу туралы есеп | 69 |
| I қосымшасы: Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы | 70 |
| J қосымшасы: Білім беретін секторға жатпайтын қолдау көрсету қызметіне берілетін ай сайынғы жолдамалар | 82 |
| К қосымшасы: Көмек сұрау нысаны | 83 |
| L қосымшасы: Баланың қажеттіліктерін кешенді бағалау туралы есеп | 84 |
| М қосымшасы: Балаға қолдау көрсетудің жеке жоспары | 85 |

# Глоссарий

**Екінші қайтара әсер ету шаралары –** қауіп тобындағы проблемалы мінез-құлық деңгейі төмен және мектептің этика ережелерін үнемі сақтағысы келмейтін немесе сақтауға қабілетсіз балалармен жұмыс жасауға арналған ерте әсер ету шаралары. Екінші қайтара әсер ету шаралары нұсқамаға және қауіп тобындағы балалардың проблемалы мінез-құлқы әрі қарай жалғасып, неғұрлым ауыр, қатал және үнемі қайталанып тұратын мінез-құлық түрлеріне айналмауы үшін мақсатты қолдау көрсетуге бағытталған.

**Қоқан-лоқы –** балаға қысым көрсетіп немесе оған зорлық-зомбылық не денесіне зиян келтіре отырып мәжбүрлеу арқылы ақша немесе мүлік алу және оны заңсыз талап ететін қылмыстық іс-әрекет.

**Сексуалдық сипатта сөздер айту және қыспаққа алу –** бала немесе ересек адам балаға жағымсыз сексуалдық сипатта қырындап, сексуалдық сипатта сөзбен тиісіп немесе денесіне қолын тигізіп, емексу білдіретін, сондай-ақ балаға сексуалдық тұрғыдан қоздыратындай әрекеттер жасайтын жағдайлар. Ол басқа баланың жыныстық мүшелеріне қол тигізу/ұстау, сексуалдық тұрғыда түсініктер беру, бала туралы әзіл айту, балаға сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттерге қатысуға қысым жасау немесе өтініш білдіру (нәтижесіне қарамастан), жыныс органдарын әдепсіз түрде жалаңаштау, балаға порнография көрсету және баламен іс жүзінде сексуалдық қатынасқа түсуден тұрады.

**Жоғары қауіп тобындағы балалар –** басқа балаларға қарағанда жоғары деструктивті, агрессивті және зорлықшыл мінез-құлқымен ерекшеленетін балалар және/немесе мектеп қызметкерлері, сондай-ақ мінез-құлқында үнемі болып тұратын (созылмалы) проблемалары бар және екінші қайтара әсер ету шараларына жауап қайтармайтын балалар.

**Тәуекел тобындағы балалар –** проблемалы мінез-құлқының деңгейі төмен және мектептің этика ережелерін үнемі ұстанғысы келмейтін немесе ұстануға қабілетсіз балалар.

**Зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар –** өз қатарластарының қорлығына нысана болған немесе зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар.

**Зорлық-зомбылық көрсетуді бастаушы балалар –** өз қатарластарына қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін жасайтын және оларды қорлайтын іс-әрекеттерге қатысатын балалар.

**Зорлық-зомбылықтан қорғайтын балалар –** зорлық-зомбылықтың құрбаны болған баланы жұбататын немесе баланы зорлық-зомбылық жасалып жатқан кезде одан қорғайтын балалар.

**Зорлық-зомбылық жасауға көмектесетін балалар –** зорлық-зомбылық көрсету әрекетін бастамайтын және оны бағыттамайтын, бірақ зорлық-зомбылық көрсететін балалардың «көмекшілері» ретінде қызмет ететін балалар. Мұндай балалар - зорлықшыл және қатал мінез-құлықты кейде оған өздері де қатыса отырып, колдау көрсететін балалар.

**Зорлық-зомбылыққа ықпал ететін балалар –** зорлық-зомбылық актісіне тікелей қатыспайтын, бірақ оларға «аудиторияны қамтамасыз ететін балалар.Олар көбінесе күліп немесе зорлық-зомбылық көрсетуді бастаушыларға қолдау көрсетеді, сол арқылы олардың зорлық-зомбылықты жалғастыруын құптап, көтермелейді.

**Кемсітушілік –** баланың жынысына, ұлтына, этникалық мәртебесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне немесе мүгедектігіне байланысты кемсітіп қарау не оған ерекше қарау.

**Қатарластарының қорлауы (ізіне түсуі) –** мектеп жасындағы балалардың күш-қуатының нақты немесе шамамен тең болмауынан көрінетін жағымсыз, агрессивті мінез-құлық. Мінез-құлықтың мұндай түрі қайталанып отырады немесе белгілі бір уақыт ішінде қайталану үрдісіне ие болып отырады. Қорлау, қоқан-лоқы көрсету, қауесет та-

рату, біреуге физикалық күш қолдану немесе сөзбен тиісу, біреуді қасақана топтан шығарып тастау (араласатын топтан) секілді әрекеттерден тұрады.

- **Сөзбен тиісу** – мазақтау, айдар тағу, жынысына байланысты орынсыз түсіндірмелер беру, келемеждеу, зиян келтіремін деп қорқыту.
- **Әлеуметтік тұрғыдан қудалау** – біреудің беделіне немесе қарым-қатынасына нұқсан келтіру. Әлеуметтік қудалауға біреуді әдейілеп шығарып тастау, басқа балаларға онымен дос болмау туралы нұсқау беру, қауесет тарату, біреуді адамдардың көзінше ұялту жатады.
- **Физикалық тұрғыдан қудалау** – денеге жарақат түсіру немесе мүлікті бүлдіру. Физикалық қудалауға соғу, тебу, шымшу, түкіру, аяқтан шалу, итеру, біреудің затын иемденіп алу немесе бүлдіру жатады.

**Кейс-менеджмент** – мектептің қауіпсіздік командасының қауіп және жоғары қауіп тобындағы балалардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру, олардың мінез-құлқындағы проблемаларды шешу, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін қажетті опцийлер мен қызметтерді таңдау, жоспарлау, іске асыру, үйлестіру, мониторинг жүргізу және бағалауға бағытталған әрекеттері.

**Кибербуллинг** – басқа оқушының ізіне түсу, қорқыту, ұялту немесе оны нысанаға алу үшін интернетті және басқа технологияларды пайдалану. Басқа балаға зиян келтіру немесе оны абыржыту мақсатында зорлықтың құрбаны болған баланы онлайн режимінде мазақ ету немесе оған қатысты жеке ақпаратты, фотосуреттерді немесе бейнежазбаны орналастыру, екінші баланың ізіне түсу және оны қорлау үшін жалған есепке алу жазбасын, веб-беттерді көрсетуден тұруы мүмкін.

**Мектептің қауіпсіздік тобы** – мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған орай жауап қайтаруға жауапты мектеп әкімшілігін, мамандандырылған қызметкерлер мен мұғалімдерді қамтитын мектеп қызметкерлерінің біріктірілген тобы. Мектептің қауіпсіздік тобы оқушылар арасындағы проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық актілері жағдайларының алдын алу, анықтау, тіркеу, хабарлау және тергеу үшін барлық оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты. Топ сонымен қатар тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы оқушылардың мінез-құлқының өзгеруіне, оқушылардың мінез-құлқын мектептің этика ережелеріне сәйкес келтіруге ықпал ететін екінші қайтара және үшінші қайтара әсер ету шараларын әзірлеуге де жауапты. Бұл міндеттерді іске асыру үшін Мектептің қауіпсіздік тобы кейс-менеджмент өткізіп, тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларды қайта бағыттауды жүзеге асырады. Бұл оқушылардың екінші қайтара және үшінші қайтара алдын алу шараларына қатысуын және мінез-құлықтарының өзгеруін қолдау мақсатында, сондай-ақ зорлықтың құрбандары болған балалардың басқа балалар мен мектеп қызметкерлері тарапынан тоқтаусыз жалғасып келе жатқан зорлық-зомбылықпен және қатал қарым-қатынаспен бетпе-бет келмеуін қамтамасыз ету үшін жасалады.

**Бұзушылықтар туралы белгі беретін адам** – мектептегі/мекемедегі жағымсыз мінез-құлық, болуы мүмкін жаман әрі заңсыз әрекеттер туралы хабарлайтын тұлға. Мұндай мінез-құлық заңды, ережені, қағиданы бұзу немесе қоғамдық мүдделерге тікелей қауіп төндіру болып жіктелуі мүмкін. Бұзушылықтарды әшкерелеушілер ішке де (мектептегі/мекемедегі басқа адамдарға), сондай-ақ сыртқа да (бақылаушы құқық қорғау органдарына, бұқаралық ақпарат құралдарына немесе осы мәселеге мүдделі топтарға) өздерінің өтініштерін бере алады.

**Мінез-құлықты бағалау** – проблемалы мінез-құлықтың себептерін және осы мінез-құлықты өзгертуге бағытталған лайықты іс-шараларды анықтауға арналған бірқатар әдістерден тұратын ұстаным.

**Алғашқы араласу жұмыстары** – балалардың бойында жағымды әлеуметтік және эмоционалдық оқытуды ілгері жылжыту және бекітуде, тұлғааралық қарым-қатынас

дағдыларын жақсарту, дауларды шешу, проблемалы мінез-құлық пен мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алуда және мектептерде қолайлы ахуал туғызуда мектептегі білім беруші құрал болып табылатын «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алғашқы алдын алудың оқу бағдарламасын» пайдаланудан тұрады.

**Психологиялық зорлық-зомбылық** баланы елемеуге, күшпен тартып алуға, бақылауға және/немесе оқшаулауға, оны мәжбүрлеуге және қорқытуға, сондай-ақ баланың мінез-құлқына әсер етуге, оның өзін-өзі сыйлауын, жеке басының қасиетін, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатын бұзуға бағытталған қасақана вербальды және мінез-құлықтық іс-әрекеттерден тұрады. Психологиялық тұрғыдан кемсітетін мінез-құлық мазақтау, қорлау, кемсіту, әжуалау, дөрекі сөздер айту сияқты баланың өзін керексіз, кемістігі бар, ешкім жақсы көрмейтін және ешкім қаламаған бала ретінде сезінуіне әкелетін вербалды іс-әрекеттен тұрады. Зорлық-зомбылықтың бұл түрі сонымен қатар балаға бақылау жасау мақсатында оны қорқыту және үрей туғызу үшін оған дене жарақатын салу түріндегі мінез-құлық әрекеттерінен тұрады.

**Ерте араласу –** мінез-құлықты түзету және оның мектептің этика ережелеріне сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін кейіннен агрессивті немесе қатал мінез-құлыққа баға бере отырып, сондай-ақ мақсатты түрде араласу және қолдау көрсету арқылы мектептің қауіпсіздік тобын мектептегі зорлық-зомбылық оқиғасы туралы тез арада хабардар ету.

**Хабарлама –** Осы оқиғаның құрбанына көмектесу мақсатында мектептегі зорлық-зомбылық оқиғасы немесе ұрып-соғу туралы хабарлау.

**Денеге жарақат салу –** күш қолданылатын және белгілі бір дәрежеде ауыртып немесе жеңіл түрде жайсыздық туғызатын кез келген жазалау түрін білдіреді. Ол балаларды қолмен немесе қандай да бір затпен ұрып жіберуді немесе шапалақпен тартып қалуды білдіреді. Сонымен қатар ол балаларды тебу, сілкілеу немесе итеріп жіберу, тырнау, шымшу, тістеу, шашынан тартып, жұлқылау, құлағынан тарту, балаларды қолайсыз жағдайда қалуға мәжбүрлеу әрекеттерінен тұруы мүмкін. Ол сондай-ақ күйдіру, булау немесе мәжбүрлеп жұтқызу (мысалы, баланың аузын сабынмен жуу немесе оларды ащы дәмдеуіштерді жұтуға мәжбүрлеу) секілді әрекеттерден де тұрады.

**Үшінші қайтара араласу –** басқа балаларға және мектеп қызметкерлеріне қарағанда мейлінше деструктивті, агрессивті және зорлықшыл мінез-құлқымен сипатталатын жоғары тәуекел тобындағы, сондай-ақ мінез-құлқында үнемі қайталанатын тұрақты проблемалары бар және екінші қайтара әсер ету шараларына жауап қайтармайтын балаларға қатысты неғұрлым қарқынды әрі жеке әсер ету және қолдау көрсету шаралары. Жоғары тәуекел тобындағы балалар мейлінше жеке бағалауға, жедел араласу шараларына, нұсқамаға және мінез-құлықтағы өзгерістерге жәрдемдесуге, қарым-қатынас жасауда есеп беруге, қарым-қатынасты қалпына келтіруге, ағымдағы зорлық-зомбылық жағдайларының қарқындылығы мен ауырлығын азайтуға бағыт ұстайтын қолдауға мұқтаж.

**Дене зорлық-зомбылығы –** балаға басқа баланың немесе ересек адамның тарапынан дене күшін қолдана отырып, баланың денсаулығына, оның өмірінің ұзақтығына, дамуына немесе оның жеке басының қадір-қасиетіне зиян келтіру әлеуетіне ие немесе оның денесіне жарақат салуға, зиян келтіруге әкелетін іс-әрекет. Ұру, ұрып-соғу, итеру, тебу, қылғындыру, шашынан тарту, сілкілеу, қандай да бір затпен немесе қарумен тап беру секілді физикалық зорлық-зомбылық ретінде қаралатын мінез-құлық үлгілерінің көптеген түрлері бар. Физикалық зорлық-зомбылық көбінесе зиян келтіру немесе жарақат салудың кейбір түрлеріне әкеледі, ол тіпті баланы мүгедек етуі немесе оның өліміне әкеп соқтыруы мүмкін.

**Этика ережелері –** барлық балалар мен мектеп қызметкерлеріне қолданылатын мінез-құлық кодексі. Этика ережелері балалар мен мектеп қызметкерлерінің белгілі бір әрекеттерді жасауына тыйым салуға емес, барлық балалар мен мектеп қызметкерлері үшін орынды әрі қалаулы мінез-құлықты анықтауды ілгері жылжытуға және күшейтуге назар аударады.

## «Метептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету бағдарламасы» деген не?

Мектептегі зорлық-зомбылық балалардың мектепте өздерін қауіпсіз сезінуіне қатер төндіріп, олардың оқуына теріс ықпалын тигізуі мүмкін. Мектептегі зорлық-зомбылық мәселелерін шешудің ең жақсы тәсілі зорлық-зомбылық басталмас бұрын оның алдын алу, сондай-ақ ол байқалған жағдайда тиісті әсер ету болып табылады.

Халықаралық ауқымда мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету жөніндегі озық тәжірибелер жалпы мектептік алдын алу және араласу жүйелерін әзірлеу үшін қолданылады. Олар мектептің барлық оқушылары мен қызметкерлеріне арналған сыныпта және сыныптан тыс жағдайлардағы этикалық ережелердің жиынтығын (тиісті және қалаулы мінез-құлық түрлері) белгілеу, үйрету, қолдау көрсету және күшейту стратегиясынан тұрады. Оған сонымен қатар тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға (яғни, міне-құлқы проблемалы және/немесе анық бұзақы, агессивті және елірме мінезі бар оқушылар) арналған әсер ету, нұсқау беру және қолдау көрсету жүйесі; сонымен қатар оқушыларды кемсітетін немесе оларды ұрып-соғатын мектеп қызметкерлеріне қатысты әсер ету мен араласу жүйесі де жатады. Бұдан басқа мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларын хабарлау, қарау/тергеу және тіркеу және практикалық тұрғыдан әсер ету жүйесінің болуы да түсініледі. Түптеп келгенде, барлық оқушылар үшін позитивті мектеп ортасы мен қолайлы ахуал қалыптастыратын бастапқы (жалпымектептік), екінші (атаулы) және үшінші (индивидуалды) араласу жүйелерін құруға және оларға қолдау көрсетуге басымдық беріледі.

ҮШІНШІ ҚАЙТАРА ӘСЕР ЕТУ ШАРАЛАРЫ

- Мейлінше деструктивті, агрессивті/қатал мінез-құлқымен және екінші қайтара әсер ету шараларына жауап қайтармайтын, мінез-құлқындағы тұрақты преблемаларымен ерекшеленетін жоғары тәуекел тобындағы балаларға арналған жедел жеке әсер ету шаралары. Ведомствоаралық ынтымақтастықты талап етеді.

Мақсаты: мінез-құлықты және есептілікті өзгертуге ықпал ету,зорлық-зомбылық жағдайларының үдей және ауырлай түсуін азайту.

ЕКІНШІ ҚАЙТАРА ӘСЕР ЕТУ ШАРАЛАРЫ

- Мінез-құлқы проблемалы (ауыр емес) тәуекел тобындағы балалармен жұмыс жасау үшін ерте әсер ету шаралары. Мектептер/мекемелер білім бермейтін сектордың қолдауымен екінші қайтара әсер ету бойынша іс-шаралардың бастапқы өнім берушілері болып табылады.

Мақсаты: тәуекел тобындағы балалардың проблемалық мінез-құлқын тыю және оның неғұрлым ауыр әрі зорлықшыл түрлеріне ұласып кетпеуінің алдын алу үшін мінез-құлқын өзгертуге ықпал ететін мақсатқа сай әсер ету шараларымен қамтамасыз ету.

АЛҒАШҚЫ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ

- Алғашқы алдын алу жұмыстарының оқу бағдарламасы барлық балалардың мінез-құлқындағы жағымды өзгерістерді дамыту және орнықтыру, жеке қарым-қатынас дағдыларын жақсарту, зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін дау-жанжалдарды шешу мақсатында мектептер/мекемелер үшін дайындалған білім беруші ресурс болып табылады.

Мақсаты: балалардың қатысуымен жасалатын зорлық-зомбылықтың жаңа жағдайларын жиілеуін азайту.

Төменде келтірілген диаграмма барлық оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне мектепте зорлық-зомбылықты болдырмау және оған әсер ету үшін ұсынылатын зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған араласудың үш деңгейлі жүйесін көрсетеді.

Осы бағдарлама мектепте зорлық-зомбылықты болдырмаумен, жағымды мінез-құлыққа әсер ету және қолдау көрсету шараларын әзірлеумен, сондай-ақ мектептегі зорлық-зомбылыққа әсер етумен байланысты зерттеулерге, әдебиеттерге, құжаттар мен құралдарға егжей-тегжейлі талдау жасау негізінде әзірленді. Үш деңгейлі зорлық-зомбылық алдын алу, оған орай әсер ету және қолдау көрсету жүйесі ғылыми әдебиеттерге, ал осы бағдарлама үшін әзірлегнен кейбір бағдарламалар мен құралдар (мысалы, мінез-құлықты бағалау, әсер ету және қолдау көрсету жоспарларының әзірлемесі, ынталандыру бағдарламасы, Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы) қолда бар бастамалардан алынды, көп жағдайларда жергілікті жағдайларға қарай өзгертіліп, бейімделді. Әрбір мектепте осы жобаны қосымша әзірлеп, аталған бағдарламаның түрлі компоненттерін мектептің мұқтаждықтарына және қолжетімді ресурстарына сәйкес бейімдеу қажет.

## Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әсер ету бағдарламасына кімнің қатысуы қажет?

Мектептер ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс жасайтын алуан түрлі адамдар тобынан тұрады:

- Мектеп директорлары/орынбасарлары
- Мектеп мұғалімдері
- Әлеуметтік педагогтер
- Мектептің әлеуметтік қызметкерлері
- Мектеп психологтары
- Мектептегі полиция инспекторлары
- Мектептегі медбикелер
- Қосалқы қызметкерлер (мысалы, асхана жұмысшылары, автобустардың жүргізушілері, күзетшілер)
- Оқушылар
- Ата-аналар

Метептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әсер етудің жалпымектептік жүйесі осы адамдардың әрқайсысының қатысуын талап етеді. Олардың әрқайсысының метептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әсер етуде өзінің алатын негізгі рөлі бар, ол туралы осы нұсқаулықта түсіндіріледі.

## Мектептерде жағымды әлеуметтік мінез-құлықты үйрету неліктен соншалықты маңызды?

Мектеп қызметкерлері: «Неге мен балаларды жақсы болуға тәрбиелеуім керек? Балалар не істеуі керек екенін өздері біледі. Мен неге балалардан жақсы мінез-құлық күтіп қана отырмаймын?» деген сұрақтарды жиі қояды. Алайда мектеп қызметкерлерінен: «Бұл сіздерде қалай жұмыс істейді?» деп сұрасаңыз, қызметкерлердің көпшілігі өздерінің бірталай уақытын мінез-құлқы проблемалы оқушымен сыныпта немесе сыныптан тыс жағдайда жоғалтатындықтан, онша емес деп жауап береді. Мектеп қызметкерлері тәртібі нашар, тұйық және тыңдамайтын, сондай-ақ, өте бұзақы, тіпті, басқа оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне агрессиялық мінез-құлық көрсететін кейбір оқушылардың бар екенін айтады. Мектеп қызметкерлері сондай-ақ, оқушыға мектептегі қатарластарының зорлық-зомбылық жасауы мен оның соңына түсу жағдайларына көңіл бөліп, мектепте қатарластарының қудалауы мен зорлық-зомбылық жасауының құрбаны болғандармен, куәгерлермен немесе оны жасаған адамдармен жұмыс істеп, уақыт жоғалтатынын айтады.

Мектеп қызметкерлері сондай-ақ, оларға, бұзақылық, агрессивті және елірме мінезді қосқанда, қоғамға жат және проблемалы мінез-құлыққа ықпал ететін түрлі қауіп-қатерге бой алдыратын балалар санының өсуімен де жұмыс істеуіне тура келетінін хабарлайды. Қауіп-қатердің бұл факторларына жататындар: кедейшілік, ұрып-соғу және/немесе отбасында/үйде қамқорлықтың болмауы, ішімдік ішетін, наша шегетін және/немесе қылмыскер ата-аналардың болуы, қатыгез немесе теріс тәрбие және мектепке барғанға дейін сөйлеу немесе оқу дағдысының жеткіліксіз болуы.Бұл балалар мектепке келгенде мектептегі ортаға жеткілікті дайындықсыз және өздерімен қоғамға жат мінез-қылық үлгілерін ала келеді. Халықаралық зерттеулер қоғамға жат мінез-құлыққа ерте бейімделген және агрессиясы күшті балалар өздерінің академиялық үлгірмеушілікке, балалар қылмысына және болашақта қылмыстық мінез-құлыққа ұшырау қаупі жоғары екенін көрсетті. Мектеп қызметкерлерінің барлығы дерлік осал балалармен, тәуекел немесе жоғары тәуекел тобындағы балалармен өзара іс-қимыл жасауына тура келгенімен, мектеп қызметкерлерінің көпшілігі олардың әлеуетін көтеруге немесе мұндай балалармен жұмыс жасаудың практикалық дағдысын жақсартуға бағытталған қандай да бір мамандандырылған арнайы оқулардан өтпеген.

Сондықтан бұл жобаның міндеттерінің бірі мектеп қызметкерлерін осал балаларға, тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы балалардың мектептің этика ережелерін түсінуіне және үйренуіне көмек көрсету мен барлық балалар мектепте зорлық-зомбылық көрсетпей-ақ өздігінен оқып, жақсы үлгерімге қол жеткізе алатын жағымды орта қалыптастырудағы олардың рөліне басым мән бере отырып, неғұрлым сапалы әсер ету және қолдау көрсету үшін қажетті біліммен және практикалық дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

Көптеген мектептерде лайықсыз мінез-құлыққа әсер ету стратегияларды қолдану, жазалау,ауызша ескерту, сабаққа уақытша жібермеу, мектептен шығарып жіберу және басқа мектепке ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Әдетте, тәртіптік шаралар жүйесіз қолданылады. Бірақ оқушының өзінің проблемалы мінез-құлқын өзгерту үшін ешбір әсері болмайды. Іс жүзінде, егер оқушылардың мінез-құлқын өзгертуге ықпал ететін дұрыс стратегиялар болмаған жағдайда тәртіптік шаралар жүйесіз қолданылса, олардың әсері болмайтынын халықаралық зерттеулер көрсетіп отыр.

Қазақстанда 2012 жылы мектептердегі зорлық-зомбылық бойынша жүргізілген зерттеулер оқушыларды тәртіпке шақыру және жазалау үшін мұғалімдер мен мамандандырылған қызметкерлердің 15%-ы дене жазасын (күш көрсету), ал 9 %-ы психологиялық күш көрсетуді (дөрекі сөзбен қорлау, қорқыту және қоқан-лоққы) қолданатынын көрсетті. Бұдан басқа, мұғалімдер мен мамандандырылған қызметкерлердің 4%-ы балаларды сыртқы түрі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, жынысы, ұлты, діні және/немесе мүгедектігі үшін кемсіткенін хабарлайды. Мектеп қызметкерлері тарапынан көрсетілетін мұндай іс-әрекеттер мен мінез-құлық үлгілері мектептерде жойылуға тиісті, әрі осы бағытта жұмыс жасауды талап ететін балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың нысаны болып табылады. Мұнымен қоса, мектеп қызметкері оқушылар үшін үлгі ретінде қызмет ететін және олардың өздерінен алғысы келетін этикалық ережелерді құрастырулары керек.

# Бағдарламаның мақсаттары

Бұл бағдарламаның мақсаттары:

- Мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабардарлықты арттыру.
- Мектепте зорлық-зомбылықсыз орта құруға мектеп қызметкерлерінің, оқушылар мен ата-аналардың қолдау көрсетуі мен қатысуын арттыру.
- Мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау мен хабарлауды арттыру.
- Мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларын азайтуға қызмет ететін және мектепте зорлық-зомбылықсыз қауіпсіз орта құруға әкелетін мектептегі зорлық-зомбылыққа орай әрекет ету шараларын жақсарту.

# Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған әсер ету жөніндегі бағдарламаның негізгі құрамдас бөліктері қандай?

Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әсер ету жөніндегі бағдарламаның 16 негізгі құрамдас бөліктері бар:

1. Мектеп директорлары бағдарламаға сүйенетіндіктерін көрсетулері тиіс.
2. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін Мектептің қауіпсіздік тобын құру.
3. Бағдарламаға қолдау көрсету үшін мектеп қызметкерлерінің оны ұстануын қамтамасыз ету.
4. Бағдарлама туралы ата-аналарды ақпараттандыру.
5. Мектептегі зорлық-зомбылықты анықтау.
6. Мектепте зорлық-зомбылық жасалу барысында оқушылардың түрлі рөл атқаратынын дұрыс түсіну.
7. Мектеп миссиясын және зорлық-зомбылықсыз мектепке қолдау көрсететін этика ережелерін тұжырымдау.
8. Зорлық-зомбылықсыз мектеп құруға бағытталған бастапқы алдын алу жүйесін құру.
9. Проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарлау жүйесін құру.
10. Проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарламаларды тексеру мен тергеу жүйесін құру.
11. Проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарламаларды тіркеу жүйесін құру.
12. Мінез-құлықты өзгертуге ықпал ететін екінші рет әсер ету жүйесін құру (тәуекел тобындағы мінез-құлқы проблемалы және/немесе мектептегі зорлық-зомбылыққа қатысушы оқушыларға қатысты мақсатты араласу).
13. Мінез-құлықты және есеп берушілікті өзгертуге ықпал ететін үшінші рет араласу жүйесін құру (жоғары тәуекел тобындағы бұзақылығы айқын білінетін, агрессивті және/немесе мінезі шатан оқушыларға қатысты жедел әсер ету).
14. Тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы балаларды білім бермейтін секторды қолдау қызметіне жіберу жүйесін құру.
15. Үшінші қайтара әсер ету шараларына жауап қайтармайтын оқушылардың жауап қайтару жүйесін құру.
16. Бағдарламаның нәтижелілігі мен іске асыру барысын бағалау үшін деректер жинау тәсілдерін әзірлеу.

Осы 16 негізгі құрамдас бөліктің әрқайсысы төмендегі тарауларда сипатталады және егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Практикалық құралдар мен мысалдар Қосымшаларда беріледі.

## 1. Мектеп директорларының бағдарламаны ұстануының маңыздылығы

Мектеп директорлары - мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған әсер ету бағдарламасын басқаруда және оның жетістікке жетуіне барынша ықпал ететін тұлға. Олар бағдарламаның әрбір құрамдас бөлігін іске асыру үшін ресурстарды қамтамасыз ету, жетістіктерді мойындау, жобаның басымдықтары мен артықшылықтарын көрсету арқылы барлық мектеп қызметкерлері тарапынан қолдау жүйесін құрып және оны кеңейте алады. Олар өздерінің көшбасшылық қабілеттерінің арқасында барлық мектеп қызметкерлері мен оқушыларға бағдарламаның маңызы мен мәнін жеткізе алады. Олар бағдарламаның жетістікке жететініне кепілдік бере алмаса да, бұл мәселеде көшбасшылықтың болмауы мектеп деңгейінде бағдарламаның жетістікке жетуіне күмән келтіретіні сөзсіз. Мектеп директорлары, сондай-ақ мектептің қауіпсіздік тобының негізгі мүшелері болып табылады.

Бағдарламаның нығайту үшін мектеп директорлары қолдануға тиіс практикалық қадамдар:

- Мектеп қызметкерлерімен және оқушылармен мектеп миссиясы мен мінез-құлық ережелерін күшейту, мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларын хабарлау, тіркеу, сондай-ақ тәуекел және жоғары тәуекел топтарындағы балаларды Мектептің қауіпсіздік командасына жіберу арқылы өздерінің бағдарламаны ұстанатыны және оларға қолдау көрсететіні, сондай-ақ мектепте зорлық-зомбылық қолданылмайтын ортаны ұстап тұруға күш салатыны туралы хабардар ету үшін мерзімді түрде жиналыстар өткізу.
- Ата-аналарға бағдарламаны және оның мақсаттарын түсіндіріп хат жазу (А қосымшасын қараңыз)
- Мектеп миссиясын, этикалық ережелерді, мектептегі зорлық-зомбылық оқиғаларының хабарлануы мен тіркелуін қайталап жария ету арқылы мектепте қауіпсіз орта құру ұстанымын бекіту үшін мектеп бөлмелерін оқтын-оқтын аралап тұру;
- Мектептің хабарлау жүйесін тексеру, бұған мектепте болып жатқан зорлық-зомбылық оқиғалары, сондай-ақ осы оқиғаларға қатысушылар, яғни зорлық-зомбылықтың құрбандары, куәгерлері немесе оған кінәлілер туралы барлық мектеп қызметкерлеріне қалай және қашан хабарлау қажеттілігі кіреді.
- Мектепте болып жатқан зорлық-зомбылық оқиғалары туралы ата-аналарды ақпараттандыруға арналған хабарлау жүйесін тексеру, мұнда сондай-ақ олардың балалары осындай оқиғалардың құрбаны болды ма, куәгері немесе зорлық-зомбылық жасаушы болды ма деген сияқты ақпараттың берілуін тексеру.
- Сыныпта немесе сыныптан тыс уақытта балаларға қарсы қандай да бір зорлық-зомбылық түрін (дөрекі сөзбен балағаттау, психологиялық зорлық-зомбылық көрсету, физикалық зорлық-зомбылық/күш көрсету және/немесе кемсітушілік) қолданатын мектеп қызметкерлеріне қатысты әсер ету шаралары.

## 2. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін мектептің қауіпсіздік тобын құру

**Мектептің қауіпсіздік тобы –** мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған орай жауап қайтаруға жауапты мектеп әкімшілігін, мамандандырылған қызметкерлер мен мұғалімдерді қамтитын мектеп қызметкерлерінің біріктірілген тобы. Мектептің қауіпсіздік тобы оқушылар арасындағы проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық актілері жағдайларының алдын алу, анықтау, тіркеу, хабарлау және тергеу үшін барлық оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты. Топ соны

мен қатар тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы оқушылардың мінез-құлқының өзгеруіне, оқушылардың мінез-құлқын мектептің этика ережелеріне сәйкес келтіруге ықпал ететін екінші қайтара және үшінші қайтара әсер ету шараларын әзірлеуге де жауапты. Бұл міндеттерді іске асыру үшін Мектептің қауіпсіздік тобы кейс-менеджмент өткізіп, тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға бағыт береді. Бұл оқушылардың екінші қайтара және үшінші қайтара алдын алу шараларына қатысуын және мінез-құлықтарының өзгеруін қолдау мақсатында, сондай-ақ зорлықтың құрбандары болған балалардың басқа балалар мен мектеп қызметкерлері тарапынан тоқтаусыз жалғасып келе жатқан зорлық-зомбылықпен және қатал қарым-қатынаспен бетпе-бет келмеуін қамтамасыз ету үшін жасалады.

**Мектептің қауіпсіздік тобы** әр мектепте құрылуға тиіс және әрбір мектепте мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған орай әрекет ету бағдарламасын іске асыру үшін оқудан өтуге тиіс. Топ жетістікке жетуді көздейтін бағдарламаның қорғаушысы болады! Мектептің қауіпсіздік тобы сондай-ақ, бағдарламаның тиімділігі мен оның жүзеге асу барысын құжаттауға жауап береді.

## *Мектептің қауіпсіздік тобына кімдер кіреді?*

Әр мектептегі мектептің қауіпсіздік тобы мыналарды қоса алғанда, кемінде 10 мектеп қызметкерінен тұруы керек:

- 1 мектеп директоры/ меңгеруші
- 5-6 мамандандырылған мектеп қызметкері (мектеп психологын, мектептің әлеуметтік қызметкерін, әлеуметтік педагогтарды және мектептің полиция инспекторын қосқанда)
- 3 мектеп мұғалімі

Кейбір мектептер мектептің қауіпсіздік тобының құрамына ауқымына қарай мектеп қызметкерлерін көбірек тарта алады.

## *Топ деген не?*

**Топ –** бұл бір-бірімен бір мақсатта байланысқан адамдар тобы. Көп жағдайда топ бір-бірін толықтыратын дағдылары бар және бірлескен ұжым ретінде жұмыс істей алатындай етіп ұйымдасқан тұлғалардан тұрады. Топ мүшелерінің өзара жауапкершілікпен орындайтын ортақ мақсаты, орындау міндеттері және тәсілдері болады. Топ мүшелері өздерінің құзыреттілік және дағдылары саласы негізінде таңдалады. Топ көшбасшысының тағайындалатынына және топтың әрбір мүшесінің өз міндеттері болатынына қарамастан, тақырыпқа, қойылған мақсатқа және мүшелерінің дағдыларына байланысты көшбасшылық бір мүшеден екінші мүшеге ауыса береді. Топ мүшелері бір-біріне өзара есеп беруге және бірлесіп жұмыс істеуге келісулері керек.

Топтың табысты жұмыс істеуі оның мүшелерінен қорытынды нәтижеге жету мақсатында бірлесе жұмыс істеуге бағытталған мінез-құлықты талап етеді, мұндай жағдайда мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған әсер ету жөніндегі бағдарламаның барлық құрамдас бөліктерінің табысты жүзеге асырылуына қол жеткізіледі. Өнімділігі жоғары топтар бір мақсатқа жұмылған, бір-бірімен жұмыс істеудің негізгі ережелерін орнықтыратын және топтағы өз рөлдерін түсінетін әр түрлі мүшелерден тұрады. Өнімділігі жоғары топтар жоғары сапалы ұжымдық жұмысты қамтамасыз етеді. Топтар сирек дауыс береді, дұрысы, шешім қабылдау үшін бәтуаға жету жолында жұмыс істейді.

## *Мектептің қауіпсіздік тобынан қандай әрекеттер күтіледі?*

Жалпы, мектептің қауіпсіздік тобы мектептің басқа барлық қызметкерлерінің қолдауы арқылы мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әсер ету жөніндегі бағдарламаны енгізуге жауап береді. Мектептің қауіпсіздік топтарының рөлі мен міндеттері төмендегілерді қамтиды:

- Барлық тренингтеріне қатысу;
- Бағдарламаны жүзеге асыруды үйлестіру және оны жүзеге асыру бойынша кедергілерді шешу үшін топтың апта сайынғы жиналысын өткізу;
- Мектеп миссиясы мен этика ережелері туралы мәлімдемені, мектептегі зорлық-зомбылықтың түрлері, мектептегі мұғалімдер мен қауіпсіздік топтарының мүшелеріне проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық оқиғалары туралы хабарлау жүйелерін қоса алғанда, мектептің барлық қызметкерлері мен оқушыларын бағдарлама жөнінде хабардар ету;
- Бастапқы профилактика бойынша оқу бағдарламасы аясында апталық тренингтер өткізу;
- Проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарламаларды қабылдау;
- Проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары туралы барлық хабарламаларды тексеру және тергеу;
- Тәуекел және жоғары тәуекел топтарындағы оқушылардың мектептің этика ережелеріне сәйкес мінез-құлықтарындағы өзгерістерін ынталандыратын мінез-құлықтарын және олардың екінші және/немесе үшінші рет әсер ету шараларына қатысуын бағалау;
- Мектептегі зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табылатын барлық оқушыларға олардың басқа балалар және/немесе мектеп қызметкерлері тарапынан ұзақ уақыт бойына зорлық-зомбылық немесе қудалаушылық көрмеуіне кепілдік беру үшін мониторинг жүргізу және зорлық-зомбылық орын алған нақты жағдайларды есепке алу;
- Тәуекел және жоғары тәуекел топтарындағы оқушыларды сырттай мектептен тыс қолдау көрсету қызметтеріне жіберу тетіктерін пайдалану.
- Бағдарламаны іске асыру мен оның тиімділігін құжаттау, өлшеуге болатын көрсеткіштер мен әсер ету бойынша мәліметтерді жинақтау және тіркеу;

## 3. Бағдарламаға қолдау көрсету үшін мектеп қызметкерлерінің бағдарламаны ұстануын қамтамасыз ету

Мектеп мұғалімдері мен басқа қызметкерлерді қоса алғанда, мектеп қызметкерлерінің кемінде 80%-ының мектептегі зорлық-зомбылықтың алын алу мен оған әсер ету жөніндегі бағдарламаға қатысуы және оған белсенді қолдау көрсетуін қамтамасыз ету маңызды. Мектеп қызметкерлерінің қолдауын алу және қатысуын қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін оларға бағдарламаны үйрету, сондай-ақ, күтілетін нәтижелермен қатар, оны жүзеге асыру жолындағы олардың рөлдері мен міндеттемелерін түсіндіру қажет (Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әсер ету жөніндегі бағдарламаны мектептің барлық қызметкерлеріне үйрету туралы арнайы бөлімді қараңыз). Мектептің барлық қызметкерлерінің қолдарында өздерінің рөлі мен міндеттерін түсінуі үшін осы нұсқаулықтың көшірмесі болуы тиіс.

Мектептің барлық қызметкерлері мектептегі зорлық-зомбылықты болдырмау үшін балаларды қорғау және зорлық-зомбылықсыз мектеп ортасын қамтамасыз ету үшін көп нәрсе жасай алады. Мектеп қызметкерлері:

- оқушылардың мектептің этика ережелерін орындауына қолдау көрсетуге;
- оқушылар мектептің этика ережелерін сақтаған жағдайда оларға алғыс айтуға және марапаттауға;
- проблемалы мінез-құлық және мектептегі зорлық-зомбылық оқиғалары туралы мектептің қауіпсіздік тобына хабарлауға;

- ата-аналарды хабардар етуге және оларға серіктестеріне қарағандай қарауға тиіс. Үлгілік Бағдарламаны ұстану арқылы мектеп қызметкерлері өзгерерді мектепте зорлық-зомбылық қолданылмайтын сыйластық пен ынтымақтастық ахуалын ұстап тұруға шабыттандыра алады.

Мектеп қызметкерлері сондай-ақ, бағдарламаға сәйкес, өз мінез-құлықтары мен оқушылармен қарым-қатынасын барлық мектеп қызметкерлеріне арналған мектептің этика ережелеріне сәйкес келтіруі қажет. Олар оқушыларды дөрекі сөйлеп, кемсіту, оларды қысылтатын немесе қорлайтын сөздерді қолдану, психологиялық зорлық-зомбылық, оқушыларды қорқыту немесе қоқан-лоққы жасау, сондай-ақ күш көрсету, оқушыларды жарақаттау сияқты әрекеттерге баруға болмайтындығын түсінулері керек, себебі жоғарыда санамалап көрсетілгендердің барлығы балаларға қарсы зорлық-зомбылық нысаны болып табылады. Сондай-ақ, мектеп қызметкерлері бұдан әрі балаға оның жынысына, ұлты немесе этносына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне немесе мүгедектігіне қарап, қасақана кемітетіндей немесе артық көретіндей қарым-қатынас жасауға рұқсат етілмейтінін түсінуге тиіс, өйткені осы санамалап көрсетілгеннің барлығы да балаларға қарсы зорлық-зомбылық нысаны болып табылады. (бұдан әрі «Мектептегі зорлық-зомбылық түрлері» атты кестені қараңыз).

Бағдарламаны іске асыру барысында мектеп қызметкерлеріне үлгілік бағдарламаны, оны іске асырудағы өзінің рөлі мен міндеттерін жақсы түсіну үшін, сондай-ақ оны іске асыру барысында қалай жақсы жұмыс істеу және оны жүзеге асыруда туындайтын кедергілерді жою бойынша білімдерін толықтыру үшін қосымша нұсқаулық пен үйрену қажет болуы мүмкін.

## 4. Ата-аналарды бағдарлама туралы ақпараттандыру және оған тарту

Мектеп директорларының барлық ата-аналарға Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әсер ету жөніндегі бағдарламаны түсіндіріп хат жолдауы маңызды. Бұл хаттар мектепте зорлық-зомбылық қолданылмайтын ортаны қамтамасыз ету үшін мектептің миссиясын және мектепте үйретілетін және енгізілетін этика ережелерін түсіндіруі тиіс. (А қосымшасын - «Ата-аналарға хат жазу үлгісін» қараңыз). Бұдан басқа, мектептің қауіпсіздік тобы Ата-аналар комитетінің мүшелеріне үшін бағдарламаны қысқаша таныстырылым өткізе алады.

Мектеп директорлары мен мектептің қауіпсіздік тобы ата-аналардың бағдарламаға саналы түрде қатысуы және мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған әсер етуге күш салып араласуына негіз дайындаулары керек. Ақпарат алғаннан кейін ата-аналар үйлерінде отырып-ақ мектептің этика ережелеріне және өз үйлерінде зорлық-зомбылық көрсетпеу туралы мәлімдемеге қолдау көрсете алады. Ата-аналар сондай-ақ, өз балаларының мінез-құлқын жақсы түсініп, тани алатындықтан, олардың балалары зорлық-зомбылықтың құрбанына айналғанын немесе мектепте өзі зорлық жасап жүргенін қандай да бір белгілерге қарап алдын ала анықтаулары мүмкін. Ата-аналар сондай-ақ, мектепте өз балаларының басқа балалармен туындауы мүмкін барлық проблемалар немесе мектепте не оған іргелес аумақта күш қолдану жағдайлары туралы мектептің қауіпсіздік тобын хабардар ету арқылы өз үлестерін қоса алады.

Мектеп директоры, мектептің қауіпсіздік тобы және мектеп мұғалімдері ата-аналарды хабардар етуге және олармен өздерінің серіктесі ретінде қарым-қатынас жасауға тиіс. Тәуекел және жоғары тәуекел топтарындағы оқушылардың ата-аналарын да хабардар етіп, әсер ету жоспарларына тарту, атап айтқанда, олардың балаларының проблемалы мінез-құлқына бағдарланған жоспарларға тарту қажет.

Мектептің қауіпсіздік тобы Ата-аналар комитетіне (АК) мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары мен олардың қалай реттелгенін қоса алғанда қатысқан балалардың жеке басының деректері туралы хабарламай) , мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған әсер ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы тұрақты негізде

есеп беріп отыруға тиіс. Мектептің қауіпсіздік командасының мүддесі үшін Ата-аналар комитетінің кіші комитеті құрылады, оның құрамына Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету бағдарламасы бойынша оқудан өткен және «зорлық-зомбылықсыз оқуға» басымдық беретін, мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабардарлықты арттыруға арналған жалпымектептік науқандарға тартылған мүдделі ата-аналар кіреді. Бұл ата-аналарды сонымен қатар мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу, анықтау, тіркеу және оған әсер ету үшін мектептің қауіпсіздік тобының қызметіне тартуға болады. Ата-аналар комитеті кіші комитетінің құрамындағы ата-аналар мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған әсер ету бойынша мектептің қауіпсіздік тобының күш-жігеріне қолдау көрсету үшін қолжетімді болуға тиіс, алайда бұл кіші комитет тергеу, мінез-құлықты бағалау немесе тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға арналған араласу жөніндегі іс-шаралар мен қолдау көрсету жоспарларын әзірлеу үдерісіне тартылмауға тиіс.

## 5. Мектептегі зорлық-зомбылықтың анықтамасы

Халықаралық әдебиетке сәйкес, мектептегі зорлық-зомбылық – бұл мектеп аумағында, мектепке барар немесе мектептен қайтар жолда немесе мектепте өтілетін іс-шаралар барысында орын алатын зорлық-зомбылық. Мектеп жасындағы балалар зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе оны жасаушы немесе мектепте жасалған зорлық-зомбылықтың куәгері болуы мүмкін. Оқушылар мен қызметкерлер мектепте зорлық-зомбылық жасаушы адамдар болуы мүмкін. Келесі бетте Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әсер ету жөніндегі бағдарламаның жұмысы бағытталған «Мектептердегі зорлық-зомбылық түрлері» атты кестеде мектептердегі зорлық-зомбылық түрлерін сәйкестендіру жүргізіледі. Мектептің барлық қызметкерлері мен оқушылары мектептегі әр бір зорлық-зомбылық түрін түсінуге, анықтауға үйретілуі тиіс, сондай-ақ, егер олар куә болып және/немесе зорлық-зомбылықтың осындай түрлерін өз бастарынан өткізіп жатқан жағдайда не істеуі керек және мектептегі зорлық-зомбылық оқиғалары туралы кімге хабарлауы қажет деген мәселелерді де білулері керек.

### *Мектептердегі зорлық-зомбылық түрлері*

- **Психологиялық зорлық-зомбылық** баланы елемеу, сыртқа тебу, бақылау және/немесе оқшаулау, баланы мәжбүрлеу мен қорқыту, сондай-ақ, баланың мінез-құлқына әсер ету және оның өзін-өзі сыйлау сезімін, өзінің қадір-қасиетін, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы мен игілігін жоюды көздейтін вербалды және іс-әрекеттер жүйесінен тұрады. Психологиялық тұрғыдан қорлайтын мінез-құлыққа мазақтау, қорлау, кемсіту, күлкі қылу сияқты дөрекі сөздер негізінде баланың өзін пайдасыз, кеміс, сүйкімсіз және ешкімге қажетсіз деп ойлауына әкелетін вербалды әрекеттер жатады. Оған сондай-ақ, баланы бақылауда ұстау мақсатында, оны денесіне зиян келтіретіндігін айтып қорқыту және үрей шақыру сияқты іс-әрекеттер де кіреді.
- **Дене зорлық-зомбылығы –** балаға оның денсаулығына, өмір сүруіне, дамуына зиян келтіру немесе абыройына нұқсан келтіру әлеуеті бар басқа баланың не үлкендердің дене күшін көрсетуі арқылы жасалатын әрекет. Дене зорлық-зомбылығы ретінде қарастырылатын мінез-құлық үлгілерінің кең таралған түрлері бар, оған мыналарды жатқызуға болады: соққы, ұру, итеру, тебу, қылқындыру, шашынан тарту, сілкілеу және қандай да бір затпен немесе қарумен ұру. Дене зорлық-зомбылығы көп жағдайда кейбір зиян немесе жарақат түрлеріне, тіпті баланың мүгедектігіне немесе өліміне әкеліп соғуы мүмкін.
- **Жыныстық сипаттағы сөздер және қысым көрсету** жағдайына баланың немесе үлкен адамның сексуалдық тұрғыдағы жағымсыз қырындауы және балаға қарсы басқа да ауызша немесе сексуалдық сипаттағы қысым көрсетуі немесе сексуалдық тұрғыда қозу мақсатында балаға қарсы қатыгездік әрекеттерге баруы жатады. Сондай-

ақ баланың жыныс мүшелерін сипау/ұстау немесе бала туралы сексуалдық тұрғыда түсініктемелер беріп немесе әзіл айтуы, сексуалдық сипаттағы әрекеттерді сезіну үшін балаға қысым жасау немесе жыныстық қатынасқа түсуге шақыру (нәтижесіне қарамастан), жыныс мүшелерін әдепсіз жалаңаштау, балаға порнография көрсету және баламен тікелей жыныстық қатынасқа түсу де кіреді.

- **Қорқытып тартып алу –** бұл зорлық-зомбылық көрсетіп немесе денесіне зиян тигізіп қорқыту арқылы балаға қысым көрсетіп немесе мәжбүрлеп ақшаны немесе затты заңсыз талап ету қылмысы.
- **Кибербуллинг –** Интернетті немесе өзге де технологияларды баланың ізіне түсу, қорқыту, абыржыту үшін немесе басқа баланы өзіне тәуелді ету үшін пайдалану; мәтіні жағымсыз, дөрекі, қатыгез сипаттағы хабарламалар жіберу; онлайн тәртібінде баланы мазақ ету немесе оның жеке басына қатысты ақпаратты, фотоларын, видеоларын интернетке салу арқылы баланы ыңғайсыз жағдайға түсіру немесе зиян келтіру; онлайн режимінде жалған тіркеу жазбасын, веб-бет, бейне құру арқылы баланы кемсіту, мазақ ету, ізіне түсу.
- **Қатарластарының (соңына түсуі) қорлауы –** күштің нақты немесе болжамды теңсіздігін білдіретін мектеп жасындағы балалар арасындағы ұнамсыз, агрессивті мінез-құлық. Мінез-құлықтың ондай үлгісі қайталанады немесе уақыт ағымымен қайталану әлеуеті бар. Қорлау, қорқыту, өсек тарату, біреуге физикалық немесе сөзбен тап беру, біреуді әдейілеп топтан шығарып тастау сияқты әрекеттерден тұрады.
  - **Сөзбен соңына түсу –** келемеждеу, мазақ қылу, жынысына байланысты орынсыз түсінік беру, күлкіге айналдыру, зиян келтіремін деп қорқыту;
  - **Әлеуметтік соңына түсу –** біреудің абыройына немесе қарым-қатынасына зиян келтіру. Әлеуметтік соңына түсу біреуді әдейі қоспау, басқа балаларға біреумен дос болмайсың деп нұсқау беру, біреу туралы өсек таратып, адамдар алдында ұялту.
  - **Физикалық соңына түсу –** дене жарақатын салу немесе мүлкін бүлдіру. Физикалық соңына түсуге соққы, тебу, шымшу, түкіру, аяқтан шалу, итеру және біреудің затын иемдену немесе бүлдіру жатады.
- **Кемсітушілік –** баланың жынысына, ұлты мен этносына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне немесе мүгедектігіне негізделген күнібұрын ойластырылған қасақана әрі айырықша қарым-қатынас.
- **Дене жазасы -** дене күші қолданылатын және жеңіл дәрежеде біршама ауырсыну немесе жайсыздық тудыратын кез келген жаза. Көп жағдайда соққы, шапалақпен ұру және баланы қолмен немесе қандай да бір затпен жұлқылауды білдіреді. Сондай-ақ, тебу, жұлқылау немесе балаларды итеру, тырнау, тістеу, шаштан тарту немесе құлақтан бұрау, баланы ыңғайсыз жағдайда қалдыруға мәжбүрлеу, күйдіру, жидіту немесе қинап жұтқызу (мысалы баланың аузын сабынмен жуу немесе балаларды ащы дәмдеуіштерді жұтуға мәжбүрлеу).

## 6. Мектепте зорлық-зомбылық жасалған кезде оқушылардың атқаратын рөлін дұрыс түсіну

Осы бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін мектеп қызметкерлерінің барлығының да мектепте жасалатын зорлық-зомбылық кезінде балалардың алуан түрлі рөл атқаратындарын түсінуі маңызды. Балалар мектепте жасалатын зорлық-зомбылықта тікелей рөл атқаруы мүмкін:

- **Балалар мектепте зорлық-зомбылық жасаушы тұлғалар немесе «бұзақы» болып табылады –** ондай балалар мектепте зорлық-зомбылық әрекеттерін жасайды және олар қатарластарының соңына түсіп, қудалайтын мінез-құлық әрекеттеріне қатысады.

- **Балалар мектепте зорлық-зомбылық құрбандары немесе «қудалауға ұшырағандар» болып табылады –** ондай балалар мектептегі зорлық-зомбылықтың құрбандары және қатарластары тарапынан қудалауға ұшыраған мінез-құлық үлгілерінің нысандары болып табылады.

Кейбір балалар құрбан болуымен бірге, мектепте зорлық-зомбылық жасаушы тұлғалар болып та табылады.

Бала мектептегі зорлық-зомбылыққа тікелей қатыспаса да, оған өз үлесін қоса алады. Балалар мектептегі зорлық-зомбылықтың куәгері болған жағдайда олардың жиі атқаратын жанама төрт рөлі болады:

- **Көмектесетін балалар –** мұндай балалар өздері зорлық-зомбылық көрсетуді бастап, басқармауы мүмкін, алайда олар зорлық-зомбылық жасайтын балалардың «көмекшісі» болады. Бұл балалар зорлық-зомбылық көрсетуге, баланың ізіне түсу үшін айдап салатын әрекеттерді қолпаштап, қолдайды, кейбір кездерде өздері де оған араласады.
- **Зорлық-зомбылықты өршітетін балалар –** бұл балалар зорлық-зомбылыққа өздері тікелей қатыспаса да «көрермен» болулары мүмкін. Олар көп жағдайда мектептегі зорлық-зомбылық жасаушылардың істеріне мәз болып, қолдау көрсетеді, бұл өз кезегінде зорлық жасаушыны ынталандырады, осындай іс-әрекет түрлерін жалғастыра түсуіне итермелейді.
- **Шет қалатындар –** бұл балалар зорлық-зомбылық жағдайынан шет қалып отырады; олар жағдайды бақылауы мүмкін, алайда кімнің жағын қолдайтындықтарын білдірмес үшін болып жатқан жағдайға немқұрайлы қарайды. Олар зорлық-зомбылықты да өршітпейді, сондай-ақ жәбірленген баланы да қорғамайды, бірақ көрермендердің санын көбейту арқылы зорлық-зомбылық жасаушыға әрі қарай зорлық-зомбылық әрекеттерін жалғастыруына қолдау көрсетеді.
- **Балаларды қорғайтын балалар –** мұндай балалар мектепте зорлық-зомбылықтың құрбаны болған баланы барынша жұбатады әрі зорлық-зомбылық жасалған жағдайда оны қорғауы мүмкін

Уақыт өте келе балалардың көпшілігі мектепте жасалатын зорлық-зомбылық оқиғасында бір рөлден артық рөлді атқарып шығады. Зорлық-зомбылық әрекеттері бір-біріне ұқсамайды, әр түрлі болып келеді.

Қатарластары неғұрлым көп қатысса, зорлық-зомбылық/қорлаушылық эпизоды соғұрлым ұзаққа созылады.

Қатарластары қатысқан аудитория бұзақыға/тәртіп бұзушыға күш береді.

Таңдалған стратегияға қарамастан, қатарластарының араласуы көп жағдайларда

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ 10 СЕКУНД ІШІНДЕ ТОҚТАТА АЛАДЫ.

Оқушыларды мектептегі зорлық-зомбылыққа
СЫРТТАЙ ҚАРАП ТҰРМАЙ, ҚОРҒАНУҒА ҮЙРЕТУ ҚАЖЕТ.

Оқушыларды зорлық-зомбылыққа сенімді түрде араласуға және жағдай мен жайлылық деңгейіне байланысты мына төрт стратегияның біреуін таңдауға үйрету қажет:

1. Көпшіліктің бір бөлігі болмай, жанынан өтіп кету
2. Зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаға қолдау көрсету
3. Жауапты ересек адамға қудалауға ұшырағаны туралы хабарлау
4. Өзіне-өзі сенімді болу және басқа балаға қорлық көрсетіп жатқан балаға оны тоқтат деп айту.

Оқушылардың мектепте болған зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлағанын көтермелеу үшін мектептің қауіпсіздік тобы мен мұғалімдер балаларға сөз тасу мен хабарлаудың арасындағы айырмашылықты түсінуіне көмектесуі тиіс.

**Сөз тасу** = Біреуге жамандық жасауға бағытталған әрекет

**Хабарлама** = Біреуді бәледен алып қалуға тырысу

# 7. Мектеп миссиясын және этика ережелерін тұжырымдау

Мектептер мектеп миссиясы мен этикалық ережелерді, сондай-ақ мектептің этика ережелерін бұзғаны үшін нақты белгіленген салдарларды белгілеу және олардың сақталуын қамтамасыз ету арқылы зорлық-зомбылықты болдырмауға көмектесе алады. Мектептегі проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылық жағдайларына жүйелі әрі барабар жауап қатуды қамтамасыз ету үшін мектеп ережелерінің жүйелі түрде сақталуы маңызды.

## *Мектеп миссиясын тұжырымдау дегеніміз не?*

Әрбір мектеп зорлық-зомбылық қолданылмайтын мектептің пайымдауын сипаттайтын мектеп миссиясын тұжырымдауы тиіс. Мектептің барлық оқушылары мен қызметкерлері мектеп миссиясын білуге және өздерінің осы зорлық-зомбылық қолданылмайтын мектепті қалыптастыру жөніндегі бірлескен мақсатқа жетуде мектепке қалай көмектесе алатынын білуге тиіс. Төменде мектеп миссиясының мысалы келтірілген.

*«[Мектептің атауы] зорлық-зомбылықтан, қорлаушылықтан және кемсітушіліктен азат қамқор, қайырымды және қауіпсіз орта жағдайында әрбір оқушының ойдағыдай білім алуына мүдделі. Біздің мектебіміз барлық оқушылардың зорлық-зомбылықсыз оқуына және олардың әлеуетін толық ашуға, сондай-ақ мектептегі басқа балалармен және ересектермен берік байланыс орнатуға мүмкіндік беруге және қолдау көрсетуге ұмтылады».*

## *Мектептің этика ережелері дегеніміз не?*

**Мектептің этика ережелері** – мектептің барлық оқушылары мен мұғалімдеріне қолдануға болатын және мектеп миссиясына сәйкес келетін мінез-құлық кодексі. Этика ережелері балаға нені істемеу керек дегеннің орнына сіздің олардан нені күтетініңізге (олардың не істеуі керектігін) басымдық беріп, мектептің барлық оқушылары мен қызметкерлерінің орынды әрі қалаулы мінез-құлқын белгілеуге, көтермелеуге және күшейтуге бағытталады. Мектептің этика ережелері мектеп мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір мектеп мектеп қызметкерлері де, сондай-ақ әр жастағы оқушылардың есте сақтауы үшін жеңіл және жағымды сипатта тұжырымдалған 3-5 этика ережесін тұжырымдағаны дұрыс.

## *Сіздің мектебіңіздің этика ережесін қалай анықтаған дұрыс?*

Мектептің қауіпсіздік тобының мектептің этика ережелерін белгілеу барысында өзіне қоятын бірнеше маңызды сұрақтары бар:

- Сіздің мектебіңізге лайықты кеңінен таралған 3 - 5 этика ережесі бар ма?
- Этика ережелері қысқаша мәлімдеме болып табыла ма?
- Этика ережелері оңай есте қала ма?
- Этика ережелері жағымды сипатта берілген бе?

Төменде бірнеше этика ережелері келтірілген.

| |
|---|
| **«Өзіңді, өзгені сыйлау және мүлікке жанашырлықпен қарау»** |
| **«Жауапты болу, сыпайы болу және қауіпсіз болу»** |
| **«Қауіпсіз болу, сыпайы болу және жауапты болу»** |
| **«Қауіпсіз болу, сыпайы болу, жауапты болу және үйренуге дайын болу»** |
| **«Қайырымды болу, жауапты болу, қауіпсіз болу»** |
| **«Дайындықпен келу, тыңдау және оқу, өзіңді сыйлы етіп ұстау, талмай еңбектену»** |
| **«Жауапты болу, құрметке ие болу, ұнамды әрекет ету, өзіңді қауіпсіз ұстау»** |
| **«Намыс, рух, беріліп істеу»** |

Этика ережелері белгіленіп, келісілгеннен кейін мектептің қауіпсіздік тобы сыныптағы және сыныптан тыс жағдайдағы этика ережелері қалай көрінетінін көрсететін матрица құрастырады. Бұдан әрі бір мектеп қабылдаған қауіпсіз болу, сыпайы болу, жауапты болу және мүлікке жанашырлықпен қарау секілді төрт этика ережесіне арналған матрица үлгісі келтірілген. Мұндай матрица мектебіңіз белгілеген әрбір 3-5 этика ережесі үшін әзірленеді. Матрица сіздің мектебіңізде оқушылардан күтетін мінез-құлықтың ерекше үлгілерін белгілейді. (В қосымшасы – Этика ережелері матрицасының үлгісі).

Мектептің қауіпсіздік тобы 3-5 этика ережесін әзірлеп және В қосымшасындағы Этика ережелері матрицасының үлгісін толтырған соң, олар кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында бұл жөнінде мектепті хабардар етулері керек, себебі мектеп қызметкерлерінің кемінде 80%-ы таңдалып алынған ережелермен келісіп,оны қолдаулары қажет. Сыныптар арасындағы және оқушылар арасындағы келісім бағдарламаны ойдағыдай іске асыру үшін өте маңызды болып табылады.

Мектептің қауіпсіздік тобы мектептің этика ережесін белгілеп, келіскеннен кейін, олар жақсы көрінетін жерге орналастырылуы тиіс. Мұндағы жалпы мақсат мектепке келуші мектеп ғимаратының табалдырығын аттаған соң, бірнеше минут ішінде этика ережесін оңай көретіндей етіп орналастырылуы қажет. Этика ережелерін басқаларға көрінетіндей етіп жасау туралы кейбір идеялар оларды мектептің фойесіне, дәліздерге, сыныптарға, спорт залына және асханаға орналастыруды қамтиды.

Жобаны іске асыру аяқталуға жақын қалған уақытта, бағдарламаның тиімділігін бағалайтын адам мектеп ғимаратына кірген бетте бірнеше минут ішінде мектеп миссиясы мен этика ережелерін көруі тиіс. Бұл адамның, сондай-ақ кездейсоқ он оқушыдан олардың мектептерінде қандай этика ережелері бар екенін сұрауға және олар тәжірибеде қалай көрінетінін сұрауға мүмкіндігі болуы керек, мұнда оқушылардың кемінде 80%-ы оны ажырата алуға тиіс.

Этика ережелері анықталып болған соң бүкіл оқу жылы бойында осы ережелерді үнемі ұстанып жүруі үшін мектептің барлық оқушылары мен қызметкерлерін оқыту қажет. Этикалық ережелерді оқыту рәсімі мектептегі сабақ барысындағы оқытуға өте ұқсас.

- Мектептің этика ережелерін анықтау.
- Этика ережелерінің негіздемесін қамтамасыз ету (мектептің миссиясымен байланыстыру).
- Орынды мінез-құлық таныту.
- Қолайсыз мінез-құлық көрсету.
- Орынды және қолайсыз мінез-құлықтардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін бірнеше мысалдар арқылы жаттығу.

- Барлығына қолайсыз мінез-құлық көрсетуге жаттығуға мүмкіндік беру.
- Оқушылар орынды мінез-құлық көрсеткен кезде оларды мойындап, мақтау қажет.

Этика ережелерін үйретумен қатар мектеп және этика ережелерінің сыныпта және сыныптан тыс жағдайда орындалуына үнемі бақылау жасап тұру қажет. Мектептің қауіпсіздік тобы мен мектептің барлық қызметкерлеріқолайсыз мінез-құлықтың қай түрлерін Топқа хабарлау қажет, ал қай түрлерін сыныпта қарауға болатыны туралы келісімге келулері тиіс.

Мектеп қызметкерлері ересектер тарапынан қадағалау жеткіліксіз немесе жоқ болған жағдайда, (мысалы, дәретханаларда, спорт алаңдарында немесе асханада) оқушылардың мектепте қолайсыз мінез-құлық түрлеріне қатысу және зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау қаупінің жоғары екенін түсінуге тиіс. Сөйтіп, бұл орындарды мектеп қызметкерлері оқушылардың мектеп ережелерін қаншалықты орындайтындарын көз жеткізу үшін мектептегі белгілі «қызу орындармен» қатар үнемі тексеріп тұруға тиіс.

**Этика ережелері матрицасының мысалы** (Әр мектептің В қосымшасындағы бос матрицаны пайдалана отырып, өзінің жеке этика ережелері матрицасын әзірлегені дұрыс)

| Этика ережелері | Сыныпта | Асханада | Дәліздер мен баспалдақтарда | Әжетханада | Спорт алаңында |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қауіпсіздікте болу** | Аяқ-қолын жинап отыру<br>Табанымен еденді тіреп, бетін үстелге қаратып отыру | Барлық тамақты алдына қойып отыру<br>Табанымен еденді тіреп, бетін үстелге қаратып отыру<br>Жүгірмеу, асықпай жүру | Жүгірмеу, асықпай жүру<br>Оң жақты жағалап жүру<br>Басқаларды өткізіп жіберу | Раковинадағы суды шашпау<br>Табанмен еденді тіреу<br>Қолды жуу | Спорт алаңында жүгірмеу, жүру,<br>Спорт алаңы шегінен шықпау<br>Спорт алаңындағы жабдықтарға сақтықпен қарау |
| **Әдепті болу** | Айғайламай сөйлеу<br>Жауап беру үшін қол көтеріп, кезек күту<br>Басқалармен сөйлескенде жағымды сөздерді пайдалану | Түскі ас кезіндегі кезекте өз кезегін күту<br>Айғайламай сөйлеу<br>Бірдеңені алмас бұрын сұрау | Айғайламай сөйлеу<br>Артта келе жатқан адамға есікті ашып ұстай тұру<br>Басқалардың өтіп кетуіне жол беру<br>Жүгірмеу, ақырын жүру | Кабинкаларға кірмес бұрын есікті қағу<br>Басқаларға оңаша қалуға мүмкіндік беру<br>Айғайламай сөйлеу | Спорт алаңындағы жабдықтарды кезекпен қолдану<br>Адал ойнау және ережені сақтау<br>Бәрін өзіне тарту |
| **Мүлікке жанашырлықпен қарау** | Өз партаңды таза ұстау және кетерде орындығыңды жылжытып қою<br>Қажетсіз заттарды қоқысқа тастау<br>Басқаның мүлкіне қол тигізбес бұрын рұқсат сұрау | Қалдықты қоқыс жәшігіне тастағаннан кейін подносты сөреге қою<br>Үстелге төгіліп қалғанды жинау<br>Басқа балалардың тамағы мен сусынына тимеу | Дәліздерді таза ұстау<br>Баспалдақтарды таза ұстау | Пайдаланып болған соң дәретхана суын ағызу<br>Дәретхана қағазын қоқыс жәшігіне тастау<br>Қолды екі мәрте сабындап жуу | Барлық сынған жабдықтар немесе граффитилер туралы кезекші ересек адамға хабарлау<br>Спорт алаңындағы жабдықтарды мақсаты бойынша пайдалану |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жауапты болу | Сабаққа уақытында келу<br>Өзінің мектеп оқулықтарын мен құралдарынды күтіп ұстау<br>Қарызға алған заттарды қайтару | Барлық тамақтарды, сусындарды және жабдықтарды кезекпен жинап алу<br>Өзіңнен кейін жинап жүру | Дәлізді таза ұстау<br>Жүгірмеу, ақырын жүру<br>Тура өз сыныбына/өз орнына бару | Пайдаланып болған соң дәретхана суын ағызу<br>Бірден сыныпқа оралу<br>Қиындықтар туралы ересектерге хабарлау | Спорт алаңын таза ұстау |

### *Мектеп ережелерінің сақталмауының салдарларын қалай анықтауға болады?*

Барлық оқушылар мектеп ережелерінің сақталмау салдарлары туралы білуге тиіс; оларды мектеп фойесіне және сыныптарға көрнекі жерге іліп қою қажет. Ережелерді орындамау салдарларын мектеп мұғалімдері мен Мектептің қауіпсіздік тобы мектеп ережелерін сақтамайтын барлық оқушыларға жүйелі түрде қолдануға тиіс. Салдарлар бағдарламада және мектеп ережелерінде келтірілген араласу жүйесіне сәйкес келуге тиіс.

Төменде мектеп ережелерін орындамаудар туындайтын салдарлардың иерархиялық тәртібі келтірілген.

**Мектеп ережелерін орындамаудан туындаған салдарлар:**

**1. Ескерту – Өз бетінше мониторинг жүргізу**

**2. «Оқушы/мұғалім» жиналысы**

**3. Мектептің қауіпсіздік тобына хабарлау**

**4. Мектептің қауіпсіздік тобының тергеу жүргізуі**

**5. Ата-аналар мен Мектептің қауіпсіздік тобының жиналысы**

**6. Баланың екінші қайтара немесе үшінші қайтара әсер ету шараларынан өтуі**

**7. Мектеп директорының әсер ету шаралары**

Нақты тұжырымдалған мектеп миссиясы мен этика ережелерінің жағымды ықпалы, сондай-ақ мектеп ережелері мен мектептің этика ережелерін сақтамаудың салдарларын қолдану мыналардан тұруы мүмкін:

- Оқушылардың қауіпсіздікті сезінулері мен мектепке бой ұсынушылықтың өсуі;
- Мектеппен байланыстың күшеюі;
- Мектеп қызметкерлері мен оқушылар арасында неғұрлым тығыз қарым-қатынастың орнауы;
- Оқушылардың проблемалы мінез-құлқының жиі көрінісінің және мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларының азаюы;
- Тәрбие және қолдау көрсетуші (жазалаушы емес) әсер ету құралдарын қолдана отырыпәсер ету;
- Мектепте қалған оқушылар санының және академиялық үлгерімнің артуы.

## 8. Алғашқы алдын алу жұмыстары жүйесін құру

Алғашқы алдын алу жұмыстарының жалпымектептік жүйесі барлық оқушылар мен мектеп қызметкерлерін қамтиды, ол мектеп миссиясы мен этика ережелерін анықтау, оқыту және орындауды қамтамасыз ету арқылы өзгерістердің жалпымектептік жүйесін құруға жұмылдырылған. Алғашқы алдын алу жұмыстарының мақсаттары мыналар:

1. Этика ережелерін анықтау, үйрету және бекіту;
2. Жағымды мінез бен жағымды жеке мінез-құлықты алға шығару;
3. Оқушылар арасындағы жеке қарым-қатынас дағдыларын жақсарту;
4. Өзін-өзі сыйлауына және юасқаларды сыйлауына жәрдем көрсету;
5. Оқушылардың мәселелерді және жанжалдарды шешу дағдыларын дамыту;
6. Проблемалы мінез-құлық пен мектепте жасалатын зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу.

Алғашқы алдын алу жұмыстарының жалпымектептік жүйесі зорлық-зомбылық көрсетілмейтін мектепті құруға көмектеседі.

## *Мектептегі зорлық-зомбылықтың бастапқы профилактикасының оқу бағдарламасы дегеніміз не?*

Мектептерге алғашқы алдын алу жұмыстарын бастауға көмектесу үшін мектептің қауіпсіздік тобы Бағдарламаны жүзеге асыру барысында барлық оқушыларға қатысты қолдануға тиіс Алғашқы алдын алу жұмыстарының оқу бағдарламасы әзірленді («Мектептегі бастапқы профилактика бойынша оқу бағдарламасын» қараңыз). Бұл оқу бағдарламасы жеті негізгі компоненттен тұрады, олардың ішінде мыналар бар:

- Мектептің этика ережелерін үйрету;
- Мектепте қолданылатын зорлық-зомбылықты тани білуге үйрету;
- Жағымды мінез-құлықты дамыту;
- Ойды, эмоцияларды және қылықтарды түсіну;
- Өзін-өзі және өзгелерді сыйлай білу;
- Қорлау және оның салдарлары;
- Таңдау жасау және проблемаларды шешу.

Алғашқы алдын алу жұмыстары оқу бағдарламасының жеті компонентінің әрқайсысы мектептің этика ережелерін бекіту мақсатында аптасына кемінде бір рет өткізілетін бір сыныптың оқушыларына арналған қысқа 20 минуттық оқу модульдері сериясынан тұрады. Аталған оқыту модульдері үйретуге арналған рөлдік ойындар мен күтілетін мінез-құлық ережелері қалай көрініп, естіліп және сезілетінін практикалық тұрғыда қолданудан тұратын интерактивті әдістерді пайдалана отырып, балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға негізделген (жеке Бастапқы алдын алу жұмыстары бойынша оқу бағдарламасын қараңыз). Мектептің қауіпсіздік топтары мектепте және мектептен тыс алғашқы алдын алу шаралары бойынша оқу бағдарламасын оқытуды қалай және қашан өткізетінін анықтауы тиіс.

Алғашқы алдын алу жұмыстары бойынша оқу бағдарламасы мектептің барлық қызметкерлері, соның ішінде ұстаздар мен көмекші қызметкерлерге бекітілуі тиіс. Егер мектеп қызметкерлері оқушының жаман қылығына куә болған, ол орынсыз мінез-құлық көрсеткен немесе этика ережелерін елемеген жағдайда, оқушыларға не істеуге болмайтыны туралы айтудың орнына, өзіңіздің оқушыдан күтетін жағымды және қалаулы мінез-құлықты анықтау, көтермелеу және бекітуге басым мән беру керек. Мектеп қызметкерлері, егер оқушы күтілетін мінез-құлықты бекіту бойынша мектеп қызметкерлерінің күш салуына қарамастан үнемі орынсыз мінез-құлық көрсететін болса (3-4 рет), онда ол оқушы екінші профилактика үшін мектептің қауіпсіздік тобына жіберілуі қажет екенін түсінулері тиіс.

## *Алғашқы алдын алу жұмыстары бойынша оқу бағдарламасын жалпымектептік науқандар арқылы қалай күшейтуге болады?*

Алғашқы алдын алу шаралары бойынша оқу бағдарламасына сонымен бірге жалпымектептік науқандар (мысалы, бірінен-бірін ажыратуға болатын мектептің этика ережелері жазылған стендтер мен постерлер, «Мектептегі зорлық-зомбылықты

тоқтатыңыз» немесе «Зорлық-зомбылықсыз оқыңыз» науқандар) арқылы қолдау көрсеткен дұрыс. Мектеп қызметкерлері сонымен қатар, оқушылардың мектептегі зорлық-зомбылықты дұрыс түсінуіне және олардың мұндай зорлық-зомбылықтың алдын алуға және оны тоқтатуға қатысуын қамтамасыз етуге көмектесу үшін оқушыларға арналған сабақтар және сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында бірлесіп жұмыс жасай алады. Іс-шаралар мыналардан:

- интернеттегі/кітапханадағы ресурстарды пайдалана отырып, зерттеулер жүргізу және мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және тоқтату бойынша таныстырылымдар көрсетуден;
- мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарламалар бойынша пікірталастардан;
- мектептегі зорлық-зомбылыққа қарсы күреске арналған жобаларды дайындауға, қысқа әңгімелер мен өлеңдерге креативті көзқарастан;
- мектептегі мінез-құлық ережелерін бекітетін би және театрлық қойылымдар, даудамайларды шешу және мектепте зорлық-зомбылық көрсетудің алдын алу мен тоқтатудың күш қолданылмайтын тәсілдерінен;
- қатарластар арасындағы қарым-қатынастарды талқылауға арналған сынып сағаттарынан тұруы мүмкін.

Халықаралық зерттеулер бойынша, алғашқы алдын алу жұмыстары әдетте мектептегі оқушылардың кемінде 80 %-ына тиімді болатынын көрсетеді. Жеткен жетістіктің пайызы жоғары болу үшін бастапқы алдын алу жұмыстарының бағдарламасы жас ерекшелігіне байланысты топтар мен сыныптарға бөлу негізінде саралауды талап етуі мүмкін (мысалы, бастауыш сыныптар, орта және жоғары сыныптар).

## *Оқушыларды үлгілі тәртібі үшін қалай мадақтау және марапаттау керек?*

Оқушының үлгілі, дұрыс мінез-құлқын бекіту және оның қайталануын арттыру мақсатында оларды үлгілі әрі қалаулы мінез-құлық көрсеткені және мектептің этика ережелерін сақтағаны үшін мадақтап, марапаттау әрекеті алғашқы алдын алу жұмыстарының маңызды бөлігі болып табылады. Мектептерде қызметкерлер үшін (мектеп директорлары, ұстаздар және қызметкерлер) үлгілі және жағымды мінез-құлық көрсеткен оқушыларды атап өту үшін оларды анықтауға мүмкіндік беретін ресми жүйе орнатылуға тиіс.

Оқушыларды марапаттау стратегиясының бір үлгісі «Алтын жұлдыз» көтермелеу бағдарламасы болып табылады (С қосымшасын қараңыз - «Алтын жұлдыз» арқылы көтермелеу бағдарламасы бойыншаі нұсқаулық). Мектеп қызметкерлерінің кез келген мүшесі сыныпта, сыныптан тыс жерлерде (мысалы, асханада, дәлізде, баспалдақ торларында, спорт залдарында, спорт алаңдарында және дәретханаларда) жағымды және жақсы мінез-құлық көрсететін (мысалы, мінез-құлық модельдері мектептің этика ережесінің матрицасында келтірілген) және мектептің этика ережелерін сақтайтын жекелеген оқушыларға «Алтын жұлдыз» марапатының купондарын табыстауы мүмкін. «Алтын жұлдыз» бағдарламасында марапаттаудың түрлі тәсілдері қарастырылған, олар балаларды мектепте үлгілі тәртіп ұстап, «Алтын жұлдыз» марапат купондарын алуға ынталандырады. Бұл бағдарлама оқушыларды марапаттаудың табысты стратегияларының бір үлгісі болып табылады және ол мектептің қажеттіліктері мен қорларына сәйкес келу үшін өзгертілуі және бейімделуі мүмкін.

Этика ережелерін жүйелі түрде үйрету және оқушыларды оны орындағандары үшін марапаттау лайықсыз мінез-құлықты күткеннен гөрі нәтижелі әсерін тигізетін едәуір оң тәсіл болып саналады. Сонымен бірге бұл мектептегі дұрыс мінез-құлық қалыпты жағдай және мектептің этика ережелерін сақтау қажет болып табылатындай ахуалды тудырады.

### *Алғашқы алдын алу жұмыстары мектепте жағымсыз мінез-құлық көрсету мен зорлық-зомбылық жасау туралы хабарламаудан тұра ма?*

Алғашқы алдын алу жұмыстарының құрамдас бөлігі ретінде барлық оқушылар басқа оқушылармен қарым-қатынас кезінде туындайтын барлық мәселелері туралы, сондай-ақ мектепте және одан тыс өздері куә болған және құрбандары болған барлық зорлық-зомбылық жағдайлары туралы мұғалімдерге және/немесе мектептің қауіпсіздік тобына хабарлау арқылы мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және тоқтату жөніндегі әрекеттерге белсенді қатысқаны үшін ынталандырылуға тиіс. Оқушылар өз кезегінде мұғалімдер мен мектептің қауіпсіздік тобының барлық хабарламаларды тексеру, тергеу, әсер ету шараларын әзірлеу және қолайсыз әрі проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларының деңгейін төмендетуге басым мән бере отырып, тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға қолдау көрсетуді қоса алғанда, олардың хабарламаларына тиісті жауап қайтаратынын көруі тиіс.

Алғашқы алдын алу шаралары оқушыларды мектептегі әрбір адамның зорлық-зомбылық көрсетілмейтін мектеп құруда белгілі бір рөл атқаратынын үйретуге тиіс. Оқушылар мектептің этика ережелерін ілгері жылжыту және зорлық-зомбылықтың болдырмау бойынша мектепте және өз қатарларының арасында көшбасшы болуы мүмкін екенін түсінуі тиіс.

## 9. Проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарлау жүйесін құру

Мектептер проблемалы мінез-құлықтар мен зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлауға арналған нақты рәсімдерге мұқтаж. Есеп беру жүйесін жасаудың кілті – жеңілдету, бұл оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің, рәсімдер оңай болған жағдайда, зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлау ықтималдығын арттырады. Оқушылар сондай-ақ мектептегі мұғалімдер мен қызметкерлер тарапынан тіл тигізу, психологиялық күш қолдану, дене жарақатын салу/физикалық күш қолдану немесе кемсітуді қоса алғанда, барлық проблемалар туралы хабарлай алатынын түсінулері тиіс.

Оқушылар осындай мәселелер туралы тікелей мектептің қауіпсіздік тобына және/немесе мектеп мұғаліміне хабарлай алатындарын түсінуге тиіс, бұл орайда хабар алған мұғалім кейіннен оқушының атынан мектептің қауіпсіздік тобына хабарлауға

### *Модель сообщения о проблемном поведении или насилии в школе*



міндетті. Мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері мектептің қауіпсіздік тобына өздері куә болған немесе естіген проблемалы мінез-құлық және мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлауға міндетті. Сондай-ақ ата- аналарды да өз баласының басқа оқушылармен және/немесе мектеп мұғалімдерімен (қызметкерлерімен) туындауы мүмкін барлық мәселелер туралы мектептің қауіпсіздік тобына хабарлауға ынталандыру қажет. Мектептің қауіпсіздік тобы құпия пошта жәшіктеріне сүйенбеуі керек (себебі олар мақсаты бойынша сирек пайдаланылады және біраз мектептерде хабарлаудың тиімсіз құралы ретінде танылды).

Мектептің қауіпсіздік тобы бастапқы профилактика бағдарламасының аясында барлық мектеп қызметкерлерін және оқушыларды хабарлау процесін түсінуге және проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлағаны үшін көтермелеуге үйретуі тиіс. Сондай-ақ олар хабарлағаны үшін кек алады деген қорқынышты болдырмау мақсатында барлық хабарлау құпия және жабық болып қалатынын түсінуі керек. Сол уақытта мектептің қауіпсіздік тобы аталған бағдарламаның ұстанымдарына сәйкес хабарланған проблемалы мінез-құлық және мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларына шұғыл түрде ықпал етуге тиіс.

## *Хабарламалар қалай тіркелуі тиіс?*

Мектептің қауіпсіздік тобы D қосымшасын - Оқиғаларды хабарлау және тексеру нысанын пайдалана отырып, барлық хабарламаларды жазып алулары тиіс. Оқиғаны хабарлау және тексеру үлгісі мектептің қауіпсіздік тобына тексеру және тергеу процесін бастауға қажетті ақпаратты жинау және тіркеу бойынша көмек көрсетуге бағытталған. Бұл ақпарат мектеп ережелерін бұзуға және мектептегі зорлық-зомбылыққа тиімді әсер етуді қамтамасыз етуге көмектесуі мүмкін.

- Мінез-құлқы проблемалы оқушылар анықталып, олар мінез-құлқындағы мәселелерді, сондай-ақ мектептен тыс болып жатқан басқа да қиындықтарды жою үшін қажет болатын әсер ету әрекеттеріне ұшырауы мүмкін;
- Мектептегі зорлық-зомбылықтың құрбандары анықталып, оларға қажетті қорғау және қолдау көрсетілуі мүмкін;
- Мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары анықталып, мектептің қауіпсіздік командасы мен әкімшілік қолдануға болатын әсер ету шараларын қолдануы мүмкін;
- Оқушыларға зорлық-зомбылық немесе кемсітушілік көрсететін мектеп қызметкерлері анықталып, мінез-құлықтарын өзгерту үшін әсер ету шараларына тартылуы мүмкін;
- Мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары тоқтатылуы мүмкін;
- Мектептегі зорлық-зомбылық үрдістері уақыт ағымымен бақыланып, тіркелуі мүмкін.

Мектептің қауіпсіздік тобы ай сайын Оқиғалар туралы ай сайын берілетін қорытынды хабарламалар үлгісін толтырады (Е қосымшасын қараңыз). Бұл нысан Оқиғаларды хабарлау және тексеру нысанынан алынған деректерден тұрады және тіркелген жағдайлар мен оларға қатыстырылған балалар (мысалы, үнемі бұзақылық жасайтындар мен зорлық-зомбылықтың құрбандары) туралы базалық ақпаратпен қамтамасыз етумен қатар ай сайын мектептегі зорлық-зомбылық пен проблемалы мінез-құлық туралы хабарланған оқиғалар санын бақылап отыру үшін пайдаланылады. Мұндай мәліметтер проблемалы мінез-құлық және мектептегі зорлық-зомбылық үрдістерін бақылауға мүмкіндік береді.

## 10. Проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарламаларды тексеру және тергеу жүйесін құру

Мектептің қауіпсізідік тобының мүшелері хабарланған барлық мінез-құлық проблемалары мен мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларын тексеруге және тергеу жұмыстарын жүргізуге жауапты болады. Мектептің қауіпсіздік тобының проблемалы мінез-құлық және мектептегі зорлық-зомбылық туралы барлық хабарламаларды тексеруді және тергеуді дереу орындайтынын көрсетуі аса маңызды.

Егер хабарланған оқиғада бір немесе одан көп оқушыға немесе мектеп қызметкерлерінің дене мүшелеріне зақым келтіру қаупі болса немесе нақты дене мүшесіне зақым келтірілген болса, тексеру және тергеу процесі дереу басталуы тиіс (хабарланған күні); мұндай оқиғалар өзекті болып табылады және процеске қатысқан мектеп оқушыларының және басқа да адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектептің қауіпсізідік тобының дереу тексеруін және тергеуін талап етеді. Егер проблемалы мінез-құлық немесе мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары бір немесе одан да көп оқушының немесе мектеп қызметкерлерінің денесіне зақым келтіру қаупін туғызбаса немесе денесіне нақты зақым келтірмесе, онда тексеру және тергеу жұмыстары хабарлама алған сәттен бастап 1-2 күн ішінде басталуға тиіс.

Мектептің қауіпсіздік тобы проблемалы мінез-құлық немесе мектептегі зорлық-зомбылық туралы хабарланғаннан кейін ол хабарламамен танысу үшін бірлесіп, хабарламаны кімнің баяндағанын, оқиға орнына кімнің қатысқанын (зорлық-зомбылық жасаған деп ұйғарылған адамның кім екенін, кімнің құрбан екенін), сондай-ақ кімнің куә болғанын талқылайды. Осы сәттен бастап мектептің қауіпсіздік тобы тергеу процесін бастауға тиіс, соның ішінде:

- оқиға туралы хабарлаған адаммен әңгімелесу;
- оқиғаға тартылған барлық оқушылармен әңгімелесу (зорлық-зомбылық жасады деп ұйғарылған адамдармен және құрбандарымен);
- барлық куәгерлермен әңгімелесу.

Аталған кезеңде тергеу жұмыстары мен әңгімелесу болған жағдайды түсінуге, соның ішінде, әрекет жасаған адамның (адамдар) кім болғанын, құрбанның (құрбандары) кім болғанын және куәгердің кім болғанын түсінуге бағытталуы тиіс. Тергеу жұмыстарын аяқтау 1-2 күннен артық уақытқа созылмауға тиіс. Оқиғаны хабарлау және тексеру нысаны (D қосымшасын қараңыз) мектептің қауіпсіздік тобының тергеу жұмыстарына қажетті барлық ақпаратты жинауына және тіркеуіне көмектесуге арналған. Толық ескертпелер Оқиғаларды тергеу үлгісінде әңгімелесу өткізілген уақытты көрсетіп тіркелуі тиіс. Мектептің қауіпсіздік тобының бір немесе одан көп мүшесі әңгімелесуді бірлесіп өткізгілері келуі мүмкін, бұл оқиғаны тіркеуге және талдап түсіндіруге көмектесуі мүмкін.

Тергеу жұмыстарын тиімді жүргізу үшін мектептің қауіпсіздік тобы баланың мектептегі зорлық-зомбылықтың құрбаны болғанын немесе оны жасағанын көрсететін кейбір ескерту белгілерін ажыратуға қабілетті болуы тиіс. Сондай-ақ, топ мүшелері мектептегі зорлық-зомбылықтың куәгерлері, құрбандары және/немесе оны жасаған тұлғалары болып табылған оқушылардың көпшілігі көмек сұрамайтынын түсінулері тиіс. Ескерту белгілері баланың өмірінде орын алған өзгеде отбасылық проблемаларды, мысалы баланы ұрып-соғу және/немесе балаға қатысты міндеттерді орындамау, ішімдікке немесе нашақорлыққа салыну, күйзеліс және суицидтік мінез-құлық сияқты қиындықтар немесе басқа да мәселелердің бар екендігін білдіруі мүмкін.

Тексеру мен тергеуді аяқтағаннан кейін мектептің бүкіл қауіпсіздік тобы тергеу нәтижелерін талқылауға жиналады. Бұл кезде олар зорлық-зомбылық жасаған адамның тәуекел тобындағы оқушылар санатына жатқызылып, екінші қайтара әсер ету шара-

| Оқушының мектептегі зорлық-зомбылықтың құрбаны болып табылатынын анықтайтын белгілер: | Оқушының мектептегі зорлық-зомбылық жасаушы екендігін анықтайтын кейбір белгілер: |
|---|---|
| Себепсіз жарақат<br>Жоғалған немесе бүлінген киім, кітаптар, электроника немесе әшекейлер<br>Бастың жиі ауруы, іштің ауруы, лоқсу немесе ауырған болып көріну<br>Тамақтану әдетінің өзгеруі (мысалы, тамақтану уақытын өткізіп алу немесе тәбеттің шамадан тыс болуы, балалар түскі асын ішпегендіктен, мектептен үйге аш келеді)<br>Ұйықтай алмау немесе жиі-жиі жаман түс көру<br>Оқуға қызығушылығының жойылуы, мектепке барғысы келмеу, бағаларының төмендеп кетуі<br>Күтпеген жерден достарынан айырылуы немесе әлеуметтік жағдайлардан қашуы<br>Қорғансыз болу немесе өзін-өзі төмендету сезімі<br>Аутодеструктивті мінез-құлық (мысалы, үйден қашып кету, өзіне-өзі зақым келтіру немесе өзіне-өзі қол салу туралы әңгімелер) | Дене қимылымен немесе ауызша қарсыласуға кірісу<br>Басқа оқушыларға тиісетін достарының бар болуы<br>Өсіп келе жатқан агрессия<br>Мектеп директорының алдына әкелу<br>Түсініксіз жерден артық ақшаның немесе жаңа киімдерінің пайда болуы<br>Өз проблемалары үшін басқаларды кінәлау<br>Өз әрекеттері үшін жауапкершілік алмау<br>Жарысу және жеке беделі мен танымал болуына алаңдау |
| **Мектепте зорлық-зомбылықтың құрбаны болған оқушылардың мыналарға ықтималдығы жоғары:** | **Мектепте зорлық-зомбылық жасаған оқушының кейбір белгілері:** |
| Күйзеліске байланысты ауруға шалдығу (бас ауруы және іштің ауруы)<br>Мектепке бармау және қызығушылықтың болмауы<br>Үлгерімнің төмендігі<br>Қорқыныштың және мазасыздықтың жоғары болуы<br>Эмоционалдық жабығу<br>Күйзеліс<br>СуициИӘ ЖОҚ емесе суицидтік мінез-құлық туралы ойлар | Ашу<br>Зорлық-зомбылық көрсету<br>Жоғары белсенділік таныту<br>Мәселелердің себептерін сыртқы жағдайлардан іздеу<br>Құқықбұзушылық<br>Қылмыс<br>Ішімдік және есірткі пайдалану<br>Күйзеліс<br>СуициИӘ ЖОҚ емесе суицидтік мінез-құлық туралы ойлар |

ларына тартылуы керек пе немесе жоғары тәуекел тобындағы оқушылар қатарына жатқызылып, үшінші қайтара әсер ету шараларына және қолдау көрсетуге тартылуы керек пе деген мәселені талқылайды. Мектептің қауіпсіздік тобы құрбанға (дарға) сондай-ақ қорғау, қолдау көрсету және тіпті кейбір екінші рет әсер етудің қажет екенін мойындауы тиіс.

Мектептің қауіпсіздік тобының хабарламалар жүйесі ойдағыдай жұмыс істеуі үшін проблемалы мінез-құлық пен мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары туралы барлық хабарламаларды тексеру мен тергеуге тез арада кірісіп кеткенін көрсетуі ерекше маңызды екенін түсінуге тиіс. Егер мектеп қызметкерлері мен оқушыларға мектептің қауіпсіздік тобы барлық хабарламаларды терген, тексермейтін сияқты болып көрінсе, онда олардың проблемалы мінез-құлық және мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлау мүмкіндігі азаяды. Мектепте зорлық-зомбылық жасаған адамдар өз кезегінде мектепте және одан тыс жерлерде жасаған зорлық-зомбылық әрекеттері үшін жазаланбайтынын оп-оңай сезінеді, бұл олардың мектепте және одан сырт жерлерде ойына келгенін істеуге одан әрі көбірек мүмкіндік береді.

# 11. Мектептегі проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылықты тіркеу жүйесін құру

Мектептерде проблемалы мінез-құлық, ережелердің бұзылуы және зорлық-зомбылық оқиғалары туралы барлық хабарламаларды тіркеудің түсінікті жүйесі мен рәсімдері енгізілуге тиіс. Мектептің қауіпсіздік тобы мектептегі проблемалы мінез-құлық, ережелердің бұзылуы және зорлық-зомбылық оқиғаларын тіркеу үшін үнемі пайдалануға тиіс бірнеше маңызды үлгілер бар, олардың ішіне мыналар кіреді:

- ***Оқиғаны хабарлау және тексеру үлгісі (D қосымшасы)***
- ***Оқиғалар туралы ай сайын берілетін қорытынды хабарламалар үлгісі (E қосымшасы)***

Мектептің қауіпсіздік тобы тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы оқушылардың проблемалы мінез-құлқын бағалау үшін мына нысанды пайдалануға тиіс:

- ***Мінез-құлықты бағалау үлгісі (F қосымшасы)***

Сондай-ақ мектептің қауіпсіздік тобының тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға арнап әзірленген екінші және/немесе үшінші қайтара әсер ету жоспарларын, оқушылар арасында бекітілген әсер ету мен қолдау көрсету жоспарларын жүзеге асыру мен олардың мінез-құлықтарының өзгерісін бақылау процесіне мониторинг жүргізуді құжаттау үшін мынадай үлгілерді қолданған маңызды:

- ***Әсер ету және қолдау көрсету жоспарының үлгісі (G қосымшасы)***
- ***Оқушының мерзімді есебі (H қосымшасы)***

Мектептің қауіпсіздік тобының хабарланған оқиғалар мен мектептегі проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылықты тергеу бойынша жекелеген файлдарды сақтайтын қауіпсіз орны, сондай-ақ тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы оқушылар бойынша бөлек файлдары (тәртібі үшін алған бағалары, әсер ету және қолдау көрсету жоспарлары, ілгерілеушіліктері туралы хабарламаларын қоса алғанда) болуы тиіс. Тіркеу мен жазба жүргізудің тұрақты жүйесі нақты жағдайдың тиісті жүргізілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ бағдарламаны лайықты іске асыруды қамтамасыз етуге көмектеседі. Тіркеу мен жазба жүргізудің тұрақты жүйесі сондай-ақ мониторинг жүргізу және бағалау үшін үнемі деректер жинауға және деректерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге де көмектеседі.

## *Мектептегі проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылыққа «нөлдік төзімділік» дегеніміз не?*

Ерте әсер етуді жүзеге асыру үшін мектептер мектептегі проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылыққа «нөлдік төзімділік» көзқарасын (нөлдік төзімділік мектепте проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылыққа рұқсат етілмейді немесе жол берілмейді дегенді білдіреді) ұстануға тиіс: еш нәрсеге рұқсат етілмейді. Мектеп мұғалімдері мен мамандандырылған қызметкерлер оқушының өзін нашар ұстағанын және мектепте немесе одан тыс жерлерде зорлық-зомбылық жасау әрекетіне қатысқанын көрген немесе бұл туралы басқа адамдар хабарлаған жағдайда олар тез арада араласып, баланың мінез-құлқымен байланысты қиындықтар одан сайын тереңдеп кетпес бұрын мәселені шешкені дұрыс.

Ерте әсер ету – мұғалім мен мектеп директорының жай ғана ауызша ескертуі емес, ерте әсер ету тәуекел тобындағы оқушылармен байланысты жағдайлар болған кезде мектептің қауіпсіздік тобына кейіннен олардың мінез-құлқына баға бере отырып, мінез-құлқын түзету және оның мектептегі мінез-құлық ережелеріне сәйкес келуі үшін мақсатты түрде әсер ету және қолдау көрсетуі үшін тез арада хабарлауды талап етеді.

### *Мінез-құлықты бағалау дегеніміз не?*

Екінші және үшінші қайтара әсер ету оқушының проблемалы мінез-құлқын анықтау және оның функцияларын бағалау үшін мінез-құлықты бағалаудан басталады (Мінез-құлықты бағалау нысанын – F қосымшасын қараңыз). Мінез-құлықты бағалау 5 қадамнан тұрады:

1-қадам: Жалпы ақпарат.

2-қадам: Мұғалімдермен әңгімелесу.

3-қадам: Оқушылармен әңгімелесу.

4-қадам: Ата-аналармен әңгімелесу.

5-қадам: Мәселені талдау.

Әрбір қадам F қосымшасының Мінез-құлықты бағалау үлгісінде неғұрлым толық түсіндіріледі.

Мінез-құлықты бағалау жоғары тәуекел тобындағы оқушылар үшін жоғарыда аталғандармен қоса мыналарды да:

1. Оқушыларға қатысты мектептегі жазбаларға шолуды;
2. Оқушыларды және олардың мінез-құлықтарын сыныпта және сыныптан тыс бақылауды қамтуы тиіс.

**Мінез-құлықты бағалау –** оқушының проблемалы мінез-құлқының себептерін түсіну, анықтау мен проблемалы мінез-құлықты түзетуге бағытталған ықтимал әсер етуді анықтаудың әр алуан әдістерінен тұратын ұстаным. Мінез-құлықты бағалау көрсетілген мінез-құлықты терең қарайды және мінез-құлықты ынталандыратын, қолдау көрсететін немесе оны аяқтауы мүмкін ортаның факторларын, әлеуметтік, мінез-құлықтық және басқа факторларды анықтауға назар аударады. Бұл ұстаным мектептің қауіпсіздік тобының мінез-құлықтың (проблемалы мінез-құлықтың) себептерін дұрыс түсіну үшін оның «белгінісінің» түбіріне назар аударылуына алып келеді.

Мектептің қауіпсіздік тобы Мінез-құлықты бағалау үлгісін толтырып болған соң, оқушылардың мінез-құлқын талқылау және Оқиғаны хабарлау және тексеру үлгісі мен Мінез-құлықты бағалау үлгісінде жинақталып, тіркелген ақпараттарға талдау жасау үшін толық құрамда жиналады. Мәселелерді талдау аяқталған соң мектептің қауіпсіздік тобы тәуекел тобындағы оқушыларға екінші қайтара әсер ету жоспарын және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға үшінші қайтара әсер ету жоспарын келісіп, бірлесіп әзірлеуге тиіс; бұл жоспарлар нақты оқушының қажеттіліктеріне сәйкес әзірленуге тиіс әрі ол агрессивті және қатал мінез-құлықты қоса алғанда, олардың мінез-құлықтарындағы мәселелерді түзетуге бағытталатын болады (G қосымшасын – Әсер ету және қолдау көрсету жоспарының үлгісін қараңыз).

Оқушыны және оның ата-анасын өзіне арнап әзірленген екінші және үшінші қайтара әсер ету жоспарын талқылау үшін мектептің қауіпсіздік тобының толық құрамымен кездесуге шақыру керек. Оқушы да, ата-ана да мектептің қауіпсіздік тобы сызып берген әсер ету жоспарына ойдағыдай қатысуы және оны аяқтау үшін баладан не талап етілетінін түсінуі тиіс. Мектептің қауіпсіздік тобы, сондай-ақ оқушы мен оның ата-анасына оқушыға арнап әзірленген әсер ету және қолдау көрсету жоспарына қатысудан, оны орындаудан бас тартудың салдары туралы хабарлайды.

## 12. Екінші қайтара әсер ету жүйесін құру

Кейбір оқушылардың бірқатар пәндер бойынша оқу бағдарламасын игере алмайтыны сияқты, бірқатар себептерге байланысты кейбір оқушылар бастапқы профилактика талаптарына жауап бере алмайды. Кейбір оқушыларға мектептің ережелері мен этика ережелерін оқу мен қабылдау үшін үйретуге және қолдау көрсетуге көп уақыт талап етіледі, сондықтан екінші қайтара әсер ету тәуекел тобындағы проблемалы мінез-құлық белгілері бар аз ғана оқушылармен жұмыс істеу үшін бастапқы әсер ету болып табылады (кейбір мектептерде тәуекел тобындағы оқушылар оқушылардың жалпы 10%-20%-ын құрайды).

**Тәуекел тобындағы оқушылар** – үнемі төмен деңгейдегі проблемалы мінез-құлық (мінез-құлқында қалыпты ауытқушылығы бар) көрсететін және мектеп белгілеген этика ережелерін үнемі ұстанғысы келмейтін және ұстануға қабілетсіз оқушылар.

*Екінші қайтара әсер ету шараларын мінезі қиын, әрі елірме мінез-құлық көрсететін немесе тәртіп бұзушылық жасайтын, мінез-құлқы үнемі мейлінше проблемалы болып келетін жоғары тәуекел тобындағы оқушылар үшін қолдануға болмайды, ол негұрлым дербес әсер ету мен қолдау көрсетуді талап етеді.*

Екінші қайтара әсер ету мінез-құлқы проблемалы (ауыр емес) және/немесе мектеп белгілеген ережелерді және этика ережелерін үнемі ұстанғысы келмейтінін және ұстануға қабілетсіз екенін көрсететін тәуекел тобындағы оқушыларға неғұрлым мақсатты түрде әсер ету, нұсқау беру және қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған. Екінші қайтара әсер ету тәуекел тобындағы мұндай оқушыларға олардың проблемалы мінез-құлқының өршімеуі, неғұрлым ауыр, елірме әрі тұрақты сипат алмауы үшін олардың мінез-құлықтарын мектептің этика ережесіне сәйкес келтіру мақсатында қажет болып табылатын әсер ету, нұсқау беру және қолдау көрсетуге бағытталған. Мектептер білім беруші емес сектор мекемелерінің қолдауымен екінші қайтара әсер ету шараларының негізгі өнім берушілері болып табылады. Екінші қайтара әсер етудің мақсаты проблемалы мінез-құлықты тоқтату және оның неғұрлым қиын әрі зорлықшыл сипатқа ауысуының алдын алу үшін тәуекел тобындағы оқушылардың мінез-құлқының өзгеруіне ықпал ететін мақсатты әсер ету болып табылады. Халықаралық зерттеулер тәуекел тобындағы оқушыларға арналған екінші қайтара әсер ету шараларының табысты аяқталатынын көрсетеді, 60%-ға дейінгі тәуекел тобындағы оқушылар өздерінің мінез-құлықтарын түзейді.

### *Екінші қайтара әсер етудің қандай түрлерін қолдануға болады?*

Екінші қайтара әсер етуді мектептің қауіпсіздік тобы жекелеген оқушылардың қажеттіліктеріне лайықтап қолдана алатын алуан түрлі әсер ету тәсілдері бар. Мұндай әсер ету тәсілдері мыналардан тұруы мүмкін:

**Ортаның өзгеруі:**

- Мектептің қауіпсіздік тобы оқушының сынып жетекшісімен бірлесіп, оның айналасындағы ортасын проблемалы мінез-құлықты болдырмайтындай және қалаулы мінез-құлықты көтермелейтіндей етіп құруына болады. Мысалы, оқушы сыныпта отырған орнына қарай (мысалы, сыныптың артқы партасында), кіммен отырғанына қарай (оны мазақтайтын немесе аранКүнітын оқушы) бұзақылық жасайтын болса, мектептің қауіпсіздік тобы сынып жетекшісінен оның сыныптағы отыратын орнын, мысалы, оқушыны оқуға назарын мұқият аудара алатын әрі мұғалімнің де оны бақылауы жеңіл болатын алдыңғы партаға немесе оны мінез-құлқы проблемалы басқа баладан бөліп отырғызуын сұрауына болады. Осыдан кейін мектептің қауіпсіздік тобы мәселеге үлес қосатын басқа оқушымен оның мінез-құлқын түзету үшін жұмыс жасайды.
- Егер оқушының проблемалы мінез-құлқы мұғалімнің оған деген қарым-қатынасына, мысалы оқушыны жек көруімен немесе кемсітумен байланысты болса, яғни мұғалімнің дөрекі сөйлеп мұқалтуы, психологиялық зорлық-зомбылық көрсету, балаға дене

жарақатын салу сияқты әрекеттер анықталатын болса, Мектептің қауіпсіздік тобы сондай-ақ мектеп директорының қатысуымен мұғалімнің проблемалы мінез-құлқымен жұмыс істейді. Егер мұғалімнің проблемалы мінез-құлқы түзетілмесе, балаға басқа мұғалім (басқа сынып) тағайындалуы мүмкін.

Ескеру қажет болатын кейбір сәттер.

Егер мұғалім өзінің сыныптағы мінез-құлқын басқару мен мониторинг жүргізу дағдыларын жақсартатын болса, «тәуекел тобындағы» оқушыларға мақсатты араласу шараларына қатысатын оқушыға қарағанда, одан көбірек пайда болар еді.

Жалпымектептік жүйені құру кейбір жеке мұғалімдердің оны адал әрі шынайы беріліп енгізетініне кепілдік бермейді.

- Егер проблемалы мінез-құлық сыныптан сыныпқа ауысқан кезде дәліздерде немесе баспалдақ торларында байқалса, онда дәліздер мен баспалдақ торларында оқушыларды және олардың мінез-құлықтарын бақылайтын, сондай-ақ мектептегі проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылық жағдайларын бақылайтын кезекшілер болуы тиіс.
- Егер проблемалы мінез-құлық асханада байқалса, мектептің қауіпсіздік тобы адамдардың лек-легімен келуіне байланысты қиындықтарды азайту үшін үстелдерді ыңғайлы етіп қоюын талап ете алады және асханадағы кезекке тұру, оқушылардың өзара қарым-қатынасын, асханада басқа оқушылардан қорқытып ақша алатын және/немесе тамағын тартып алатын оқушылардың мәселесін шешетін кезекшіні тағайындай алады. Мектеп сондай-ақ сыныптан асханаға бару уақытын бөліп қою мүмкіндігін де қарастыра алады.
- Егер проблемалы мінез-құлық спорт алаңында/мектеп ауласында байқалса, мектептің қауіпсіздік тобы оқушыларға және олардың мінез-құлықтарына, мектептегі проблемалы мінез-құлық пен зорлық-зомбылық жағдайларын бақылап, мониторинг жүргізу үшін спорт алаңы немесе мектеп ауласы бойынша кезекші тағайындай алады. Мектеп сондай-ақ сыныптан спорт алаңына немесе мектеп ауласына бару уақытын бөліп қою мүмкіндігін де қарастыра алады.

**Мінез-құлыққа қолдау көрсету бойынша мақсатқа сай әсер ету:**

- Тәуекел топтарындағы оқушылардың мұқтаждықтарымен қатар, оқушылар өздерінің ерекше мұқтаждықтары негізінде әсер ету және қолдау көрсету қызметтеріне қол жеткізе алатындай әсер ету жиынтығын әзірлеу. Өздерінің дағдылары мен қабілеттерінің арқасында мектептің қауіпсіздік тобы тәуекел тобындағы оқушылармен екінші қайтара әсер ету бойынша жұмыстар жүргізеді.

- Мінез-құлыққа қолдау көрсету бойынша мақсатты әсер ету тәуекел тобындағы оқушыға оңаша немесе тәуекел тобындағы оқушылардың шағын тобына (6 немесе одан аз адам) қолданылуы мүмкін. Нұсқаулықтар оқушылардың мектептің этика ережелерін жақсы түсінуіне көмектесуді жақсарту және оқушыларды бастапқы профилактикасының бір бөлігі болып табылатын жаттығулар мен бекітуші сабақтарға тарту арқылы проблемалы мінез-құлықты жоюға бағытталуы тиіс. Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс жасау кезінде мектептің қауіпсіздік тобы бастапқы профилактиканың бір бөлігі болып табылатын бағдарламалар мен сабақтарды пайдалануы тиіс. Сабақтар оқушылар көрсететін белгілі бір проблемалы мінез-құлыққа бағытталуы тиіс. Мысалы, егер мәселе басқаларға құрметпен қарауға келіп тірелетін болса, онда баламен бірге басқа адамдарға құрметпен қарау тақырыбындағы сабақтар мен жаттығуларды мұқият, егжей-тегжейлі қарастыру керек. Дәрісті ғана оқып қоймай, дәріс пен тәжірибенің үйлесімін пайдалану қажет. Мысалы, баланы бұрын өзі проблемалы мінез-құлық көрсеткен мектептегі түрлі орындарға апарып, осы жағдайда басқа адамдарға құрметпен қарауды іс жүзінде көрсетуге болады. Балалардың өздерін дұрыс ұстап, басқаларды құрметтеуіне көмектесу қажет. Олардың іс-әрекеттерін бақылап, дұрыс істеген кезінде мақтау қажет. Егер мінез-құлқы проблемалы болып қалып тұрса, оны түзету керек. Мысалы, олармен дәлізде басқа адамдарға құрмет көрсету бойынша жұмыс істеу, дәліз бойымен жүруді (мысалы жүру/жүгіру емес, оң жақ бетімен жүрі,

басқаларды өткізіп жіберу/итермеу, аяқтан шалмау, ақырын сөйлеу/айқайламау немесе шаңқылдамау, артында келе жатқан адам үшін есікті ұстап тұру) оңаша жаттықтыру қажет. Сонымен қатар сыныпта балалармен басқа оқушыларға және мұғалімдерге қатысты сыйластық қарым-қатынасты бекіту бойынша оңаша жұмыс істеуге болады (сыныпта практикалық тұрғыда қолданылатын мысалдарды алу үшін этика ережелерінің матрицасын қараңыз).

## *«Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы» дегеніміз не?*

Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы – мінез-құлыққа қолдау көрсету бойынша мақсатты әсер ету мысалдарының бірі, ол АҚШ мектептерінде ойдағыдай қолданылған. Ол тәуекел тобындағы оқушылардың айрықша мұқтаждықтарын дамыту және бастапқы профилактика жоспарын күшейту үшін әзірленген. Бұл тәуекел тобындағы оқушының мінез-құлқын мектептегі этика ережелеріне және мектеп игілігіне сәйкес келтіруге көмектесу үшін қажетті айрықша әлеуметтік және мінез-құлық дағдыларын ажырату мен нұсқамаларға қатысты барынша мұқият жоспарланған тәжірибе (I қосымшасын – Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасының үлгісін қараңыз).

Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасының негізгі сипаттамалары мыналардан тұрады:

- Тәуекел тобындағы оқушылар анықталып, олар апта бойына қажет болатын мақсатты қолдауға ие болады.
- Тәуекел тобындағы оқушылар күн сайын мектептің қауіпсіздік тобының мүшесінің біріне келіп, өздерінің мектепке келуі мен кетуін тіркетеді.
- Тәуекел тобындағы оқушылар мұғалімдер мен мектептің қауіпсіздік тобынан үнемі кері байланыс пен қосымша ынталандыруды күн сайын қабылдап отырады.
- Отбасылық компонент;
- Әсер ету нәтижесі мен оқушының ілгерілеуіндегі тиімділіктің күн сайынғы бағасы.

## *Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы*



Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасының негізгі құрамдас бөлігі тәулік ішінде мұғалімдермен мақсаттарды орындау бойынша жиі-жиі кері байланыс орната отырып, тәуекел тобындағы оқушылардың алдына күн сайын және апта сайын мақсаттар қойылатынында. Кері байланыс жүйесі алғашқы алдын алу жұмыстары жоспарының объектісі болып табылатын жалпымектептік этика ережелеріне негізделген. Тәуекел тобындағы кейбір оқушылар үшін Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы олардың проблемалы мінез-құлқын жою үшін қажетті әсер ету шаралары болып табылады.

Төменде Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасының тәуекел тобындағы кейбір оқушылар үшін күнделікті қалай жұмыс істейтінінің қысқаша мысалы келтірілген (I қосымшасын - Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасының үлгісін қараңыз).

## *Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы бойынша күнделікті жоспардың мысалдары*

**Келу: 8:35 -8:50 (оқушының оқу күнінің басталуы)**

- Дамир мектепке келеді, сыныбына барады, одан соң Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы Үйлестірушісі ретінде тағайындаған, мектептің қауіпсіздік тобының мүшесі Х-тің кабинетіне келіп тіркеліп, белгіленеді.
- Егер Х-тің кабинетінде біреу бар болса, Дамир Х-тің кабинетінің сыртындағы орындыққа отырып, күтеді. Х-пен әркім оңаша кездеседі.
- Дамирдің кезегі! Ол өзінің бір күнге арналған тексеру тізімінің көшірмесін алады.
- Х күнде таңертең Дамирмен бірге барлық мақсаттарды бірге қарайды; оларды кемінде 80%-ға орындау қажеттігін еске салады.
- Күн сайын қойылатын сұрақтар: Мақсаттарды қолдануға бола ма? Оларды орындауға бола ма? Сен оны орындай аласың ба?
- Әр оқушы ерекшелігіне сай қойылатын жеке сұрақтар: Таңертеңгі тамағыңды іштің бе? Ұйқың қанды ма? Үйде бәрі жақсы ма? Дәрілеріңді іштің бе? Күнді бастауға дайынсың ба немесе саған әлі біраз уақыт керек пе?
- ОК! Бұл жерден «Мұны мен істей аламын!» деген көңіл-күймен, күлімдеп, «Бес аламын» деп шық.

**Кету 12:30 – 13:00 (баланың оқу күнінің соңы)**

- Дамир сыныптан шығып, Х-тің кабинетіне келеді.
- Ол Х-пен оңаша сөйлесу үшін тағы да өзінің кезегін күтеді.
- Кезегі келген кезде Х күннің қалай өткені туралы сұрайды, күні бойына жинаған баллдарын санайды. Х Дамирге күні бойы жинаған пайызын есептеуді үйретеді.
- Пайыздарды есептеп болған соң, Х пен Дамир оның жеңісін талқылап, атап өтеді. Олар сонымен қатар осы жетістіктерге жету барысында туындаған кез келген проблемаларды талқылайды.
- Егер Дамир 80% немесе одан көп балл жинаса, онда ол Алтын жұлдыз алады.
- Егер Дамир апта бойына 80% және одан көп балл жинауды жалғастырса, онда оған марапаттар тізімінен өз таңдауын жасау құқығы беріледі.
- Х Дамирмен бүгінгі күнге және оның жетістіктеріне қатысты жақсы көңіл-күймен қоштасады.

Қамқорлық жасау және табысқа жету бағдарламасы үйлестірушісінің тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс жасауға қажетті дағдылары мен дайындығы болуға тиіс. Үйлестіруші тәуекел тобындағы оқушыларға тәлімгер әрі еліктеу үшін үлгі болуға, оқушыларға тұрақты қолдау көрсетілуін, басшылық жасалуын қамтамасыз етуге және оларға көмектесуге тиіс. Үйлестіруші тәуекел тобындағы оқушылардың көбінесе мектепте, өздерінің отбасында және үй жағдайында қиын және/немесе қиын кезеңдерді басынан кешіретінін, үнемі қолдау көрсетіп, басшылық жасап, көмектескісі келетін, өздеріне немқұрайлы қарай алмайтын маңызды ересек адам тарапынан қосымша қолдау көрсетуді қажетсінетіндерін түсінуі тиіс.

### *Сіз оқушының екінші қайтара әсер ету бойынша жетістіктерін қалай бақылайсыз?*

Екінші қайтара әсер етудің маңызды буыны баланың осы әсер ету шараларына жауап қайтаруына негізделген шешімдер қабылдауы болып табылады; яғни екінші қайтара әсер етудің маңызды құрамдас бөлігі - оқушылардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу. Мониторинг жиі жүргізіліп тұруға тиіс (мұғалімдер мен мектептің қауіпсіздік тобы күнделікті жүргізуге тиіс) әрі марапаттау мен жетістіктерді бекітуге (яғни ұнамды және қалаулы мінез-құлық) және барлық жалғасып келе жатқан проблемалар туралы мектептің қауіпсіздік тобына хабарлауға басым назар аудара отырып, оқушының мінез-құлқындағы азғана ілгерілеу мен өзгерістерді ескеруі тиіс. Уақыт өте келе, тәуекел тобындағы оқушылар өзінің мінез-құлқына өз бетімен мониторинг жүргізгені және өзінің мінез-құлқын алдын ала белгілі бір уақыт аралығында деректер парағына жазып қойғаны дұрыс, оларды осыған үйрету қажет. Мұғалім сондай-ақ оқушыларды мерзімді түрде бақылайды, оның мінез-құлқын жазып алып, оқушы жазбасының дәлдігі бойынша кері байланысты ұсынады. Мақсатты анықтау - өз бетінше жүргізілетін мониторинг рәсімдерінің өзекті құрамдас бөлігі болып табылады.

Екінші қайтара әсер ету шараларына тартылған балалар да, егер сыныпта және сыныптан тыс дұрыс мінез-құлық көрсетсе, (өзінің проблемалы мінез-құлқын сыпайы мінез-құлыққа өзгерте отырып), «Алтын жұлдыз» марапат купондарын иеленуі тиіс. Кейбір балаларға олардың проблемалы мінез-құлқын түзету, әрі оны мектептегі этика ережесіне сәйкес келтіру үшін қайталап екінші әсер ету мен мақсатты әсер ету, нұсқау беру, қолдау көрсетудің қажет болатынын ұмытпаңыз.

Оқушы өзінің мінез-құлқын түзеткеннен кейін, оны ата-анасымен бірге мектептің қауіпсіздік тобының жиналысына қайтадан шақырып, оған жетістіктері үшін алғыс айтылады. Егер екінші қайтара әсер ету шараларының әсер ету тәсілдері тиімсіз болып шықса, ол оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бейімделуге немесе өзгеруге мұқтаж болады.

## 13. Үшінші қайтара әсер ету жүйесін құру

Әдетте мектептерде басқа оқушылармен және/немесе мектеп қызметкерлерімен өте-мөте агрессивті, елірме қарым-қатынас жасайтын, бұзақы мінезі көзге ұрып тұратын тәуекел тобындағы бір топ оқушылар болады. Кейбір оқушыларға екінші қайтара әсер ету бойынша жұмсалған шаралар ықпал етпей, үшінші қайтара әсер ету шараларына мұқтаж болады. Жоғары тәуекел тобындағы мұндай оқушылар әдетте көп болмайды (кейбір мектептерде жоғары тәуекел тобындағы оқушылар жалпы оқушылар контингентінің 1% - 5%-ын құрайды), олар мейлінше дербес бағалауды, жедел әсер етуді, нұсқау беру мен қолдау көрсетуді талап етеді.

*Жоғары тәуекел тобындағы оқушылар – сыныпта шамадан тыс бұзақылық жасап, басқа оқушылармен және/немесе мектеп қызметкерлерімен өте-мөте агрессивті, елірме қарым-қатынас жасайтын, мейлінше ауыр мінезімен ерекшеленетіндер. Оларға сонымен қатар мінез-құлқында проблемалары бар оқушылар мен екінші әсер етуге жауап қайтармайтын, мейлінше дербес көзқарас пен қолдау көрсетуді талап ететін оқушылар жатады.*

Үшінші қайтара әсер ету мыналарды қоса алғанда, тәуекел тобындағы бұзақы мінезі көзге ұрып тұратын өте-мөте агрессивті, мінезі елірме оқушыларға көптеген жедел әсер ету шараларын қолдануды талап етеді:

- ерекше әлеуметтік және мінез-құлық дағдыларын, білімін дамыту үшін оқушыға міндетті түрде психологиялық, әлеуметтік басшылық жасап, нұсқау беру;

- пробемалы мінез-құлық көріністерінің ықтималдығын азайту және/немесе болдырмау мақсатында мәселенің алғышарттарын немесе алғашқы белгілерін жою үшін ортаға бірқатар түзетулер жасау немесе қайта құру (бұл мектептің қауіпсіздік тобының, оқушының сынып жетекшісінің және басқа мұғалімдердің өзара тығыз жұмыс істеуін талап етеді);
- оқушының мінез-құлқына үнемі мониторинг жүргізіп, бағалауға арналған нақты рәсімдер (әдетте күн сайын) өткізу;
- оқушының мінез-құлқына қорытынды жасау, талқылау және қайта бағалау мақсатында мектептің қауіпсіздік тобын екі аптада бір рет жинауға арналған нақты рәсімдер (оқушының жетістіктері мен сәтсіздіктерін дербес үшінші қайтара әсер ету жоспарының талаптарына сәйкестігіне қатысты анықтау және егер қолдануға болатын уақыт ішінде ілгерілеушілік болмаған жағдайда түзетулер енгізу);
- оқушының мінез-құлқының және оқушыға арнап мектептің қауіпсіздік тобы әзірлеп, мақұлданған әсер ету жоспарына міндетті қатысуының нақты салдарын анықтау.

Үшінші қайтара әсер ету жоспары оқушылардың бұзақы, мейлінше ауыр, өте-мөте агрессивті, елірме мінез-құлықты жою бойынша неғұрлым ұзақ мерзімді мақсаттарға жету жолында табысқа қол жеткізуіне көмектесетін қысқа мерзімді мақсаттардан тұруға тиіс; бұл түптеп келгенде, оқушының мінез-құлқының этика ережелерімен және метептің ережелерімен сәйкестікке әкеледі.

Үшінші қайтара әсер ету шараларына мұқтаж оқушыларға олардың отбасынан, мұғалімдерден, мектеп психологтарынан, мектептегі әлеуметтік қызметкерлерден, әлеуметтік педагогтардан, мектеп полициясының инспекторынан тұратын қолдау тобы қажет. Көптеген жағдайларда жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға білім беру секторына жатпайтын ұйымдарға/мекемелерге жолдама беру қажет болады. Жоғары тәуекел тобындағы оқушыларды Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға, бала құқықтарын қорғау қызметтеріне, осал балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдарға (мысалы, Өскемен қаласындағы Отбасын және баланы қолдау орталығы) жіберу, сондай-ақ баламен және оның отбасымен жүргізілетін жұмыстарға тарту қажет. Егер баланың мінез-құлқы агрессивті, елірме болса, баламен және оның отбасымен жұмыс істеу үшін кәмелетке толмағандар істері жөніндегі жергілікті инспекторды шақыру талап етілуі мүмкін. Мектептің қауіпсіздік тобы жоспарға сәйкес оқушылармен жұмысқа кім және қандай жауапкершілік арқалайтынын нақты белгілеуге тиіс. Жоғары тәуекел тобындағы барлық оқушылармен жұмыс жасайтын адамдардың оқушының жақсы нәтижеге жетуіне, оның айналасының барлық қолдау түрлерін беруге, балаға қолдау көрсету үшін оған қажетті барлық қорларға қол жеткізуіне мүдделі болуы маңызды. Мектептің қауіпсіздік тобы оқушылардың ілгерілеушілігі мен жетістіктеріне мониторинг жүргізу үшін мақұлданған үшінші қайтара әсер ету жоспарының кез келген құрамдас бөліктерін орындаумен байланысты балалар әлі де бастан кешіп отырған барлық қиындықтар мен барлық сәтсіздіктерді талқылай отырып, әсер ету және қолдау көрсету қызметтерімен/ведомстволармен апта сайын үнемі байланысып отыруға тиіс.

Оқушылар мен оның ата-аналары, сондай-ақ міндетті үшінші қайтара әсер ету жоспарының талаптарын сақтау және барлық жетістіктерді/жалғасып келе жатқан қиындықтарды талқылау үшін қол жеткен ілгерілеушіліктерді қорыту мақсатында мектептің қауіпсіздік тобымен екі аптада бір рет кездесіп тұруы тиіс.

Үшінші қайтара әсер ету жұмыстары оқушылардың өмір сүру сапасын жақсартумен қатар, олардың мінез-құлқындағы өзгерістерді өлшенетіндей жағдайға әкелген кезде ғана тиімді болады (мысалы, мектептегі іс-шараларға қатысу, әлеуметтік қатынастарды жақсарту, тәуелсіз болу, өзін-өзі қамтамасыз етушілік).

## 14. Оқушыларды білім беру секторына жатпайтын қолдау қызметіне жіберу жүйесін құру

Тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға тиімді қолдау көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында мектептің қауіпсіздік тобы мыналарды қоса алғанда, қолдау көрсету қызметінің барлық түрлерімен қамтамасыз ете алатын білім беру секторына жатпайтын ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуі тиіс.

- Балаларға психоәлеуметтік және психологиялық ағарту консультацияларын/оқуларын ұсыну;
- Мектептегі зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларға қолдау көрсету;
- Белгілі тәуекел факторлары мен агрессивті/елірме мінез-құлық көрсететін балаларға мақсатты қызмет көрсету;
- Мектепте зорлық-зомбылық жасайтын балалардың мінез-құлықтарын түзету;
- Мектептегі зорлық-зомбылыққа тартылған балалардың ата-аналарына қолдау көрсету;
- Мектептегі құрдастар топтарынан зорлық-зомбылық көрген ересектер мен балалардың қарым-қатынастарын өзгерту.

Қауіп және жоғары қауіп тобындағы оқушылар жіберілетін білім бермейтін сектор ұйымдары төмендегілерді қамтиды:

- Балалармен және олардың ата-анасымен/отбасыларымен тікелей жұмыс жасайтын ҮЕҰ;
- Кәмелетке толмағандар істері бойынша комиссиялар;
- Әлеуметтік қызметкерлер;
- Денсаулық сақтау қызметкерлері;
- Психикалық денсаулық бойынша мамандар;
- Полиция;
- Отбасын қолдау орталықтары.

Бұдан әрі мектептер мен балалардың интернат мекемелеріне жіберу жағдайларының тетіктері туралы тиісті бөлімдерді қараңыз.

Мектептің қауіпсіздік тобының білім беру секторына жатпайтын ұйымдармен олардың тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға ұсынатын араласу мен қолдау көрсету түрлеріне қатысты нақты келісімдері; тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларды араласу және қолдау көрсету үшін осы ұйымдарға жіберуге арналған нақты қағидалары мен рәсімдері болуы тиіс. Тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға, сондай-ақ олардың отбасыларына араласу және қолдау көрсетуді жүзеге асыруға көмектесетін білім беру секторын жатпайтын ұйымдар өздерінің келісімдері аясында оқушылардың жетістіктері туралы апта сайынғы мониторингпен қамтамасыз етуге және есеп беруге, мектептің қауіпсіздік тобының жиналыстарына, егер ол жұмыс жүргізіліп отырған оқушыға қатысты болса, екі аптада бір рет қатысуға міндеттенеді.

Мектептің қауіпсіздік тобының мүшелері өз мектептеріндегі екінші қайтара немесе үшінші қайтара алдын алу шараларына қатысатын немесе әсер ету және қолдау көрсетуге арналған білім беруші емес сектор ұйымдарына жіберілетін қауіп және жоғары қауіп тобындағы әрбір оқушы үшін кейс-менеджер болуға тиіс.

**Кейс-менеджмент** – қауіп және жоғары қауіп тобындағы балалардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру, олардың мінез-құлқындағы проблемаларды шешу, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін қажетті опцийлер мен қызметтерді таңдау, жоспарлау, іске асыру, үйлестіру, мониторинг жүргізу және бағалау.

Тәуекел тобындағы және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларға білім беруші секторға жатпайтын қолдау көрсету қызметіне берілетін барлық жолдамалар Білім беруші секторға жатпайтын мекемелерге қолдау көрсету қызметінің жолдамаларында тіркеледі. (J қосымшасын қараңыз).

## 15. Әсер ету шараларына жауап қайтармайтын оқушыларды тәртіпке шақыру жүйесін құру

Мектептерде үшінші қайтара әсер ету шаралары бойынша арнайы әзірленген жоспарларға жүйелі қатыспайтын және/немесе агрессивті және қатал мінез-құлық көрсету тәжірибесін жалғастырып, мектепте-зорлық-зомбылық жасайтын жоғары тәуекел тобындағы оқушылар үшін әсер ету шараларының жүйесі құрылуы қажет. Бұл осы санаттағы оқушылардың басқаларға зиян келтіретінін және олардың мектепте деструктивті орта қалыптастыратынын түсінуіне көмектесуі үшін оқушылардың осы санатымен жасалатын неғұрлым қарқынды жұмыстардан тұрады. Бұл сонымен қатар мұндай балалардың өз әрекеттері үшін өзіне жауапкершілік алуын, басқа оқушыларға келтірілген зиянын өтеуін немесе мектепке келтірілген зиянды қалпына келтіруге бағытталған іс-қимыл жасауға көмектесуді білдіреді. Бұл оқушылар сондай-ақ ашу-ызаны басқару мен дау-жанжалдарды шешу, агрессивті және күйзеліске бейімділікке қарсы күрес, төзімділік пен өмірлік дағдыларға үйрету бойынша неғұрлым мамандандырылған әсер ету шараларына мұқтаж болуы мүмкін.

Ең ақырында, үшінші қайтара алдын алу жоспарында өздеріне арнап әдейі әзірленген іс-шараларға тұрақты түрде қатыспайтын немесе мектепте агрессивті және зорлық-зомбылықшыл мінез-құлқын жалғастыра беретін жоғары тәуекел тобындағы оқушылар мектептен уақытша не тұрақты шығарылуы не мінез-құлқы девиантты балаларға арналған мектеп секілді басқа мектепке ауыстырылуымүмкін.

## 16. Бағдарламаны іске асыру мен оның тиімділігін бағалау үшін деректер жинау

Мониторинг жүргізу және тиімділікті бағалау мақсатында үнемі әрі жиі деректер жинау мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған әсер етудің бағдарламасын іске асыру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Деректерді үнемі әрі жиі жинап отыру сондай-ақ мыналарға көмектеседі:

- Көп уақытты әрі ресурстық шығындарды талап ететін, жалғасып келе жатқан тиімсіз әдістемелерді пайдалануды тоқтату;
- Бағдарламаны іске асыру процесінің шығындарын азайту және нәтижелілігін арттыру;
- Бағдарламаның әдістері мен рәсімдерінің шығындарын азайту және нәтижелілігін арттыру;
- Бағдарламаның тиімді және шығын аз жұмсалатын компоненттерін анықтау;
- Бағдарламаның нәтижесіз немесе шығын көп жұмсалатын элементтерін қайта қарау немесе жою;
- Проблемалы мінез-құлық шаблондары жаппай таралып кетпес бұрын өзгерістер енгізу.

Осы есептегі нысандардан басқа мектептің қауіпсіздік командасы бағдарламаны іске асыру мен оның тиімділігін бағалауға мониторинг жүргізу мақсатында жүйелі түрде деректер жинау үшін Өзін-өзі бағалау бойынша есепті пайдалануға тиіс.

# БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ОРЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДЫ БАҒЫТТАУ ТЕТІГІ

Қазақстандық және халықаралық тәжірибеге талдау негізінде ұсынылып отырған тетік білім беру мекемелеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларын бағыттау тетігін сипаттайды.Ол жергілікті деңгейде балаларға қатысты болған зорлық-зомбылық жағдайларды қайталап бағыттау және мекемеаралық өзара әрекеттің барлық кезеңдерін толық сипаттайды, ол істі қайталап бағыттау туралы ақпараттандырудан бастап, стратегиялық жоспар құру және қызметке мұқтаждық деңгейін анықтау, мекемеаралық өзара байланыстың технологиялық карталарын құрастыру, Қызметтер төлқұжаты мен тізбесін, мамандардың қатынасу ақпаратын анықтау мен бекітуді кіріктіреді.

Жергілікті деңгейде балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға қатысушы серіктестер: Әкімдік, Балалар құқын қорғау департаменті, Отбасын және балаларды қолдау орталығы, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, білім беру және ішкі істер органдары, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекция, қосымша білім беру мекемелері, үкіметтік емес ұйымдар.

### *Зорлық-зомбылыққа душар болған балалармен жұмыстың негізгі принциптері:*

- балалардың құқын қорғау және қамтамасыз ету принципі;
- ізгіліктілік принципі – баланың жеке тұлға ретінде құндылығын, оның көзқарастарын, сенімдерін, әрекеттерін қабылдау;
- дилогтылық принципі – баланың алдында туындаған қиындықтарды, жағдаяттарды бірлесіп, ақылдасып шешуге бағытталған;
- кооперативтілік принципі – өзара әрекет жүйесіне кіріктірілген әр түрлі мекемеаралық құрылымдардың күштерін ерікті түрде біріктіру;
- ынтымақтастық пен серіктестік принципі – бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруда тең құқылы қарым-қатынас жасау, олардың әрқашан ынтымақтастықта жұмыс істеуге және балаға көмек көрсетуге дайын болуы;
- ашықтылық принципі – жүйенің құпия болмауы, оның шынайы, дұрыс ақпарат беруге бағыттылығы;
- әр баланың және әр отбасының сол уақыттағы және де баланың болашағын ескере отырып, қажеттілігіне сай мақсат негізінде берілетін әлеуметтік қызметтің жрамдылық принципі;
- пәнаралық және мекемеаралық ынтымақтастық принципі, оның мақсаты күрделі және көптеген қажеттіліктері бар балалар мен отбасылар түрлі құрылымдармен, мысалы білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет және құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықта әрекет ететін білікті мамандардың бағыттаушы қызметтерінен пайда көре алуларын қамтамасыз ету болып табылады.

## Мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларын қайтара бағыттау кезеңдері

Білім беруші емес секторға қолдау көрсету қызметіне тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы оқушыларды жіберуге арналған барлық жолдамалар әкімдіктердің жанындағы

кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия ( КТІК) жолдамаларында көрсетілуге тиіс (J Қосымша).

### *Білім беру секторына жатпайтын ұйымдар деңгейі:*

**1 кезең - Зорлық-зомбылық жағдайларын білім беру секторына жатпайтын ұйымдарға қайтара бағыттау.**

Зорлық-зомбылық орын алған жағдайларды қайтара бағыттаудың тиімді механизмі, барлығының – мемлекеттік органдар (соның ішінде денсаулық сақтау, балаларды қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру және сот төрелігі) және үкіметтік емес ұйымдардың өзара әрекеттесуі арқылы, осал балалардың, қауіптілік және жоғары қауіптілік топтарындағы балалардың, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар мен олардың ата-аналарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысуларына негіз болады.

Бұл кезеңдегі негізгі ролді Әкімдік жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия (КТІЖК) атқарады, ол келесі әрекеттерді жүзеге асыра отырып, балаға әлеуметтік қызмет көрсету саласында барлық түзету іс-әрекеттерін бағыттайды және де жүргізілген түзету жұмыстарының мониторингін өткізеді:

1) Егер хабарлама расталып, зорлық-зомбылық жағдайын кешенді түрде бағалауды бастау туралы шешім қабылданатын болса, онда КТІЖК балаға жеке іс қозғайды және келесідей ақпарат тіркеледі:
   - Көмек сұранысының үлгісі (К Қосымша);
   - Баланы және оның қажеттіліктерін бағалау бойынша кешенді есеп (Әлеуметтік қызмет қажеттілігінің технологиялық картасы/ әлеуметтік қызмет бойынша анықтамалық);
   - Қажет болған жағдайда балаға және оның отбасына қолдау көрсетудің жеке жоспары;
   - Барлық қатынастарды тіркеу;
   - Балаға қатысты барлық бұйрықтардың, хаттардың, сертификаттардың, отырыс хаттамаларының т.б. түпнұсқасы және көшірмелері.
2) КТІЖК хатшысы КТІЖК әлеуметтік қызметкерлері (психолог) ішінен бала (отбасы) үшін куратор сайлайды, ол баланың (отбасының) ісін жүргізетін болады. Ары қарай жүргізілетін іс-шараларды қажетсінбейтін көмек/қолдау (бағыттауды) сұраныстарын әлеуметтік қызметкер немесе психолог көмек/қолдау сұранысы үлгісінде «ары қарай іс жүргізуді талап етпейтіндер» ретінде тіркеп қояды. Қағаз және электронды файлдарға сақталған мәліметтердің құпиялылығы ұлттық заңдар мен рәсімдерге сай сақталуы қажет.

**2 кезең – Бала және оның отбасының жағдайын толық бағалау.**

Баланың қауіпсіздігін және амандығын қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар қолданылғаннан кейін, әлеуметтік қызметкер, қажетті болған жағдайда психолог немесе өзге мамандар (медициналық қызметкер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері) баланың және оның отбасының жағдайын кешенді түрде бағалауды бастайды.

Толық бағалаудың мақсаты балаға әсер ететін немесе әсерін тигізуі мүмкін қауіп-қатерлерді анықтау болып табылады; отбасының жағдайын, оның баланың күтімде болуы мен дамуына қажетті жағдай жасай алу мүмкіндігін толық сипаттау; баланы бағып-қағу, қорғау, оның дұрыс дамуы үшін қажетті жағдайларды жасауға жауапты болатын ата-аналар мен қамқоршылардың мықты және әлсіз жақтарын айқындау.

Кешенді бағалау барысында жиналған ақпарат бала туралы, оның ата-аналары немесе қамқоршылары туралы мәліметтерді қамтып, сондай-ақ отбасының әлеуметтік жағдайын тереңінен ашып көрсететіндей толық және жан-жақты болуы тиіс. Кешенді бағалаудың құрамына кіретін ақпаратты қажетті дәрежеде егжей-тегжейлі мазмұндау керек, себебі ол баланың жағдайы, бала дамуының деңгейі және оның қажеттіліктері, оның ата-анасының немесе қамқоршысының баланы қорғай алу және де балаға қажеттілігіне сай күтім жасай алу шамасы бойынша ақпараттандырылған шешім қабылдау үшін және де осы болған жағдайға қатысты балаға қауіп төне ме екендігін анықтау үшін қажет.

Әлеуметтік қызметкер кешенді бағалау үшін, балаға қатысты жағдай мен оның қайда орналастырылғандығына байланысты, ақпараттың әр түрлі көздерін пайдалануы қажет. Бұл ақпарат көздері: баланың өзі, оның ата-аналары, туысқандары, қамқоршылары, дәрігерлер, медбикелер немесе перзентхана қызметкерлері, әлеуметтік қорғау басқармасы мен құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және де басқа да балаға және оның отбасы мүшелеріне қолдау көрсететін ұйымдардың өкілдері болуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда өзге мамандар (заңгерлер, педагогтар) кешенді бағалауға, бірлескен пәнаралық бағалаудың бір бөлігі ретінде кіріктірілуі мүмкін. Әлеуметтік қызметкер немесе психолог жинастырған ақпарат кешенді ақпараттың бір бөлігі ретінде Кешенді бағалау үлгісінде (L Қосымша) тіркелуі тиіс. Кешенді бағалау 3 апта ішінде немесе ұлттық заңнамада анықталған мерзім ішінде аяқталуы қажет.

Әлеуметтік қызметкер немесе психолог жан-жақты бағалау нәтижелерін баланың ата-анасымен немесе қамқоршысымен, болмаса бала үшін заң жүзінде жауапкершілік тартатын басқа да тұлғамен бірлесе талқылауы керек. Бағалау бойынша есеп құпия құжат болып табылады және де ол тек осы отбасыға қолдау көрсететін мамандарға немесе ұйымдарға ғана қолжетімді болып табылады.

### Түзету жұмыстарының жеке жоспары.

Баланың ісін басқарушы болып табылатын әлеуметтік қызметкер қолдау көрсетудің жеке жоспарын құрастыруы керек: жоспар отбасы және баланың кешенді бағалауға кіріктірілген қажеттіліктерін қамтуы тиіс. Жоспардың мақсаты – бала және оның отбасының қажеттіліктерін анықтау үшін үйлестірілген қызметтер мен шаралардың тізімін айқындау (M Қосымша).

Қолдау көрсету жоспары келсідей құрамдас бөліктерден тұрады:

- Баланың анықталған қажеттіліктерінің басымдылықтары;
- Анықталған қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолданылатын шаралар;
- Келісілген шаралар мен қызметтердің орындалуы үшін жауап беретін адамдар, ұйымдар мен қызметтер;
- Шаралар мен қызметтердің жүзеге асырылу мерзімі.

Баланың жағдайына жауап беретін әлеуметтік қызметкер, бала мен отбасын қолдау бойынша жеке жоспарды құру және жүзеге асыруда өзге мамандарды да (заңгер, психолог, педагог, емхана дәрігерін) тартуы мүмкін. Әлеуметтік қызметкер отбасына түрлі әлеуметтік қызметтерге қол жеткізулеріне көмектеседі, бұған үкіметтік емес ұйымдардың қызметтері де кіруі мүмкін.

Әлеуметтік қызметкер аталмыш істі жүргізуге жауап беретіндіктен, жоспардың орындалуына да жауапты болып табылады, ол бала мен оның отбасының жағдайын бақылау мақсатында мектепке, баланың үйіне барады, балағы төнетін қауіптілік деңгейіне байланысты өзге де мамандарды қатыстырады.

Егер отбасы немесе бала үкіметтік емесе ұйымдардың қызметін (күндізгі қызмет, оңалту, психологиялық қызметтер т.б.) пайдаланатын болса, онда әлеуметтік қызметкер сол ұйыммен қажетті жағдайда байланысқа түсіп отыруы керек.

### Балаға қолдау көрсету жоспарын қайта қарастыру (отбасын қолдауды қоса).

Қолдау көрсетудің жоспары оның нәтижелілігін бағалау үшін, қажет болған жағдайда жоспарға өзгерістер енгізу үшін немесе, егер қауіптілік деңгейі мәнді түрде кеміген жағдайда істі жабу үшін қайтадан қарастырылады. Әлеуметтік қызметкер немесе психолог жеке жоспарды 6 айда бір рет қайта қарастырып отырулары қажет. Балаға төнетін қауіп жоғары болғанда немесе өзгерістер динамикасы жоғары болған жағдайда жоспар жиірек қайта қарастырылуы мүмкін.

Жеке жоспар бойынша шолу жетекшімен кездесу барысында, ата-аналардың, қамқоршылардың немесе баланы қолау бойынша іске қатысушы өзге де тұлғалардың, сондай-ақ отбасын қолдау жоспарын жүзеге асыруға ат салысқан мамандардың, ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өткізіледі.

Егер бала балалар үйінде немесе өзге интернатты мекемеде болса, жоспарды қайта қарастыру әлеуметтік және психологиялық қызметтің әлеуметтік қызметкерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Іске жауапты әлеуметтік қызметкер, жеке жоспардың жүзеге асырылуы бойынша есеп дайындауы қажет. Кездесу нәтижесінде қатысушылар төменде келтірілген шешімдердің бірін қабылдайды:

- Көмек көрсету жоспарына өзгерістер енгізіп, бала мен оның отбасына қолдау көрсетуді жалғастыру;
- Баланың жағымды қызығушылығын қолдауды мақсат ететін жағдайда ғана, КТІЖК немесе өзге сәйкес органның баланы интернаттық түзету мекемесіне жіберуге немесе баланы ата-анасымен айыруға ұсыныс жасауы;
- Басқа жағдайда бала үшін ең ұтымдысы, оның ары қарай балалар үйінде, асырап алған ата-анасының қолында немесе өзге интернаттық, болмаса түзету мекемесінде қала беруі болуы мүмкін.

Көмек көрсету жоспарын қарастыру бойынша кеңеске қатысушылардың ойлары әлеуметтік қызметкердің ойымен келіспейтіндей, әр түрлі болуы мүмкін; олар балаға отбасында қолдау көрсетудің балама тәсілдерін ұсынулары мүмкін.

Баланы интернаттық түзету мекемесіне ауыстыру, оны отбасынан ажырату немесе оның балалар үйінде, болмаса өзге де интернаттық мекемеде қалу мерзімін ұзарту туралы ұсыныстар кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияның отырысында қарастырылуы тиіс. Ерекше мұқтаждықтары бар балалар жағдайларын қарастыру барысында, шешім қабылдау үшін психологиялық, медициналық, педагогикалық комиссияның кеңесі қажет болуы мүмкін. Қатысушылар көмек көрсету жоспарын қарастыру бойынша келесі отырыстың мерзімін бірден келісіп, белгілеп алулары қажет. Әлеуметтік қызметкер отырыста қабылданған шешімдердің барлығын тіркеп отырады және отырыс хаттамасын қатысушыларға таратады. Ол сондай-ақ, отбасы мүшелерін немесе қамқоршыны ақпараттандырады. Хаттама көшірмесі бала бойынша құжаттар файлында сақталады.

### 3 кезең – КТІЖК істі жабуы

Көмек көрсету жоспарын қайтадан қарастыру бойынша отырыс шешімінің бір түрі төменде келтірілген өлшемдерге байланысты істі жабу болып табылады:

- қауіптің құпталатын дәрежеге дейін төмендеуі;
- мектептегі, отбасындағы бала жағдайының салыстырмалы түрде тұрақталуы;
- баланың ең минималды қажеттіліктерінің қанағатандырылғандығы;
- баланың ата-аналары балаға күтім жасауда жеткілікті дәрежеде қабілетті, оның дамуы үшін жағымды жағдай жасай алады;
- отбасының мүшелері арасындағы қарым-қатынас жақсара түсті.

Істі жаппас бұран, әлеуметтік қызметкер отбасы және осы процеске тартылған өзге де адамдардың, егер мектептегі, отбасындағы жағдай жағымсыз жаққа қарай өзгеретін болса, әлеуметтік қызмет пен қолдау алу үшін өтінішті қалай берулері керектігі жөнінде ақпараттандырылуын қамтамасыз етуі қажет.

### 4 кезең – Білім беруді ұйымдастырудағы баланың жеке ісі бойынша мониторинг

Істі жабудың бір бөлігі ретінде, баланың ата-аналары КТІЖК-ғы әлеуметтік қызметкермен қалай байланыса алатындығы жөнінде ақпараттандырылуы болып табылады, себебі бала білім беру ұйымына қайтып баратындықтан, ол жерде оны мектептің қауіпсіздік тобының мамандары бақылауға алатын болады. Отбасындағы жағдай нашарлайтын болса; қызмет көрсетуші МЕҰ/ұйымдар да, отбасындағы жай-күй нашарлаған жағдай орын алғанда, баланы қалайша екінші қайтара бағыттау керектігі жөнінде ақпараттандырылуы тиіс. Егер қиындықтар тағы да туындаса немесе отбасы қолдауды қажет ететін болса, іс қайтадан ашылып, істі басқарудың барлық кезеңдері қайта жаңғыртылады.

# Интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын анықтау және бағыттау тетіктері

Осы құжат балаларға арналған интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық жасау оқиғаларына орай әрекет ету мен мұндай жағдайларды білім беру секторынан тыс жергілікті ұйымдарға және билік органдарына бағыттау тетіктерін сипаттайды. Осы бағыттау тетіктері балаларға зорлық-зомбылық жасау және балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты халықаралық әдебиет пен Қазақстандағы жарияланымдарды талдауға негізделеді. Олар сонымен қатар Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қамтамасыз ету бойынша нормативтік-құқықтық базаға сәйкес әзірленген.

## Қазақстанның интернаттық мекемеліріндегі балаларға қатысты жасалатын зорлық-зомбылық жағдайлары

Қазақстанда балалардың едәуір бөлігі ұзақ уақыт бойында мемлекеттік интернаттық мекемелерде тәрбиеленеді. ЮНИСЕФ деректері бойынша, Қазақстан ОШЕ/ТМД аймағында жан басына шаққанда интернаттық мекемедегі балалар санының аса жоғары көрсеткішітерінің біріне ие болып отыр, себебі мемлекеттік органдар да, қоғамдастық та балаларды интернаттық мекемеде тәрбиелеуді негізді әрі «қарапайым» шешім ретінде қарастырады. Кейбір балалар ата-аналарынан айырылуына байланысты балалар мекемесіне орналастырылса да, интернаттық мекемедегі балалардың көпшілігі «әлеуметтік жетімдер» (яғни, ең болмағанда, ата-анасының біреуі бар, бірақ оларға қамқорлық жасай алмайтындықтан интернаттық мекемеге орналастырылған балалар) болып саналады. Әлеуметтік жетімдіктің негізгі себептері жоқшылықты, ерте жаста жүкті болуды, сырқатына немесе есірткіге/ішімдікке салынғандықтан ата-аналық міндеттерін орындай алмауды, отбасындағы зорлық-зомбылықты және негізгі ата-аналық дағдылардың болмауын қамтиды. Көптеген балалар интернаттық мекемелерге дене және ақыл-есінің кемістігіне, психиатриялық және басқа да ауыр сырқаттарға байланысты орналастырылады.

Интернаттық типтегі балалар мекемесі балаларға көмек көрсету, басшылық жасау, оларды қолдау және қорғау үшін құрылса да, мұндай мекемелердегі балалар отбасында ата-анасымен бірге тұратын балаларға қарағанда зорлық-зомбылық жасау қаупіне көбірек ұшырайды. Осылайша, «БҰҰ-ның балаларға қатысты зорлық-зомьбылық мәселелері жөніндегі дүниежүзілік баяндамасында» интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық деңгейі патронаттық отбасылардағы зорлық-зомбылық деңгейінен алты есе артық деп атап көрсетіледі. Интернаттық мекемелердегі балалар көбінесе балалардың амандығына жауап беретін қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар тарапынан зорлық-зомбылыққа жиі ұшырап жатады. 2011 жылы Қазақстанның мемлекеттік интернаттық балалар мекемелеріне жүргізілген зерттеу мекеме типіне қарай 27%-дан 41% дейінгі балалар қызметкерлердің балаларға қатысты зорлық-зомбылық актілерін жасағанының куәсі болғанын, 5%-дан 11% дейінгі балалар қызметкерлердің балаға күш көрсетіп, мертіктіргенін куәсі болғанын және 7%-дан 11% дейінгі балалар қызметкерлердің күш көрсетіп, дене жарақатын салғанын мәлімдегенін көрсетті[1]. Зорлық-зомбылыққа емексу, кемсіту, оқшаулау, шектеу, ұрып-соғу және азаптау жатады. Қызметкерлер балаларды тәртіпке бағындыру үшін көбінесе оларға күш көрсетуі мүмкін, кей уақытта бұл адамгершілікке жатпайтын және балаларды азапқа салатын әдістер болуы мүмкін. Мүгедек балаларға арналған интернаттық мекемелерде балаларға «емдеу» үшін күш

1 Интернаттық типтегі балалар мекемесінің құрамына девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған балалар үйі, жетімханалар және білім беру мекемелері кірді.

көрсетілуі мүмкін, емдеу мақсатында емес, олардың мінез-құлқын бақылау және көнбіс ету үшін дәрі-дәрмекпен емдеуі мүмкін.

Интернаттық мекемедегі балалар сонымен қатар мекемедегі басқа балалар тарапынан да зорлық-зомбылық көрсету қаупіне ұшырап жатады. 2010 жылы Қазақстандағы мемлекеттік интернаттық балалар мекемелері бойынша жүргізілген зерттеулер мекеме типіне қарай, мемлекеттік интернаттық мекемелердегі (балалар үйлеріндегі, жетімханалардағы, девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған мамандандырылған мектептердегі) 997 баланың ішінде 50%-ға дейінгі бала мекемелердегі балалар арасындағы зорлық-зомбылықтың куәсі болған (дөрекі балағаттау, психологиялық зорлық-зомбылық, күш көрсету және қатарластары тарапынан қудалау) көрсетті. Сонымен қатар 997 баланың 16%-ы мекемедегі басқа балалардың тарапынан ұрып-соғудың құрбаны болғанын хабарлады. Бұл зерттеудің нәтижелері балалар арасындағы зорлық-зомбылық интернаттық балалар мекемелеріндегі күрделі мәселе болып отырғанын және көбінесе қызметкерлер тарапынан қадағалаудың жетіспеуінен болатынын айқын көрсетеді. Қызметкерлер тіпті бақылау жасау үшін немесе жәй көңіл көтеру мақсатында балалар арасындағы зорлық-зомбылыққа рұқсат етуі немесе оны көтермелеуі де мүмкін.

Интернаттағы балалар көбінесе мекеме қызметкерлері тарапынан көрсетілетін зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дәрменсіз болып келеді. Сөйтіп, жоғарыда аталған зерттеулер балалар үйлеріндегі 812 баланың 35%-ы және девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған мамандандырылған мектептегі 129 баланың 41%-ы мекеме қызметкерлері тарапынан балаларға зорлық-зомбылық жасалғанының (дөрекі балағаттау, психологиялық зорлық-зомбылық, күш көрсету) куәсі болғанын көрсетті. Бұған қосымша, сәбилер үйінің 284 қызметкерінің 22%-ы және мүгедек баларға арналған интернаттық мекемелердің 349 қызметкерінің 56%-ы осы мекемелерде қызметкерлердің балаларға зорлық-зомбылық көрсеткенінің куәсі болған. Сонымен қатар, сәбилер үйінің 284 қызметкерінің 26%-ы және мүгедек балаларға арналған интернаттық мекемелердің 349 қызметкерінің 53%-ы балаларды тәртіпке келтіру және жазалау үшін дене жазаларын қолдайтынын айтты.

Осыған байланысты интернаттық мекемелерге орналастырылған кейбір балалар, әсіресе мекемеде зорлық-зомбылық көрген балалар қашып кетуге немесе өзіне-өзі қол жұмсауға мәжбүр болып жатады. Осылайша, аталған зерттеулер 997 зерттелген баланың 18%-ы мекемеден бірнеше рет қашқанын хабарлаған. Бұған қоса, интернаттық мекемедегі 997 баланың 12%-ы өздерін бақытсыз сезінгендіктен немесе көңіл-күйлері бұзылғандықтан өздерін жарақаттағанын хабарлады.

Көптеген елдердегі интернаттық мекемелердегі балалар кемсітушілік пен стигматизацияға ұшырап жатады және бұл көбінесе жұртшылық тарапынан балаларға көрсетіліп отырған қатыгездікке, зорлық-зомбылық пен дөрекілікке назар аудармау нәтижесі болып табылады. Интернаттық типтегі балалар мекемесі жұртшылық үшін жабық болуының салдарынан осы мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасау оқиғалары қалың жұртшылықтан және мемлекеттік органдардан тасада қалып келе жатыр. Осыған қарамастан, Бала құқықтары туралы конвенцияға (БҚК) сәйкес, мемлекеттік органдар интернаттық мекемелердегі балалардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға міндетті.

Интернаттық балалар мекемелеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсеткішінің жоғары болуын назарға ала отырып, Қазақстан Үкіметінің интернаттық балалар мекемелерінде зорлық-зомбылық жасау жағдайларын оларды анықтау мен оған орай әрекет ету үдерісін әзірлеп, қолдануы және осы зорлық-зомбылық, қатыгездік және дөрекі қарым-қатынас жасау оқиғаларын білім бермейтін сектордың ұйымдары мен мекемелеріне бағыттауы маңызды.

## Бағыттау тетіктері дегеніміз не?

Бағыттау тетіктері мемлекеттік органдар бала құқықтарын қорғау және оны ілгері жылжыту бойынша өз міндеттемелерін орындайтын, мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен стратегиялық серіктестік шеңберінде өз күш-жігерін үйлестіретін біртұтас құрылымды білдіреді. Орынды, ресми танылған бағыттау тетіктерін

енгізу зорлықтың құрбаны болған баланы қорғау шараларын тергеу және сотта іс қарау жөніндегі іс- шараларын үйлестіру мақсатында қызмет етеді.

Бағыттау тетіктерінің негізгі мақсаты интернаттық мекемедегі балаларды қоса алғанда, барлық балалардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қиянат етудің болжамды оқиғаларын тиісті органдарға тергеу және ізіне түсу үшін бағыттаудың, сонымен қатар зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларды қолдау қызметіне жіберудің тиімді тәсілін қамтамасыз ету болып табылады.

## Бағыттау тетіктерінің саласы

Осы құжатта ұсынылған бағыттау тетіктері ұлттық саясатты және интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алу және шара қолдану бойынша рәсімдерді жақсарту мақсатында, сондай-ақ балалық шақ мәселелері бойынша мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы әрекеттестікті заңдастыру мақсатында жергілікті жағдайлар үшін арнайы әзірленді. Бұл бағыттау тетіктері сонымен қатар ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеуге және балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алу және шара қолдану бойынша мақсаттарға қол жеткізу өлшемдерін белгілеуге көмектесуі мүмкін.

### *Бағыттау тетіктері мыналарды қамтиды:*

1. интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын анықтау және шара қолдану бойынша жергілікті деңгейде жетекші нұсқауларды бала құқығын құрметтей отырып және балаларға олардың өз өміріне қатысты шешім қабылдауына өкілеттілік бере отырып ұсыну.
2. осындай жағдайларды тергеуге және зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар, куәгерлер және бүлікші балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызметтерді үйлестіруге жауапты мамандандырылған ведомстволарға/агенттіктерге (яғни, жетімхана, қорғау, психикалық-әлеуметтік қолдау қызметтері органдары, медициналық мекемелер, заң инстанциялары) балалар мекемелеріндегі зорлық-зомбылық оқиғаларын бағыттау жүйесі.
3. интернаттық балалар мекемелеріндегі зорлық-зомбылық оқиғаларына жергілікті деңгейде тиісті шара қолдануды жоспарлау және іске асыруға арналған мүмкіндіктерді ұсынатын, сондай-ақ жергілікті және ұлттық деңгейде мониторинг пен бағалау жүргізуге мүмкіндік беретін ведомствоаралық тәсілдемелерге арналған институционалдық құрылым.

**Интернаттық балалар мекемелеріндегі зорлық-зомбылыққа қатысты ведомствоаралық тәсілдемелерге арналған бағыттау тетіктері**

| | |
|---|---|
| **Анықтау және шара қолдану** | **Бағыттау және ынтымақтастық** |
| **Қолдау және қорғау қызметтері** | **Тергеу және сотта іс қарау** |
| **Мониторинг және бағалау** | |

### *Ведомствоаралық тәсілдемелердегі жергілікті серіктестер*

Интернаттық балалар мекемелеріндегі зорлық-зомбылыққа қатысты ведомствоаралық тәсілдемелер бойынша серіктестер құрамына жергілікті деңгейде төмендегілер кіруі тиіс:

1. Жергілікті мемлекеттік органдар
2. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия

3. Қамқоршылық және қорғаншылық органдары
4. Ішкі істер басқармасы және жергілікті ішкі органдары (кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі полиция инспекторларын қоса алғанда, полиция)
5. Денсаулық сақтау басқармасы
6. Білім беру басқармасы
7. Жергілікті прокуратура органдары
8. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттарды қоса алғанда, соттар
9. Әлеуметтік қызметтердің қоғамдық өнім берушілері
10. Үкіметтік емес ұйымдар

## Жергілікті серіктестердің ведомствоаралық ұстанымдағы негізгі қағидаттары

Ведомствоаралық тәсілдемелер бойынша жергілікті серіктестердің басты сәйкестік қағидаттары мыналарды қамтиды:

- **қатар өмір сүру** – әртүрлі мекемелердің практик-мамандарының кімнің қандай жұмыспен айналысатынын айқын түсінуі
- **ынтымақтастық** – әртүрлі мекемелердің практик-мамандары арасындағы ақпарат алмасу, олардың ұжымдық білімді, дағдыны және жетістіктерді біріктіру сияқты өзара тиімділік пен серіктестік қарым-қатынасының маңыздылығын мойындауы.
- **үйлестіру** – әртүрлі мекемелердің практик-мамандары кейбір функциялар мен міндеттерді, ресурстар мен тәуекелдерді бірлесіп жоспарлайды және пайдаланады, қызметтердің сапасын арттыру және қосарлануды болдырмау мақсатында кейбір өзгерістерді түзету және енгізу қажеттілігін мойындайды.
- **өзара іс-қимыл** – жергілікті серіктестердің балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алу және шара қолдану саласындағы стратегиялар немесе жобалар, әрқайсысы ортақ нәтиже мен мақсатқа қол жеткізуге үлес қоса отырып, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған баланы қорғау және қолдау бойынша бірлескен жұмыстарды атқарудағы ұзақ мерзімді ұстанымы.
- **жалпы мүдделілік** – әртүрлі мекемелердің практик-мамандары өздерінің ортақ істеріне елеулі өзгерістер енгізе отырып, өз жетістіктерін ортақ етіп көрсетеді.

Жақсы үйлестіру, ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл тиімді ведомствоаралық жұмыстарды қамтамасыз етуі және интернаттық балалар мекемелерін қоса алғанда, жалпы зорлық-зомбылық жағдайларына шара қолдануды жақсартуы мүмкін.

## Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалармен жұмыс істеудің басты қағидаттары

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар көбінесе төмендегі санаттардың біреуіне немесе одан көбіне ұшырайды: куәгерлер, зорлық құрбандары және оны жасайтын балалар. Мысалы, бала зорлық-зомбылықтың куәсі ғана емес, оның құрбаны да болуы мүмкін; зорлық жасайтын балалар бұрын өзі де құрбан болуы мүмкін.

Бала құқықтары туралы конвенцияға (БҚК) сәйкес зорлық-зомбылықпен куәгер, құрбан немесе құқық бұзушы ретінде ұшырасқан балалармен жұмыс істеудің басты қағидаттары бар. Бұл қағидаттар мыналарды қамтиды:

- Әрбір баланың айыпталушы және сотталушы құқықтарын қатар сақтай отырып, өз мүдделеріне бірінші кезекте назар аударылуына құқығы бар.

- Балалардың басқалардың өздеріне құрметпен және түсіністікпен қарауына құқығы бар.
- Балалардың кемсітушіліктен қорғану құқығы бар.
- Балалардың ақпарат алуға құқығы бар.
- Балалардың тыңдалу, өз пікірін білдіру және қауіптену құқығы бар.
- Балалардың тиімді көмек алуға құқығы бар.
- Балалардың жеке өміріне қол сұғылмауына құқығы бар.
- Балалардың сот ісін жүргізу үдерісі кезінде ауыр сынақтардан (қиыншылықтардан) қорғануға құқығы бар.
- Балалардың қауіпсіздікке құқығы бар.
- Балалардың арнайы алдын алу шараларына құқығы бар.
- Балалардың өздеріне келтірілген зиянды өтеттіріп алуға құқығы бар.

Интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және шара қолдану бойынша жергілікті биліктің артық күш жұмсауы зорлық-зомбылық, қатыгездік оқиғаларын ашуға даярлықты жоғарылататынын түсіну маңызды. Осыған қосымша, құрбандарды да, куәгерлерді де қоса алғанда, зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды қорғау, қолдау және олармен жұмыс істеуге күш салу олардың қауіпсіз, аман-есен болу сезімін арттырады, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын жақсартады.

## Балаларға арналған интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық оқиғаларына шара қолдануға арналған бағыттау тетіктері

Төменде мазмұндалған бағыттау тетіктері ведомствоаралық тәсілдемелердің және балаларға арналған интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық оқиғалары бағыттарының барлық кезеңдерінің сатылап сипатталуын қамтамасыз етеді.

### *1-кезең - Интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын анықтау және хабарлау*

Балалар осы осы бағыттау тетіктерінің басты назарында болуы тиіс. Интернаттық мекемелердегі барлық балалардың және қызметкерлердің балалар мекемелерде ұшырасуы мүмкін зорлық-зомбылықтың әртүрлі нысандарын білуін және түсінуін қамтамасыз ету керек, соның ішінде: психологиялық зорлық-зомбылық, физикалық зорлық-зомбылық (орташа және ауыр деңгейде), сексуалды сипаттағы сөздер айту және қыспаққа алу, қорқытып тартып алушылық, кибербуллинг, қатарластары арасында қудалаушылық (сөзбен, әлеуметтік-тұрмыстық және физикалық), кемсітушілік және дене жарақаттары. Мекеме қызметкерлерін қоса алғанда, балалар мен қызметкерлерді мекеме қабырғасында немесе одан тыс жерлерде жоғарыда аталған зорлық-зомбылықтың қандай да бір түрінің куәгері немесе құрбаны болған жағдайларда қажетті іс-қимылдарға үйрету керек.

Интернаттық мекемелердегі балалар өз мекемесінде өздері сенім білдіретін ересек адамға өздері куәгері немесе құрбаны болған зорлық-зомбылық туралы хабарлай алатынын түсінуі қажет. Интернаттық мекемелерде тұратын балалар сонымен қатар мектептегі өздері сенім білдіретін ересек адамға (яғни, мұғалімге, қызметкерге, мамандандырылған қызметкерге, директорға) хабарлай алатынын түсінуі қажет. Интернаттық мекемелерде және мектептерде жұмыс істейтін ересек адам өздері куәгері немесе құрбаны болған зорлық-зомбылық туралы хабарлаған балалардың ақпаратына шара қолдану қажеттігін, оқиға туралы хабарлаған бала туралы, оқиға болған жер туралы көбірек ақпарат алу, сонымен қатар зорлықтан кім жәбір көргенін, зорлық актісін жасаған адам немесе куәгері кім болғаны туралы ақпарат алу қажеттігін түсінуі қажет.

Балалардың қатысуымен болған, ересектер немесе басқа балалар жасаған зорлық-зомбылық оқиғасы туралы естіген интернаттық мекемелерде және мектептерде жұмыс

істейтін ересек адамдар мұндай зорлық-зомбылық оқиғасы туралы хабарлама үшін жауапты болатынын түсінуі тиіс. Егер, ересектер осы бағыттау тетіктері арқылы белгілі болған зорлық-зомбылық оқиғасы туралы хабарлауға құзыретті/міндетті болса, бұл ең дұрыс нұсқа болар еді.

Балалардың қатысуымен болған, ересектер немесе басқа балалар жасаған зорлық-зомбылық оқиғасы туралы естіген интернаттық мекеме қызметкерлері бірінші кезекте осы оқиға туралы мекеме директорына хабарлауы тиіс (мекеме директоры зорлық-зомбылық оқиғасын өзі жасаған немесе қолдау көрсеткен жағдайларды есепке алмағанда, мұндай жағдайда бұл оқиға туралы сыртқы органдарға дереу хабарлауы қажет). Интернат директорлары оқиғаны хабарлау және тергеу нысанындағы ақпаратты қоса алғанда, өз мекемелеріндегі балалардың қатысуымен болған зорлық-зомбылық оқиғалары туралы хабарламалардың барлық жазбаларын сақтауы тиіс (D-қосымшаны қараңыз). Оқиғаның хабарлау және тергеу нысаны мекеме директорына және қызметкерлеріне қарау мен тергеу үдерісі үшін талап етілетін ақпаратты жинауға және жазып алуға көмектеседі. Қарау және тергеу үдерісі шеңберінде мекеме директоры зорлық-зомбылық оқиғасын дереу тіркеу, зорлық нысанын, балаға қатысты құқық бұзушылардың әрекеттерінің қайталануын немесе бірінші рет болып отырғанын, зорлық-зомбылықтың құрбаны балаға және куәгерге келтірілген зардап деңгейін, оқиға туралы хабарлаған балаға және зорлық-зомбылық құрбандары мен куәгерлері дережесінде анықталған басқа балаларға төнген қауіп деңгейін анықтау үшін жауапты болады.

Хабарлама жүйесінің табыстылығын қамтамасыз ету үшін мекеме директоры мен қызметкерлері балаларға зорлық-зомбылық туралы барлық хабарламалардың дереу тергелетінін, зорлық-зомбылық туралы хабарлаған баланы зорлық жасаған басқа балалардан және/немесе мекеме қызметкерлерінен қорғау бойынша шаралар дереу қолданылатынын көрсетуі тиіс. Көмек сұраған балаға (зорлық-зомбылықтың құрбаны болған бала болсын немесе куәгер болсын) қатысты мекеме директорымен және қызметкерлерімен келісілген жоспарланған іс-қимылдарды тіркеу және жазып алу керек.

Интернаттық мекемедегі балалар мектептегі өздері сенім білдіретін ересек адамға мекемедегі зорлық-зомбылық оқиғасының құрбаны немесе куәгері болған оқиға туралы хабарлаған уақытта, осы ересек мектеп мұғалімі немесе қызметкер барынша мол ақпарат ауқымын жинау үшін, мысалы, оқиғаны хабарлау және тергеу нысанында ұсынылған ақпарат үшін жауапты болады. Осы ересек мектеп мұғалімі/қызметкері мектеп директорына жиналған ақпараттың берілуіне жауапты болады. Зорлық-зомбылық оқиғасы туралы хабарлаған баланы қорғау үшін осы оқиға туралы ақпарат мекемеге кері жіберілмеуі тиіс.

## *2-кезең – Интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын бағыттау*

Мектеп және интернат директорлары интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты орта және ауыр деңгейдегі зорлық-зомбылық оқиғасы туралы әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияны қоса алғанда, жергілікті мемлекеттік органдарға хабарлау үшін жауапты болады.

Интернаттық мекемедегі бала өзі сенім білдіретін мұғалімге/қызметкерге мекемедегі зорлық-зомбылық оқиғасының өзі құрбаны немесе куәгері болған оқиға туралы хабарлаған уақытта, осы ересек мектеп мұғалімі немесе қызметкері оқиға туралы ақпараттың мектеп директорына хабарлануына жауапты болады, ал мектеп директоры әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға әрі қарай қарау, тергеу, шара қолдану және мониторинг жүргізу үшін хабарлауға міндетті.[2]

Зорлық-зомбылық оқиғасы туралы хабарлаған баланы қорғау үшін осы оқиға туралы ақпарат мекемеге кері жіберілмеуі, дереу әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жіберілуі тиіс.

2 Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия облыстық және қалалық ішкі істер департаменттері сияқты ішкі істер органдарының (полиция департаменттерін қоса алғанда), Білім беру департаментінің, Еңбек және әлеуметтік қорғау департаментінің және Денсаулық сақтау департаментінің өкілдерінен құралады.

## Балаларға арналған интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық жағдайларын бағыттау тетіктері



**3-кезең**

**Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия (әкімдік)**

**Зорлық құрбандары мен куәгерлері болған балалар**

Зорлықтың құрбаны мен куәгерлері болған балаларды қорғау мен оңалтуды қоса алғанда, арнайы әлеуметтік қызметтер аясындағы іс-шаралардың қажеттілігін бағалаңыз, оларды үйлестіріп, ұйымдастырыңыз және өткізіңіз; әрбір зорлық құрбаны болған балаға әлеуметтік қызметкер/кейс-менеджер тағайындаңыз; қылмыс құрбаны болған бала мен куәгерге көрсетілген әлеуметтік қызметке мониторинг жүргізіңіз

Мыналарға жіберіңіз:

- Білім беру басқармасы
- Денсаулық сақтау басқармасы
- Қолдау көрсету қызметін жеткізушілер
- Қамқоршылық және қорғаншылық органдары
- Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы
- Әлеуметтік қызметкер /кейс-менеджер

**4-кезең**

**Дети-нарушители**

Скоординируйте, организуйте и проведите адресные вмешательства в отношении детей-инициаторов насилия; назначьте социального работника/ кейс-менеджера ребенку-нарушителю; проводите мониторинг оказания адресных вмешательств в отношении ребенка-нарушителя

Мыналарға жіберіңіз:

- Білім беру басқармасы
- Денсаулық сақтау басқармасы
- Қолдау көрсету қызметін жеткізушілер
- Қамқоршылық және қорғаншылық органдары
- Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы
- Әлеуметтік қызметкер /кейс-менеджер

**Полицияға жүгіну**

**Прокуратура органдарына жүгіну**

**Интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық оқиғаларын тергеу және қарау; құқық бұзушы балаға жаза тағайындау**

**Сотқа жіберу**

**5-кезең**

**Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия (әкімдік)**

Балаларға арналған интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларының реттелуіне мониторинг жүргізу және бағалау, зорлықтың құрбаны мен куәгерлері болған балаларды қорғау мен оңалту қызметін көрсету және үйлестіру, зорлық жасауға кінәлі болған тәуекел және жоғары тәуекел тобындағы балаларға арналған араласу шаралары, мұндай оқиғаларды реттеу бойынша ақпараттандырылған ұсынымдар

Орта және ауыр деңгейдегі зорлық-зомбылық оқиғалары әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға және полицияға тергеу үшін жіберілуі тиіс. Мұндай оқиғалар төмендегілерді қамтиды, бірақ бұлармен шектелмейді:

1. физикалық зорлық-зомбылық қаупі немесе балаға зиян келтіру;
2. жарақаттау арқылы физикалық зорлық-зомбылық;
3. қару қолданылған физикалық зорлық-зомбылық;
4. сексуальдық сипаттағы сөздер айту және қыспаққа алу;
5. баланың ақшасын тартып алу;
6. балаға физикалық және психологиялық зиян келтірген қатарластары тарапынан көрсетілетін қудалау мен қорқыту;
7. балаға физикалық немесе психологиялық зиян келтірген дене жазалаулары.

Бала жарақаттанған жағдайда оны күтім жасау және жарақатын емдеу үшін дереу медициналық мекемеге жіберу қажет, жарақатын кейіннен тергеу және кінәлі тұлғаларды жазалау мақсатында уәкілетті тұлға тиісті деңгейде тіркеуі тиіс.

**Медициналық мекеме мыналарды:**

1. жарақаттанған балаға медициналық көмек көрсетуге және емдеуге, психиатриялық қолдау жасауға және зорлық құрбаны болған балаға және құқық бұзушы балаға медициналық оңалту жүргізуі;
2. төменгі тұрған ұйымдарға жарақаттанған балалардың келіп түскені туралы және оларға медициналық көмек көрсету қажеттілігі туралы хабарлауы тиіс.

Әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия құзыретті органдармен және денсаулық сақтау мекемелерімен бірлесіп жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес зорлық деңгейін бағалау (жеңіл, орта немесе ауыр) бойынша барлық қажетті қадамдарды қолдануы тиіс. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия балаға төнген қауіп деңгейін (жеңіл, орта немесе ауыр) де бағалауы тиіс және оқиға туралы хабарлаған баланың және зорлық-зомбылықтың құрбаны болған баланың қорғалуына көз жеткізуі тиіс.

## Қатерлер мен қажеттіліктер деңгейі




Егер оқиға туралы хабарлаған бала немесе зорлық-зомбылықтың құрбаны болған бала әрі қарай қудалау, қорқыту немесе зорлық жасау қаупіне ұшыраса, Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия Білім беру басқармасымен, қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен бірлесіп оқиға туралы хабарлаған баланы немесе зорлық-зомбылықтың құрбаны болған баланы дереу қорғау үшін шешім қабылдауы тиіс. Ақпарат ұсынғаны үшін басқа бала-

лар мен мекеменің директоры, қызметкерлері тарапынан кемсітушілікке, қудалауға немесе жазалауға ұшырамауы, оған қорғау және қолдау көрсету үшін баланы басқа интернаттық мекемеге немесе отбасы типіндегі ортаға жіберу туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия баланың жеке ісін жүргізетін және бала мүддесінің ескерілуі мен үдеріс кезеңінде оның құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін әлеуметтік қызметкерді/кейс менеджерді тағайындауы тиіс. Ешқандай жағдайда әлеуметтік қызметкер (кейс-менеджер) зорлық-зомбылықтың құрбаны болған бала мен құқық бұзушы баланың істерін бір уақытта қатар жүргізбеуі тиіс.

Мекеме және/немесе мектеп директоры (ақпаратты кімнің бірінші алуына және шара қолдануына қарай) қызметтік қажеттілік ұстанымы негізінде, Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия анықтауына және ұлттық заңдар мен рәсімдерге сәйкес құпиялылығына қатысты кез келген оқиға туралы хабардар болуы тиіс. Зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәгері болған не хабарлаған балаға қолдау көрсететін және қорғайтын мамандарды ғана ақпаратпен қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдану қажет. Осылайша, Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның бала ісіндегі кез келген өзгерістер туралы ақпаратты бірінші алған немесе шара қолданған мекеме немесе мектеп директорымен ақпарат алмасуы баланың пайдасына шешіле ме, жоқ әлде бұл құпиялылықты бұза ма немесе бұл іс бойынша зорлық-зомбылықтың құрбаны болған бала немесе куәгерлердің кез келгеніне әрі қарай зиян келтіре ме деген мәселені мұқият қарауы маңызды.

## *3-кезең – Интернаттық мекемедегі зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаға қолдау жасау және қорғау бойынша қызметтер көрсету*

Интернаттық балалар мекемелерінде зорлық-зомбылық оқиғасы болған жағдайда, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар көбінесе қорғау және оңалту бойынша қызметтерді қоса алғанда, арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж болады. Кейбір жағдайларда арнайы әлеуметтік қызметтерге куәгер балалар да мұқтаж болады. Құқық бұзушы балалар да олардың агрессивті әрі зорлық мінез-құлқы және агрессия мен зорлық-зомбылық көрсетуге итермелейтін (алкоголь немесе есірткі қолдану) басқа да мінез-құлық мәселелерін шешу үшін атаулы араласу шараларына мұқтаж болады. Арнайы әлеуметтік қызметтер «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заң анықтамаларына сәйкес арнайы қызметтер көрсету стандарттары мен әлеуметтік қызметтердің кепілді пакеттерін қамтиды. Заңға сәйкес, интернаттық мекемедегі зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға, куәгер балаларға және/немесе зорлық жасаушы балаларға көрсетілетін арнайы әлеуметтік қызметтерді Үкімет жүзеге асырады.

**Әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия:**

1. мемлекеттік органдарды және кәмелетке толмаған құқық бұзушылар профилактикасы және кәмелетке толмағандарды немқұрайлы, қатыгез қарым-қатынастардан және зорлық-зомбылықтан қорғау, сонымен қатар балалар құқықтарын қорғау қызметін жеткізушілерді үйлестіруге;
2. балалардың денсаулығы мен әл-қуатына орта және ауыр деңгейдегі зиян келтіретін зорлық-зомбылық оқиғаларын қарау, тергеу және шара қолдану жөніндегі мемлекеттік органдарды үйлестіруге;
3. интернаттық мекемедегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыруда және жүзеге асыруда қызмет көрсетушілерге көмектесуге;
4. мекемелерде зорлық-зомбылық оқиғалары анықталған жағдайда кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды қоса алғанда, балаларға арналған интернаттық мекемеде инспекция жүргізуде мемлекеттік органдарды үйлестіруге;
5. қызмет көрсетушілердің қолдауымен интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық нәтижесінде зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларды оңалту бойынша арнайы әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыру және көрсетуге;

6. қызмет көрсетушілердің қолдауымен интернаттық мекемедегі зорлық-зомбылыққа бастамашы болған балаларға қатысты араласу шараларын ұйымдастыру және жүргізуге;
7. белгіленген араласу шараларына сәйкес зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға, куәгерлерге және құқық бұзушы балаларға арнайы әлеуметтік қызметтердің көрсетілуіне мониторинг жүргізуге тиіс.

Әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия мыналарды қоса алғанда, мемлекеттік органдармен, облыстық және жергілікті деңгейлердегі әлеуметтік қызметтерді жеткізушілермен бірлесіп, үйлестіру қызметтерін жүзеге асыруы тиіс:

1. Білім басқармасы
2. Денсаулық сақтау басқармасы
3. Қолдау жөніндегі қызметтерді жеткізуші
4. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары
5. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі полиция инспекторларын қоса алғанда, Ішкі істер департаменті
6. Еңбек және әлеуметтік қорғау департаменті
7. Балаға бекітілген әлеуметтік қызметкерлер/кейс-менеджерлер.

### Білім басқармасы:

1. Қолданыстағы стандартарға сәйкес арнайы әлеуметтік қызмет көрсету мақсатында интернаттық мекемеде зорлық-зомбылық жасалған баланың қажеттіліктеріне талдау және мониторинг жасауға тиіс.

### Денсаулық сақтау басқармасы:

1. Интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық құрбандары және куәгерлері болған балаларға, сонымен қатар құқық бұзушы балаларға медициналық көмек көрсету және психологиялық қолдау жасауға тиіс.

### Қолдау қызметтерінің жеткізушілері:

1. зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларды, куәгерлерді және зорлық жасаушы балаларды қабылдауға;
2. зорлыққа қатыстырылған балаларға қажетті психологиялық, педагогикалық, медициналық және заңдық қолдау жеткізімдерін ұйымдастыру, оларды медициналық көмек көрсету және әрі қарай оңалту үшін денсаулық сақтау мекемелеріне жіберуге;
3. балаларға мүмкіндігінше уақытта баспана беруге тиіс;
4. интернаттық балалар мекемесінде зорлыққа ұшыраған балаларға қолдау көрсету қызметтері мемлекеттік қаржыландыру есебінен көрсетілуі тиіс.

### Қорғаншылық және қамқоршылық органдары:

1. ата-анасынан айырылған балаларға күтім жасау, қолдау көрсету және білім беру, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға;
2. зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға, куәгерлерге, егер бұл шаралар осы балалардың қауіпсіздігі мен амандығын қамтамасыз етудегі мүдделеріне сай келсе, басқа интернаттық мекемеге ауыстыруды қоса алғанда, Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиямен бірлесіп және қызмет жеткізушілерінің қолдауымен интернаттық балалар мекемесінде зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға, куәгерлерге қолдау көрсету және қорғауға тиіс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексіне, Қылмыстық атқару кодексіне, сонымен қатар 2002 жылғы «Бала құқықтары туралы» Заңға және 2004 жылғы «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактика-

сы және балалардың қорғансыздығы мен бақылаусыздығын болдырмау туралы» Заңға сәйкес Кәмелетке толмағандар істері бойынша полиция инспекторларын қоса алғанда, Ішкі істер департаменті:

1. Әрі қарай болатын құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін құқық бұзушы балаларға мониторинг жүргізуге тиіс. Ол үшін:
   - превентивті тіркеу жүргізу және превентиквті бақылауды жүзеге асыруға;
   - интернаттық мекемелердің басқа балаларына немесе қызметкерлеріне қатысты зорлық-зомбылық актілерін қоса алғанда, құқық бұзушылыққа қатысқан кәмелетке толмағандарды тіркеуге;
   - интернаттық мекеменің басқа балаларына немесе қызметкерлеріне қатысты орта немесе ауыр деңгейдегі зорлық актілерін жасаған балаларға қатысты санкция алу үшін прокуратураға хабарласуға;
   - интернаттық мекеменің басқа балаларына немесе қызметкерлеріне қатысты орта немесе ауыр деңгейдегі зорлық актілерін жасаған балаларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтың ізіне түсу үдерісін жүзеге асыруға тиіс.

**Еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы:**

1. интернаттық мекемеде зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларды және куәгерлерді, сонымен қатар құқық бұзушы балаларды әлеуметтік қорғау мәселелерін үйлестіруге;
2. интернаттық мекемеде зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға және куәгерлерге оларды қорғау, медициналық күтім жасау және оңалту үшін арнайы әлеуметтік қызметтерді қаржыландыруға қаражат бөлінуін қамтамасыз етуге;
3. құқық бұзушы балаларды оңалтуды қолдау мақсатында арнайы әлеуметтік қызметтерді қаржыландыруға қаражат бөлінуін қамтамасыз етуге тиіс.

**Балаға бекітілген әлеуметтік қызметкер/кейс-менеджер:**

1. қолдау және оңалту бойынша қызметтерді қоса алғанда, балаға арнайы әлеуметтік қызметтердің ұсынылуын үйлестіруге көмектесуге;
2. балаға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету және оның қажеттіліктері негізінде тиімділігін бағалауға мониторинг жүргізу үшін арнайы әлеуметтік қызмет көрсетумен айналыса-тын мекемелермен/мамандармен/ұйымдармен тұрақты әрекеттестікте болуға;
3. баланың қауіпсіздігі мен аман-есендігіне, көрсетілетін арнайы әлеуметтік қызметтерге қолы жетімділігіне мониторинг жүргізу, баланың басым мүдделерін есепке алу және түсіну үшін балаға тұрақты барып тұру және хабарласып тұруға;
4. кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия алдында балаға көрсетілетін арнайы әлеуметтік қызметтердің тиімділігі туралы және егер қажет болса, оларға өзгерістер енгізу туралы тұрақты есеп беруге тиіс.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия және баланың әлеуметтік қызметкерлері/кейс-менеджерлері қызмет жеткізушілерінің көмегімен балаға көрсетілген қорғау және оңалту бойынша қызметтердің тиімділігіне мониторинг жүргізуі тиіс және төмендегілерге қатысты шешім қабылдауы тиіс:

1. жоспарға сай баланы қорғау және арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді жалғастыру;
2. жоспардағы кейбір өзгерістермен баланы қорғау және арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді жалғастыру;
3. баланы қорғау және арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді аяқтау, себебі оның денсаулығы мен аман-есендігі қалпына келтіріледі, ал балаға қатысты зорлық-зомбылық жасау қаупі жойылады немесе тиісті деңгейде төмендетіледі.

## *4-кезең –интернаттық мекемелердегі зорлық-зомбылық оқиғаларын тергеу және сотта қарау*

Әкімдік жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия интернаттық мекемедегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын тергеу үшін полицияға және прокуратураға жібереді. Тергеу зорлық деңгейін анықтау мақсатында және құқық бұзушы балалар немесе құқық бұзушы ересек адам сотта қарауға тартылуға тиіс пе деген мәселені шешу үшін жүргізіледі. Соттар прокуратурамен бірлесіп, құқық бұзушы жазалануы не баланың мінез-құлқына байланысты мәселелерді шешу үшін және оңалту үшін атаулы араласу шараларын орындауға міндетті ме деген мәселеге қатысты шешім шығарады.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия және әрбір зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаға, куәгерге және құқық бұзушы балаға бекітілген әлеуметтік қызметкерлер /кейс-менеджерлер тергеу барысы, сот қараулары және құқық бұзушы баланың жазалануы істерінен хабардар болуы маңызды.

Құқық бұзушы балаларды тиімді оңалту үшін Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия мен сот органдары баланың агрессивті және құтырған мінез-құлқына және басқа факторларға (мысалы, ішімдікке салыну/есірткіге салыну, құқық бұзушы топтарға кіруге) байланысты мәселелерді шешуге бағытталған жеке және атаулы араласу шараларын атқара алатын мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара бірлесіп жұмыс істеуге тиіс.

Құқық бұзушы балаларды оңалтуға бағытталған атаулы араласу шаралары төмендегі құрамдас бөліктерді қамтуы тиіс:

- баланың агрессивтік, құтырған және проблемалы мінез-құлқын анықтау;
- баланың анықталған проблемалы мінез-құлқы мен қажеттіліктеріінің басымдылық деңгейін анықтау;
- анықталған қажеттіліктер мен мінез-құлық проблемаларын шешу мақсатында қабылданға тиіс шаралар;
- келісілген шаралар мен қызметтерді ұсынуға жауапты тұлғалар, ұйымдар және қызметтер;
- шараларды орындау немесе қызмет көрсету мерзімдері.

Прокуратура және соттар Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиямен және құқық бұзушы балаға бекітілген әлеуметтік қызметкермен/кейс-менеджермен бірлесіп атаулы араласу шараларының жоспарын әзірлеуі тиіс. Бұл жоспардың міндеті құқық бұзушы баланы оңалту, агрессивтік және қатыгез мінез-құлқын түзету үшін қажетті келісілген арнайы әлеуметтік қызметердің толық спектрін анықтау. Баланың әлеуметтік қызметкері/кейс-менеджері әлеуметтік қызметтердің ұсынылуына және қол жеткізген ілгерілеушіліктерге, жағдайға мониторинг жасау үшін тұрақты түрде балаға барып тұруы тиіс. Баланың әлеуметтік қызметкері/кейс-менеджері Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиямен бірлесіп, сонымен қатар араласу бойынша іс-шаралар жоспарының барысына мониторинг жасауы және қажет болғанда қажетті түзетулер енгізуі тиіс.

## *5-кезең – Зорлық-зомбылық оқиғаларының реттелуіне мониторинг жүргізу және бағалау*

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия әлеуметтік қызметкерлермен/кейс-менеджерлермен бірлесіп, интернаттық балалар мекемесіндегі зорлық-зомбылық оқиғаларын реттеу кезеңдерін бағалауға және мониторинг жүргізуге тиіс. Мониторинг жүргізу және бағалау зорлық-зомбылық қаупі қалыпты деңгейге дейін төмендегеніне талдау жасауды; басқаша айтқанда, зорлық-зомбылықтың құрбаны балалар зорлық-зомбылыққа әрі қарай ұшырамауы, ал құқық бұзушылар жазалануы; қажет болғанда, мінез-құлыққа қойылатын қоғамда бекітілген талаптарға сәйкестендірілуіне жасалатын талдауды қамтуы тиіс. Мониторинг жүргізу және бағалау шеңберінде мекеме директорлары мен қызметкерлеріне құқық бұзушылардың тәртібі нашарлаған жағдайда оларды тиісті жерлерге қайта бағыттау рәсіміне қатысты нұсқаулар берілуі тиіс. Қиындықтар қайта туындаған және құқық бұзушыларға қосымша шаралар қажет болған жағдайда олардың істері кейс-менеджменттің барлық кезеңдерін қайта іске асыру арқылы қайта жүргізілуі мүмкін.

# А ҚОСЫМШАСЫ

## Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған орай әсер ету бойынша бағдарлама туралы ата-аналарға ақпарат беруге арналған хат үлгісі

[Күні]

Құрметті ата-ана,

Бәлкім, сіз біздің мектептегі жаңа бастамамыз туралы жаңалықтарды ендігі естіген боларсыз!

[Мектептің атауы] «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған орай әсер ету бойынша үлгілік бағдарламаны» ендіреді. Бұл бағдарламаға Білім және ғылым министрлігі қолдау көрсетеді. Бағдарлама оқушылар арасындағы академиялық үлгерім мен мінез-құлық дағдыларын ілгері жылжытып, барынша жақсартады. Бұл жалпымектептік бағдарлама барлық оқушылардың маңызды әлеуметтік және білім беру мақсаттарына жетуіне, сондай-ақ мектебіміздің этикалық ережесін сақтауына көмектеседі. Жақсы мінез-құлық пен сапалы білім бірлескен кезде балаларымыз оқуда жетістіктерге жететінін білеміз.

Бағдарламаның бір бөлігі ретінде біз бір қатар түсінікті мінез-құлық ережелерін бекіттік, [мектептегі мінез-құлық ережесін көрсету қажет] қоса алғанда, оның іске асуын мектебімізден күтіп отырмыз. Біз барлық оқушыларды осы ережелерге үйретеміз және оларды жақсы мінез-құлықтары үшін ауызша мадақтаулармен және жүлделермен марапаттаймыз. Барлық оқушыларға қатысты этика ережелері дәліздерден, асханадан, спорт залынан, спорт алаңдарынан бастап бүкіл мектеп бойынша ілініп қойылады. Сіздің өз балаңыздан (оқушыдан): «Мектептеріңде қандай ережелер бар?», «Бұл ережелерді сен қалай сақтайсың?», «Мұғалім сен ережелерді орындап жатқаныңды көргенде қандай жағдай болады?» деп сұрауыңызға болады.

Біздің мектеп ережелері мектепте неғұрлым қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету және уақыттың басым бөлігін оқуға арнау үшін, проблемалы мінез-құлықты да, мектептегі зорлық-зомбылықты да ескеретін болады. Біз мінез-құлықтары проблемалы балаларға қолдау көрсету мен мақсатты нұсқаулықтардан бастап барлық оқушыларға келісілген салдар мен дұрыс бекітуді қолданатын боламыз. Біз сондай-ақ мінез-құлқында қиындығы бар балалармен жұмыс істеу және оларға бақылау жасау үшін мектепте қауіпсіздік тобын құрдық. Егер қандай да бір мәселелер туындай қалса немесе балаңыздың мектептегі басқа балалармен бірге тап болған қиындықтары туралы хабарлағыңыз келсе, сіз топ мүшесімен байланыса аласыз.

Біз оқушыларға жақсы мінез-құлықты әдетке айналдыруға көмектесе отырып, табысқа жетіп, дамуға ықпал ететін мектеп ортасын құратынымызға сенімдіміз.

Біз Сіздерді бағдарламамызға қатысуға шақырамыз. Сіздер мектепте бізбен байланысу арқылы қызықтыратын сұрақтарыңызды қойып, неғұрлым толық ақпарат ала аласыздар. Қолдау көрсеткендеріңізге алғысымызды білдіреміз!

Құрметпен,

[Директордың аты}

[Байланыс ақпараты]

# В ҚОСЫМШАСЫ

## Мектептің этика ережелері матрицаларының үлгісі

| | | | |
|---|---|---|---|
| Спорт алаңы | | | |
| Дәретхана | | | |
| Дәліздер мен баспалдақ торлары | | | |
| Асхана | | | |
| Сынып | | | |
| Этикалық ереже | | | |

# С ҚОСЫМШАСЫ

## «Алтын жұлдыз» арқылы көтермелеу бағдарламасы бойынша нұсқаулық

***«Алтын жұлдыз» марапаты***

________________________________________ атынан

________________________________ жақсы мінезі үшін марапатталады

Күні ____________________

1. «Алтын жұлдыз» марапатының купондарын кез келген мектеп қызметкері мектептегі этика ережелеріне сай нақты, айқын, қолдануға болатын және жағымды мінез-құлық үлгілерін көрсеткен кез келген оқушыға бере алады (мысалы, «Өзіңді сыйлау, өзгені сыйлау және мүлікті сыйлау» немесе «Жауапкершілікті болу, сыйластықпен қарау және қауіпсіздікте болу» және этика ережелері матрицасында көрсетілген басқа ережелер).

   «Алтын жұлдыз» марапатының купондары баланың жалпы алғандағы мінез-құлқы немесе ұзақ мерзім ішіндегі мінез-құлқы үшін емес, белгілі бір уақыт ішінде көрсететін нақты, айқын, қолдануға болатын және жағымды мінез-құлықты мойындау үшін қолданылуы тиіс. Мысалы, «Алтын жұлдыз» марапатын бұрын өзін олай ұстамаған, бірақ қазір әсіресе қауіпсіз, жауаптылықпен немесе дәлелді мінез-құлық көрсеткен балаға берген дұрыс (мысалы, бала сабаққа ықыласты және жанында немесе алдында отырған баланың мазасын алмаса (егер ол бұрын осылай жасаған болса).
2. Мектептің қауіпсіздік тобы, мектеп қызметкерлерінің әр бір мүшесінде апта ішінде қажеттілік бойынша оқушыларды марапаттауға қолдана алатын «Алтын жұлдыз» купондарының саны жеткілікті екендігіне көз жеткізуі керек.
3. Мектептің қауіпсіздік тобы «Алтын жұлдыз» марапатына арналған стендті мектеп фойесіне орналастырғаны дұрыс. Стенд мектеп миссиясынан, 3-5 этика ережесінен, этика ережелерінің матрицасынан, мектептегі зорлық-зомбылық анықтамаларынан, «Алтын жұлдыз» марапатының мәзірінен және апта ішінде жұлдыз алған оқушылардың есімдерін өздерінің «Алтын жұлдыз» марапатының купондарын достарымен бірге түскен суреттерін орналастыру үшін пайдалану туралы шешім қабылдаған оқушылардың суреттерімен бірге апта бойына стендке орналастыруға арналған бос кеңістіктен тұрады. Стендтің жанынан өтіп бара жатқан оқушылар, ата-аналар мен мектеп қызметкерлері назар аударатындай креативті және жарқын болуға тиіс.
4. Әр бір сынып жетекшісі өзінің оқушыларымен «Алтын жұлдыз» марапатының сыныпішілік стендін жасау бойынша жұмыс істейді. Әр бір сыныптың мектеп миссиясы, этика ережесі, сынып ережесі, «Алтын жұлдыз» марапатының мәзірі және барлық оқушылар үшін «Алтын жұлдыз» марапатының купондарын орналастыру және/немесе санап шығуға арналған жеткілікті бос орыннан тұратын «Алтын жұлдыз марапаттары» стенді болуы тиіс.
5. Балаға «Алтын жұлдыз» марапатының купонын тапсырған кезде мектеп қызметкері оны қандай мінез-құлқы үшін марапаттап тұрғанын бірден түсіндіруі тиіс. Купонда балаға

марапат тапсырған мектеп қызметкерінің атымен бірге оқушының аты, бала көрсеткен үлгілі мінез-құлқы және күні көрсетілуі тиіс.

6. Балаға «Алтын жұлдыз» марапатының купонын табысталғаннан кейін оны кейін қайтарып алуға болмайды!

7. «Алтын жұлдыз» марапатының купондарын мұғалімдердің жекелеген оқушыны бөліп алып көрсету немесе жекелеген оқушыны кемсіту үшін пайдалануына болмайды. Барлық оқушылар мектептің этика ережелеріне сәйкес қабылдауға болатын әрі тілекке сәйкес нақты, айқын үлгісін көрсеткен жағдайда «Алтын жұлдыз» марапатының купондарын алу құқығына ие болуы тиіс.

8. Әр бір сыныпта барлық оқушылардың апта бойында алған купондары бойынша көрме ұйымдастыру қажет. Оны сынып оқушыларының аты-жөні және жанында олардың алған «Алтын жұлдыз» марапат купондарын тіркеуге арналған орны бар хабарландырулар тақтасы түрінде жасауға болады.

9. Жұма сайын лоторея өткізген дұрыс: апта бойында алынған барлық купондарды сыныптағы купонға арналған түтікке салып, осы түтіктен бір купонды суыру қажет. Купонда аты жазылған оқушы сыныптағы «Аптадағы Алтын жұлдызды оқушы» атын иеленеді.

10. Оқушылар өздерінің «Алтын жұлдыз» марапатының купондарын сақтап қойып, кейіннен оларды «Алтын жұлдыз» марапатының мәзірінен көтермелеу сыйлықтары мен сынып артықшылықтарын алу үшін пайдалануына болады (келесі бетті қараңыз). Балалардың өздерінің артықшылықтарын айына кемінде бір рет пайдалануын көтермелеу қажет. Мектептер «Алтын жұлдыз» марапатының мәзірін өздерінің талаптары мен ресурстарына сәйкес келтіру үшін өзгерте алады.

## «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ» МАРАПАТЫНЫҢ МӘЗІРІ

*Осы тізімді үлгі ретінде қолдана отырып, әр мектепке өз марапаттар тізімін әзірлеу ұсынылады*

| Бағасы | Мәзір |
|---|---|
| 2 купон | Мұғалім ата-анаңызға сіздің үлгілі мінез-құлқыңыз туралы хабарлама жібереді |
| 5 купон | Мектеп директорының кабинетінен жаңа қарындаш алу |
| 5 купон | Сыныптан тыс оқуда мұғалім оқып беретін кітапты таңдау мүкіндігі |
| 5 купон | Мектеп директорының кабинетінде болу |
| 5 купон | Бір сабақта досыңмен бірге отыруға рұқсат алу |
| 5 купон | Үйге бір түнге кітапхананың/сыныптың кітабын алу |
| 10 купон | «Алтын жұлдыз» марапаты бағдарламасындағы сіздің жетістіктеріңіз мойындалған сетрификатты алу |
| 10 купон | Өзіңіздің таңдауыңыз бойынша сынып алдында дауыстап кітаптан үзінді оқу |
| 10 купон | Мұғалімнің келісімімен кітапханада кітап оқу үшін қосымша 15 минут уақыт алу |
| 10 купон | Мұғалімнің келісімімен компьютерде отыру үшін қосымша 15 минут уақыт алу |
| 10 купон | Мұғалімнің келісімімен көркем шығармашылыққа/сурет салуға бөлінген қосымша 15 минут уақыт алу |
| 10 купон | Тамақ алу үшін асханада пайдалануға болатын купон алу |
| 10 купон | Сыныпта бір күн бойына отырғыңыз келетін орынды таңдау |
| 10 купон | Сіздің және достарыңыздың суреттерін «Алтын жұлдыз» марапатының қабырға тақтасына 1 аптаға ілу |
| 10 купон | Мұғалімге бір күн бойына көмекші болу |
| 10 купон | Кішкентай балаларға кітап оқып беру |
| 15 купон | Таңдауыңыз бойынша мұғаліммен немесе мамандандырылған мектеп қызметкерінің мүшесімен бірге түскі ас ішу |
| 15 купон | Музыка кабинетінде екі досыңызбен 20 минут билеу |
| 15 купон | Спорт залында 2 досыңызбен және мұғаліммен 20 минут футбол/баскетбол ойнау |
| 30 купон | Бүкіл сынып үшін дене жаттығуларына қосымша 15 минут * |
| 30 купон | Бүкіл сынып үшін сыныптан тыс сабақ өткізу* |

**Бүкіл сынып бұл жүлдені алу үшін өз купондарын біріктіруге дауыс бере алады.*

# D ҚОСЫМШАСЫ

## Оқиғаны хабарлау және тексеру үлгісі

| ОҚИҒАНЫ ХАБАРЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ҮЛГІСІ |
|---|
| Есеп берілген күн: |
| Оқиға туралы хабарлаған адамның аты-жөні: ___________________________________ |
| Оқиға туралы хабарлаған адамның мәртебесі: _____ Оқушы ____ Мұғалім ____ Қызметкер _____ Ата-ана ____ Басқа (нақтылаңыз ____) |
| Оқиға болған күн: |
| Оқиғаны сипаттау: |
| Пролбемалы мінез-құлық:<br>_____ Үйлеспейтін ______ Жаман сөз _____ Тонау/ұрлық<br>_____ Бұзақылық ______ Төбелес/дене агрессиясы _____ Қорқытып алушылық<br>_____ Сыйламастық _____ Қатарластарын немесе мұғалімді қорқыту _____ Вандализм<br>_____ Кешігу ______ Қатарластарына ат тағу/мазақтау ______ Басқа (сипаттау) |
| Оқиға кезінде денсаулыққа зиян келді ме? _______ Иә _______ Жоқ<br>Зардап шеккендердің саны ________<br>Зардап шеккендердің аты-жөні, ______________________________________________<br>Қандай жарақаттар алынды? ______________________________________________<br>Денсаулығына зиян келген адам медициналық көмек алуға жіберілді ме? ___ Иә ___ Жоқ |
| Оқиғаға тікелей қатысқан балалардың есімдері («кінәлі» немесе «құрбан» сөздерінің бірін қоршаңыз):<br>1. ____________________________________________ (кінәлі немесе құрбан)<br>2. ____________________________________________ (кінәлі немесе құрбан)<br>3. ____________________________________________ (кінәлі немесе құрбан)<br>4. ____________________________________________ (кінәлі немесе құрбан)<br>5. ____________________________________________ (кінәлі немесе құрбан)<br>6. ____________________________________________ (кінәлі немесе құрбан) |

Оқиғаға куәгер болған оқушылардың аттары:

1. ____________________________________________
2. ____________________________________________
3. ____________________________________________
4. ____________________________________________
5. ____________________________________________
6. ____________________________________________

Оқиғаға куәгер болған мұғалімдердің/қызметкерлердің аты-жөндері:

1. ____________________________________________
2. ____________________________________________
3. ____________________________________________
4. ____________________________________________
5. ____________________________________________

Бұл бір рет болған оқиға ма _____, жеке оқиға ма ______ қайталанған мінез-құлық па?

Оқиғаға кінәлі немесе құрбандар ретінде тікелей тартылған оқушылардың аты-жөндері. Оқиғаға тікелей тартылған әрбір бала үшін тәуекел деңгейін анықтаңыз: тәуекелден тыс, тәуекел тобынан немесе жоғары тәуекел тобынан.

☐ Тәуекелден тыс бала – баланың бойынан бұрын проблемалы мінез-құлық байқалмаған, ол мектеп белгілеген этика ережелерін жүйелі түрде сақтайды.

☐ Тәуекел тобындағы бала – проблемалы мінез-құлықтың төменгі деңгейі (ауыр емес) байқалған және мектеп белгілеген этика ережелерін қайта-қайта бұзатын немесе сақтауға қабілетсіз бала.

☐ Жоғары тәуекел тобындағы бала – басқа балаларға және/немесе мектеп қызметкерлеріне сотқар, агрессивті және қатал мінез-құлық танытатын, сондай-ақ үнемі проблемалы мінез-құлық көрсетіп, екінші қайтара әсер ету шараларына жауап қайтармайтын бала.

1. ______________________ ☐ тәуекелден тыс ☐ тәуекел тобы ☐ жоғары тәуекел
2. ______________________ ☐ тәуекелден тыс ☐ тәуекел тобы ☐ жоғары тәуекел
3. ______________________ ☐ тәуекелден тыс ☐ тәуекел тобы ☐ жоғары тәуекел
4. ______________________ ☐ тәуекелден тыс ☐ тәуекел тобы ☐ жоғары тәуекел
5. ______________________ ☐ тәуекелден тыс ☐ тәуекел тобы ☐ жоғары тәуекел
6. ______________________ ☐ тәуекелден тыс ☐ тәуекел тобы ☐ жоғары тәуекел

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ НЫСАНЫ ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ТӘУЕКЕЛ ТОБЫНДА НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ ТӘУЕКЕЛ ТОБЫНДА АНЫҚТАЛҒАН ӘРБІР БАЛАҒА ТОЛТЫРЫЛАДЫ

Қосымша ақпарат:

# Е ҚОСЫМШАСЫ

## Оқиғалар туралы ай сайын берілетін қорытынды хабарламалар үлгісі

| |
|---|
| Мектептің атауы: ___________________________________________ Айы: ____________________ |
| Бір айдың ішінде хабарланған мектептегі зорлық-зомбылық жағдайларының жалпы саны ______________ |
| Бір айдың ішінде мектепте жасалған зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлаған адамдардың әрбір санат бойынша жалпы саны _______ Оқушылар _______ Оқушы _______ Қосымша қызметкерлер _______ Ата-ана _______ Басқа |
| Бір ай ішінде толтырылған оқиғалардың хабарламалары мен тергеу нысандарының жалпы саны________ |
| Бір ай ішінде хабарланған проблемалы мінез-құлық/зорлық-зомбылық жағдайларының әрбір түрі бойынша жалпы саны?<br>______ Үйлеспейтін<br>______ Сыйламау<br>______Жаман сөз<br>______ Қатарластарын/мұғалімді қорқыту<br>______ Ұрлық<br>______Вандализм<br>______ Бұзақылық<br>______ Кешігу<br>______ Төбелес/физикалық агрессия<br>______Қатарластарын ғайбаттау/мазақтау<br>______ Қорқытып ақша алушылық<br>______ Басқа |
| Бір ай ішінде анықталған бәлекор балалардың жалпы саны ________________ |
| Бір ай ішінде анықталған құрбан балалардың жалпы саны ________________ |
| Бір ай ішінде анықталған куәгер балалардың жалпы саны _______________ |
| Бір ай ішінде анықталған мыналар ретінде жіктелген балалардың жалпы саны:<br>Тәуекелден тыс бала _________________<br>Тәуекел тобындағы бала _____________________<br>Жоғары тәуекел тобындағы бала __________________ |
| Бір ай ішінде анықталған зорлық-зомбылықтың салдарынан жарақат алған балалардың жалпы саны_____ |
| Бір ай ішінде орындалған мінез-құлықты бағалаудың жалпы саны __________________ |
| Бір ай ішінде екінші қайтара әсер ету шараларына қатысқан балалардың жалпы саны __________________ |
| Бір ай ішінде үшінші қайтара әсер ету шараларына қатысқан балалардың жалпы саны___________ |

# F ҚОСЫМШАСЫ

## Мінез-құлықты бағалау үлгісі

| МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ ҮЛГІСІ |
|---|
| Мінез-құлықты бағалау мыналарға:<br>• Тәуекел тобындағы балаға – проблемалы мінез-құлықтың төменгі деңгейі (ауыр емес) байқалған және этика ережелерін қайта-қайта бұзатын немесе сақтауға қабілетсіз балаға.<br>• Жоғары тәуекел тобындағы балаға – басқа балаларға және/немесе мектеп қызметкерлеріне сотқар, агрессивті және қатал мінез-құлық танытатын, сондай-ақ үнемі проблемалы мінез-құлық көрсетіп, екінші қайтара әсер ету шараларына жауап қайтармайтын балаға қатысты жүргізілуге тиіс. |
| Мінез-құлықты бағалау нысанының бірнеше құрамдас бөліктері бар, олар:<br>• Оқушыны білетін, оқушымен болған жағдаймен және проблемалы мінез-құлықпен таныс мұғаліммен (мұғалімдермен)/қызметкерлермен әңгімелесу. Әңгімелесетін мұғалім/қызметкердің саны бірден көп болған кезде әр бір мұғаліммен жеке әңгімелесу және 2-қадамды орындау қажет: Әр бір сұрастырылған мұғалім/қызметкер үшін жеке сұхбат үлгілері.<br>• Тәуекел тобындағы/ жоғары тәуекел тобындағы мінез-құлқы проблемалы оқушымен әңгімелесу. Оқиғаға немесе проблемалы мінез-құлыққа қатысты оқушы саны бірден көп болған жағдайда әр бір баламен жеке әңгімелесу қажет. 3-қадамды орындаңыз: Әрбір сұралған оқушыға арналған жеке әңгімелесу үлгісі.<br>• Оқушының ата-анасымен әңгімелесу |
| **1-ҚАДАМ: ЖАЛПЫ АҚПАРАТ** |
| Күні: |
| Оқушының аты: |
| Жынысы: ______ ер ______ әйел Жасы: |
| Сыныбы: |
| Бағалау жүргізетін адам: |
| **2-ҚАДАМ: МҰҒАЛІМДЕРМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУ** |
| Оқушыны білетін, жағдаймен және проблемалы мінез-құлқымен таныс мұғалімді (мұғалімдерді)/қызметкерлерді анықтап, олармен әңгімелесу. Әңгімелесетін мұғалім/қызметкердің саны бірден көп болған жағдайда әр бір мұғаліммен жеке әңгімелесу және 2-қадамды орындау қажет: Әр бір сұрастырылған мұғалім/қызметкер үшін жеке сұхбат үлгілері. Осы үлгілерге мұғалімнің айтқандарына сәйкес толық жазба түсіру қажет. |
| Кіріспе: ____________ мінез-құлыққа байланысты алаңдаушылық айтылды, атап айтқанда _______________________. Біз кейін қолдануға болатын әсер ету түрлерін әзірлеу және ұсыну үшін мінез-құлықтың ықтимал себептерін анықтау мақсатында ақпарат жинаймыз. |
| **МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ СИПАТТАУ** |
| Нақты қандай жағдайда және қандай шарттар бойынша сіз проблемалы мінез-құлық туралы байқайсыз? |
| Проблемалы мінез-құлық БАЙҚАЛМАЙТЫН жағдайлар, шарттар немесе жағдаяттар бар ма? |

| |
|---|
| Проблемалы мінез-құлық көрінісінің жиілігін, дүркінділігін және ұзақтығын сипаттай аласыз ба? |
| Проблемалы мінез-құлық жағдайларына кімдер қатысады? |
| Баланың проблемалы мінез-құлқының кесірінен басқа оқушылар психикалық және/немесе физикалық тұрғыда жәбір көрді ме? (Сипаттау қажет) |
| **ПРОБЛЕМАЛЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫН НЕМЕСЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІН СИПАТТАУ** |

| Проблемалы мінез-құлық көрінісінің уақыты | Уақыт бойынша проблемалы мінез-құлықпен сәйкес келетін оқиғалар | Проблемалы мінез-құлықтың нақты сипаттамасы | Проблемалы мінез-құлықтың ықтималдығы | Қиындық кімнің басынан өтіп жатыр? |
|---|---|---|---|---|
| | | | Төмен Жоғары<br>1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |
| | | | 1 2 3 4 5 6 | |

| **ПРОБЛЕМАЛЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫН НЕМЕСЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІН ҚОСУ** |
|---|
| Сіздің ойыңызша проблемалы мінез-құлыққа қандай жағдайлар ықпал етеді? (мысалы, қиын тапсырмалар, өтпелі кезең, шағын топтардағы жағдай, мұғалімнің талаптары, жекелеген адамдар және т.б.) |
| Проблемалы мінез-құлықтың ең жоғары ықтимал жағдайы қашан байқалады? (күннің мезгілі және апта күндері) |
| Проблемалы мінез-құлықтың ең төмен ықтимал жағдайы қашан байқалады? (күннің мезгілі және апта күндері) |
| Проблемалы мінез-құлықты ауырлататын ерекше жағдайлар, оқиғалар немесе іс-әрекеттер бар ма? (мысалы, дәрі-дәрмекті ретімен ішпеу, оқу үлгерімінің төмен болуы, үйдегі жанжал, дұрыс тамақтанбау, ұйқысы қанбау, қатарластарымен болатын қиындықтар және т.б.) |
| **САЛДАРДЫ СИПАТТАУ** |
| Проблемалы мінез-құлықтан кейін әдетте қандай жағдайлар болады? (мысалы, мұғалім қалай қабылдайды, басқа оқушы қалай қабылдайды, оқушы директорға бара ма, оқушы жұмыстан қаша ма, оқушы бедлі үшін күрескеқатыса ма және т.б.). |

| ОҚУШЫНЫҢ КҮШТІ ЖАҚТАРЫН СИПАТТАУ |
|---|
| Оқушының қай бағытта үлгерімі жақсы немесе оның күшті жақтары қандай? |
| ------- Сұхбатттың соңы ---------- |
| **3-ҚАДАМ: ОҚУШЫЛАРМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУ** |
| Тәуекел тобындағы/ жоғары тәуекел тобындағы мінез-құлқы проблемалы оқушымен әңгімелесу. Оқиғаға немесе проблемалы мінез-құлыққа қатысты оқушы саны бірден көп болған жағдайда әр бір баламен жеке әңгімелесу қажет. 3-қадамды орындаңыз: Әрбір сұралған оқушыға арналған жеке әңгімелесу үлгісі. Осы үлгілерде оқушының айтқандарына сәйкес толық жазба түсіріңіз. |
| Кіріспе: Біз сыныпта және сыныптан тыс не болып жатқанын жақсырақ түсіну үшін ақпарат жинаймыз. Біз оқушылар мен мұғалімдердің пікірлерін білгіміз және ескергіміз келеді. Бізге нақты жағдайды білу үшін сіздің көмегіңіз қажет. Мүмкіндігінше, бірнеше сұраққа шынайы жауап беріңіз. |
| Сен мектептен тыс болатын қандай да бір жағдай оқушының сабағына және сыныпта өзін ұстауына әсер етеді деп санайсың ба? Қалай (мысал келтір)? |
| Бұл сен үшін дұрыс па? Сенің өміріңде мектептен тыс не болып жатыр, саған мектепте не әсер етеді? |
| Сен біреу немесе мектепте болып жатқан бір нәрсе оқушылардың көпшілігін мазасыздандырады деп санайсың ба? |
| Мектепте бірдеңе жасағаның үшін жақында сені біреу жазалады ма немесе ескерту айтты ма? (түсіндір). |
| (белгілі бір проблемалы мінез-құлықты көрсету қажет) туралы не айтасың? Сен өзіңді соңғы рет солай ұстаған кезде немесе басқа кездері не болды? Тура осындай қылығыңның алдында бірдеңе болды ма немесе сені өзіңді осылай ұстауға не мәжбүрледі? |
| Мұндай қиындықтың туындау ықтималдығын қандай жағдайлар арттыра түседі? (мысалы, қиын тапсырмалар/іс-әрекет, өзгерсітер, іс-шаралар, шағын топтардағы жағдай, мұғалімнің талаптары, жекелеген адамдар және т.б.) |
| Бұларға (белгілі бір зат, мұғалім, оқушы, жағдай) қатысты сен не сезінесің? |
| Қалай ойлайсың, Саған қатысты (жеке мұғалім,оқушылар немесе басқа адамдар) не ойлайды? |
| Сенен не күтсе, дәл солай жасаған кезінде не болады? Не болуға тиіс? |
| Мұндай мінез-құлықтың сен үшін қандай салдары болды? Салдар қандай болуға тиіс? |

| |
|---|
| Егер қолыңнан келсе, аулақ болғың келетін мектептегі уақыт пен жағдайды атай аласың ба? |
| Мектептегі өзгерткің келетін кем дегенде бір немесе екі нәрсені ата. |
| Мектептен тыс өзгерткің келетін кем дегенде бір немесе екі нәрсені ата. |
| Өзіңнің бойыңдағы өзгерткің келетін кем дегенде бір немесе екі нәрсені ата. |
| ------- Сұхбатттың соңы ---------- |
| **4-ҚАДАМ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУ** |
| Оқушылардың ата-аналарымен әңгімелесу. Оқиғаға немесе проблемалы мінез-құлыққа қатысты оқушы саны бірден көп болған жағдайда әр бір баланың ата-анасымен жеке әңгімелесу қажет. 4-қадамды орындаңыз: Әрбір сұралған оқушының ата-анасына арналған жеке сұхбат үлгісі. Осы үлгілерде ата-ананың айтқандарына сәйкес толық жазба түсіріңіз. |
| Кіріспе: ______________ мінез-құлыққа байланысты алаңдаушылық айтылды, атап айтқанда ___________________________. Біз кейін қолдануға болатын әсер ету түрлерін әзірлеу және ұсыну үшін мінез-құлықтың ықтимал себептерін анықтау мақсатында ақпарат жинаймыз. |
| Сіз қалай ойлайсыз, мектепте болатын оқиға сіздің балаңыздың мектепте қалай жұмыс істейтініне және оның өзін-өзі ұстауына әсер ете ме? |
| Сіздің балаңыздың өмірінде мектептен тыс не болып жатыр, ол мектепте болған кезде оған не әсер етеді? |
| Балалардың көпшілігіне мектепте болып жатқан белгілі бір жағдайлар немесе біреу әсер етеді деп ойлайсыз ба? Сіз балаңыздың мазасын алатын біреулер немесе белгілі бір оқиғалар туралы білесіз бе? |
| Жақын арада балаңызды проблемалы мінез-құлқы үшін үйде жазаладыңыз ба немесе ескерту айттыңыз ба? Атап айтқанда не (түсіндіріңіз)? |
| (белгілі бір мінез-құлықты көрсету қажет) туралы не айтасыз? Балаңыз өзін соңғы рет солай ұстаған кезде немесе басқа кездері не болды? Ол тура осындай қылық көрсетер алдында не болды немесе оны өзін осылай ұстауға не мәжбүрледі? |
| Балаңызда мұндай қиындықтың туындау ықтималдығын қандай жағдайлар арттыра түседі? (мысалы, қиын тапсырмалар/іс-әрекет, өзгерістер, іс-шаралар, шағын топтардағы жағдай, мұғалімнің талаптары, жекелеген адамдар және т.б.) |
| Бұларға (белгілі бір зат, мұғалім, оқушы, жағдай) қатысты балаңыз не сезінеді? |
| Балаңыз үшін мектептегі өзгерткіңіз келетін кем дегенде бір немесе екі нәрсені атаңыз. |
| Балаңыз үшін мектептен тыс өзгерткіңіз келетін кем дегенде бір немесе екі нәрсені атаңыз. |
| ------- Сұхбатттың соңы ---------- |

## Мәселелерді шешуге арналған кездесу үлгісі

